

У.БАЙҚАБЫЛОВ, Г.НИШАНОВА,
М.ТЕМИРБАЕВА

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жалпы орта білім беретін мектептердің
5-сыныбына арналған оқулық

*Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру
министрлігі баспаға ұсынған*

Үшінші басылымы



ТАШКЕНТ – «О‘ZBEKISTON» – 2020

УҮК 811.512.122(075)

372.881.1

КБК 81.2 Қоз-922

Б19

П і к ір жазғандар :

- Т.А. Тортқулбаева** –Әжінияз атындағы Нәкіс мемлекеттік педагогикалық институты Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының мұғалімі, ф.ғ.д. (PhD);
- А.Ж. Үмбетова** – Ташкент облысы Қыбырай ауданы №9 орта мектептің қазақ тілі және әдебиеті пәннің мұғалімі;
- Х. Совдашева** – Ташкент облысы, Төменгішіршық ауданы №40 орта мектептің қазақ тілі және әдебиеті пәннің мұғалімі.

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

-  –тапсырмалар
-  –ереже
-  –жаттығу
-  –сұрақтар мен тапсырмалар
-  –үй тапсырмасы
-  –деңгейлік тапсырма

**Республикалық мақсатты кітап қоры
қаржылары есебінен басылды.**

ISBN 978-9943-01-734-4

© У. Байқабылов және басқ., 2014, 2015, 2020

© «O'ZBEKISTON», БПШУ, 2014, 2015, 2020

АЛҒЫ СӨЗ

Қымбатты оқушы!

Әлемдегі ең бай тілдердің қатарына енетін қазақ тілі әлеміне қош келдің! Құрметті оқушы! Міне, сен бастауыш сыныптарды аяқтап, орта мектептің алғашқы баспалдағына көтерілдің. Енді сен әрбір пән бойынша ғылым негіздерімен танысасың. Ғылым – өзінді қоршаған дүниені танудың жолы. Тіл – сол ғылымның бір бөлшегі Тілдің басты қызметі – қарым-қатынас құралы болу. Ол халық тарихымен бірге жасап, ұрпақтан ұрпаққа қызмет етіп келеді. Тіл арқылы адамның сөздік қоры байып қана қоймайды, таным көкжиегі кеңейеді, білім-білігі молаяды. Тіл – өзінді танып, дамытудың, сондай-ақ әлемді танудың негізгі құралы.

Қазақ тіл білімі – қазақ тілі туралы, сөз әлемінің құпиясы жайлы ғылым. Мұнда сен сол ғылымның қандай салалары бар екенін, олардың әрқайсысы қандай тілдік құбылыстарды қарастыратынын білесің, өзіңдің күнделікті тіліңде қолданып жүрген сөздеріңнің табиғатын танисың. Бұл, әрине, сенің сөздерді дұрыс, талғаммен жұмсауыңа көмек береді.

5-сыныпта қазақ тілінің тіл дыбыстары туралы «Фонетика» саласынан хабардар боласың. Фонетика – тілдегі дыбыстардың бір-бірінен өзгешелігін, сөйлеудегі ерекшеліктерін ұғындырады. Сауатты жазудың, сауатты сөйлеудің маңыздылығын осы саланы оқу барысында түсінетін боласың. Ойды тіл арқылы, сөзді дыбыстар арқылы жеткіzetінін танисың.

Сондай-ақ, қазақ тілінің ең бай әрі қызықты саласы «Лексикамен» де танысасың. Лексика – сөздердің алуан түрлі мағыналары, шетсіз де шексіз байлығы тура-лы ғылым. Сөздер айтылуы мен мағынасына қарай іштей бірнеше топқа бөлінетінін, бір мағынаны бірнеше сөз тіркестерімен бейнелеп айтуға болатынын түсінесің. Сонымен бірге пунктуация, сөзжасам, іс қағаздары үлгілері мен тіл мәдениеті бөлімдерімен де таныс боласындар.

Қазіргі заман оқушысы ізденімпаз, жан-жақты болуы тиіс. Сондықтан «Қазақ тілі» оқулығынан алған білімінді құнделікті өмірде қолдана білуге, тапсырмаларды шығармашылықпен орындауға тырыс. Оқулықтағы мәтіндер сенің дүниетанымыңды кеңейтуге жол ашса, тапсырмалар құнделікті тұрмыста қазақ тілін дұрыс қолдана білуге машықтандырады. Кейбір тапсырмалар қосымша ізденісті, қазіргі ақпараттық технологияның кең мүмкіндіктерін пайдалануды, шығармашылықпен жұмыс жасауды қажет етеді. Мұның бәрі ана тілінің құдіретін сезіндірумен бірге сенің де тұлға ретінде қалыптасуыңа ықпал ететінін білгейсің. Біз сені ойын ауызаша және жазбаша сауатты жеткізе алатын, ой-өрісі дамыған, туындаған мәселелерді орнымен шеше алатын, шынайы өмірге бейім, жаңашыл ұрпақ болады деп сенеміз. Жас өрен! Сен жаңа ақпараттық-технологиялық заманың өкілісің! Еліміздің өркендеуіне үлес қосатын өрен тұлға екенінді ұмытпа. Өзбекстанды бәсекеге қабілетті елдер қатарына қосатын да сен сияқты тәуелсіз елдің ұландары. Білім жолында сәт сапар тілейміз! Ғылымға басқан қадамың сәтті болсын, жас оқырман!

Авторлар ұжымы

KIPIСПЕ

АНА ТЛІНІҢ ҚЫЗМЕТІ

Ана тілі сол тілде сөйлейтін халықпен бірге өмір сүреді және сол халықтың өкілдері үшін қатынас құралы ретінде қызмет етеді. Тілінен айырылған халық өзіне тән барлық қасиетін жоғалтып, халық болудан қалады. Тіл ана тілі атануы үшін, ол күнделікті өмірде ұдайы қолданыста болуға тиіс.

Тілдің ең негізгі, яғни бірінші қызметі – адамдардың бір-бірімен сөйлесу, бір нәрсе жайында пікір алысу үшін қызмет етуі. Екінші қызметі – адамдардың қоршаған орта жөніндегі өз ойларын тіл арқылы жеткізуі. Үшінші қызметі – адам өзінің бір нәрсе туралы көзқарасын, күйініші мен сүйінішін, жақсы көру, жек көру сезімдерін тіл арқылы білдіруі.

Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі.



1-жаттығу. Мәтінді оқындар.

Тіл – адамның адамдық белгісінің қоры, жұмсайтын каруының бірі. Осы дүниедегі адамдар тілінен айырылып, сөйлеуден қалса, қандай қындық күйге түсер еді?! Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызben сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Жазумен дүниенің бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адаммен сөйлеседі. Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі одан да артық. Сөйлегендеге сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай ке-

рек. Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге, қай сөз қандай орында қалай өзгеріп, қалайша біріне-бірі қисындасып, жалғасатын дағдысын білу керек.

A. Байтұрсынов

 1. Ауызша сөйлеу тілі мен жазба тілдің өзіндік ерекшеліктерінеде деп ойлайсындар?

2. Сөйлеуге, жазуға қойылатын талаптарды автордың қай сөздерінен байқауға болады?

3. Сөздің мағынасы терен, сырты сұлу болу қажеттігі туралы қандай мақал-мәтелдерді білесің?

 **2-жаттығу.** Берілген мәтіннің не жайында айтылғаны туралы ой толғау жасандар.

...Әділіне жүгінсек, адамзаттың адамзат болып қалуына барлық халықтың бәрі қажет. Олардың тілдері мен мәдениеттерінің бәрі қажет. Ал мәдениет пен тіл тек белгілі бір ортада ғана өркен жайып, көсегесін көгерте алады. Мәселен, қазақ тілі әлемдік мәдениеттің бөлінбес бір бөлшегі ретінде тек қазақ топырағында ғана ойдағыдан дами алады.

...Тіл тағдырын тек ақша шешпейді. Тек билік шешпейді. Анасын қадірлемеу қандай хайуандық болса, ана тілі тағдырына енжарлық та адамгершілікке жатпайтын өрескелдік. Бұл отаншылдықпен тікелей байланысты. Елінің тәуелсіздігін ойлайтын адам тілінің кемелденуінен де қолғабысын аямауға тиісті. Шығыстың ежелдегі бір даңышпаны: «Дүниені түзеткің келсе, әуелі өзің түзел, соңан соң балаң мен достарыңды түзе», – деген екен. Егер ана тілі тілімізге шын жанымыз ашитын болса, оны әуелі өзіміз үйреніп, соңан соң балаларымыз берін достарымызға үйреткеніміз абзал.

K. Жұбанов

 Мәтінде айтылған негізгі ойларды анықтандар.

«Тілі жоғалса, халық та жоғалады» деген қанатты сөз туралы өзара пікір алысындар.

Ана тілі жайында айтылған мақал-мәтелдер мен ақын жазушылардың сөздерін жинап, альбом жасандар.



3-жаттығу. Рөлге бөліп оқындар.

Өте ертеде бір қадірлі шешен қария келте дүниеден көз жұмарында қасына ұлын шақырып алып:

Балам, мен ұзамай дүние салам. Әкем қазына қалдырмады деп қамықпа. Ел ішінде қалдырып бара жатқан асыл мұрам бар. Соны іздел тап, қадірле, қастерле, – депті.

Мұны естіген бала әке мұрасын іздеймін деп табанынан таусылып ел кезеді, таба алмайды. Ойы он саққа кеткен бала бір күні ел ішіндегі бір абзал қарияға келеді.

Әкенің сөзі рас, балам. Оның саған қалдырған мұрасы – тіл. Ол шешен адам еді ғой... Бәріміз де сөйлеуді сенің әкенен үйрендік. Тілден қымбат қазына жоқ, – деп аталы сөздің шешуін айтыпты.

Ел аузынан

 Мәтіндегі ойдың негізгі түйіні қай жолдарда берілгенін тауып жазындар.

 Бала әке өситетін бірден түсінбеуі қай сөздің ауыспалы мағынада қолданылғанынан деп есептейсіндер?



4-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқып, негізгі ойды анықтаңдар.

Ана тілі

«Ана!» – десем, ана тілі ойға оралар,
Баладай қуанарсың тойға барап.
Тыңдасаң көне азыздан көркем нақыл,
Олжамда қанжығама байлап алар.

Тере білсек бір-бір ауыз қара өлең,
Неше миллион інжу-маржан шамамен?!

Қанша гүлден қазақ тілі бақшасы,
Қандай дана өлшер қандай бағамен?!

Ерке тіл, еркелеткіш тілім – кенім:
Еркежан, айналайын, күнім менің,

Ақ ботам, қоңыр қозым, алтын айым.
Қанша рет жүрек толқып, сүйінгенің!

Жұпарлы қырда алуан гүлдер таптым,
Өміршең өзіміздің тілден таптым.
Тіл екен жемістісі, жұпарлысы
Аялап халық баққан гүл мен бақтың.

(Мұзафар Әлімбаев)

1. Ана тілінің байлығын көрсетуде ақын қандай тіркестер қолданған?
2. З-шумақтағы сөздерді оқығанда қандай ойға келдіңдер?
3. Ана тілі туралы тағы қандай өлең білесіндер?

ТІЛ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

! Тіл – адам қатынасының аса маңызды құралы. Өйткені адамдар тіл арқылы пікір алысып түсініседі, өзара қарым-қатынас жасайды.

Тіл жоқ жерде адамдар бірлесіп жұмыс істей алмайды, қоғамдық өндірістің қай саласын болса да ұйымдастырып дамытуы мүмкін болмайды.

Тіл қоғамдық ортада туып, қоғаммен бірге өмір сүреді, қоғам үшін қызмет етеді. Тіл қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Адамдар сөйлесу арқылы өзара пікір алысады, бір-біріне ойларын білдіреді.

Сол ой-пікірді айту жолымен білдіру сөйлеу деп аталады.

Сөйлеу тілдегі сөйлемдер арқылы іске асады. Сөйлемдер сөздерден, сөздер буыннан, ал буын дыбыстардан құралады.

Тіл – өзінше қалыптасқан зандары, орнықкан жүйесі бар қоғамдық құбылыс. Тіл жүйесін, зандылықтарын айқындалп зерттейтін, соған орай анықтамалар, ережелер шығаратын қоғамдық ғылымдардың бір түрі тіл ғылымы деп аталады.



5-жаттығу. Мәтінді тыныс белгілерін қойып көшіріп жазыңдар.

Ана тілі – халықтың өткен үрпағын, қазіргі және келешек үрпағын мәңгілік біріктіретін ең сенімді құрал ана тіліміз арқылы ғана біз халқымызды Отанымызды танып білеміз халық рухының сарқылmas бастауда сонда жатыр ел-жүртімымызды тұған жерімізді оның өзен-көлдерін оның бораны мен найзағайын ана тіліміз арқылы ғана қабылданап соларға деген перзенттік маҳаббатымызды ана тіліміз арқылы жеткіземіз.

К.Д. Ушинский.



Әрбір сөйлемнің бірінші сөзі бас әріппен жазылатынын ұмытпаңдар.

Қара әріппен жазылған сөйлемнің мәнін түсіндіріндер.



6-жаттығу. Түркияда оқитын Жазира сіңлісі Елданамен WhatsApp арқылы сөйлесті. Рөлге бөліп оқындар.

Сәлеметсіз бе, әпкетай! Біз жақсы жеттік.

Қалай Түркия ұнады ма?

Әрине, ұнады. Бірақ үйімді, доста-рымды сағынып қалдым.

Мен де сағынып жүрмін. Туган жерге жер жетсе ме? Каникулда барамын. Сау бол, ботақан! Менен бәріне сәлем айт!

Тезірек келіңіз! Ташикенттің қалай құл-пырып кеткенін көресіз! Сау болыңыз!



1. Сұхбатқа неше адам қатысып тұр?
2. Мәтіннен қандай тілдік ерекшелік байқадындар?
3. Қашықта тұратын адамдардың бір-бірімен пікірлесуінің қандай мүмкіндіктері бар?



7-жаттығу. Мәтіндегі ойды түсініп оқындар. Адам өміріндегі тілдің орнын әңгімелендер.

Тіл қаруы – сөз, сөз қаруы – ой. Ақылды ой, алғыр сөз – адамның ең жоғары қасиеті. Мұралардың ең қымбаты – сөз. Сөз күн шалмас қараңғы көңілді шалады, күн жылытпас сүйк көңілді жылытады. Асылы адам да, нәрсе де тозады, жоғалады. Асыл сөз мәңгі жасайды. Жел кірмеске сөз кіреді, жер көтермestі ой көтереді.

(F. Мұстафин)



Тіл туралы 2-3 мақал ойлап жазындар.



8-жаттығу. «Ана тілің – арың бұл» деген сөзді қалай түсінесіндер? Ойынды мәтін түрінде жаз.



9-жаттығу. «Сөз» қай жерде қандай мағынада қолданылып тұрғанын айтындар.

1. Жиналыста Мәулен **сөз** алды.
2. **Сөз** соңында айтарамыз – елдің, халықтың бірлігі.
3. **Сөз** түзеледі, тындаушы, сен де түзел.
4. **Сөз** сүйектен өтеді, таяқ еттен өтеді.
5. **Сөз** құған пәлеге жолығады.
6. Өлең – **сөздің** патшасы, сөз сарасы.
7. Көркем **сөз** – көрікті ойдың жемісі.
8. **Сөз** тасқыны толастар емес.
9. Жақсының соңынан **сөз** ереді.



10-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жазындар. Осы үлгіде өздерін де өлең жазып көріндер.

- Екі көзің не үшін керек?
- ... көру үшін!
- Екі қолың не үшін керек?
- Елге ... үшін!
- Құлақ деген не үшін керек?
- ... тындау үшін!
- Жүрек деген не үшін керек? –
... қыңбау үшін!
- Тіл мен жағың не үшін керек?

- ... айту үшін! – Ал аяғын?..
- Шет те жүрсем, туған жерге ... үшін

(Қадыр Мырза Әлі)

ӨЗБЕК ТІЛІ – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

 1989 жылдың 21 қазан күні өзбек тіліне мемлекеттік тіл статусы берілді. Содан бері тәлім-тәрбие жұмыстары, мәжілістер, іс қағаздары, негізінен, өзбек тілінде жүргізілетін болды.

Егемендік жылдары бұл жұмыстар әрі қарай жалғастырылды. Ұлттық құндылықтарымызды, тарихымызды үйрену үшін кең жол ашылды. Елбасымыз Ш.М. Мирзиёевтің «Білім беру мен тәрбиенің барша буындарын заман талабы негізінде қалыптастыру – бірінші орындағы міндетіміз» туралы айта келе мынадай түйінді пікір жасайды. «Адам тіл болмаса өз ойын екінші біреуге жеткізе алмайды, айта да алмайды, біреудің ойын түсініп, біле алмайтын да еді. Тіл арқылы оқып, білім аламыз, мамандықты игереміз. Откен тарихымыз бен халқымыздың әдет-ғұрыптары, дәстүрлері, т.б. арқылы жетеді, тіл арқылы кейінгі үрпаққа мұра болып қалады».

 **11-жаттығу.** Өлеңді оқып шығындар. Тіл туралы пікірлерінді ортаға салындар.

Туған тілім – тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сыр ойдағы.
Өссе тілім, мен де бірге өсемін,
Ошсе тілім, мен де бірге өшемін!

(Ә. Тәжісібаев)

 **12-жаттығу.** Нақыл сөздерді түсініп оқып, жатқа жазындар.

Ана тілің алпыс тілге татиды. Туған ел – тұғырың,
Ана сүті бой өсіреді, Туған тіл – қыдырың.
Ана тілі ой өсіреді. Тіл мәртебесі – ел мәртебесі.



13-жаттығу. Берілген ақпараттан өздерің үшін ең маңыздысын таңдаң алып, жалғастырыңдар.

Маңызды ақпарат

Өзбек тілі 1989 жылы мемлекеттік мәртебе алды.

Өзбек тілі – Өзбекстанда ғана емес, басқа да елдерде (Ресей, Қазақстан, Қыргызстан, Қытай, Түркия, т.б.) тұратын өзбектердің де ана тілі.



14-жаттығу. Телехабардағы диктор сөзін тындағанда, «Нұрлы жол» газетінде жарияланған мақалаларды оқығанда, біз тілдің қай формасын қабылдаймыз? Ойыңды дәлелде.



15-жаттығу. Қазақ тілі – бай тіл» деген тұжырымды «ПОПС формуласы» бойынша дәлелдеп жазыңдар.

1-сөйлем: «Менің ойымша, ... »

2-сөйлем: «Мен оны былай түсіндіремін: ... »

3-сөйлем: «Оны мынадай деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын: ...»

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім: ...»



16-жаттығу. Жазудың көркемдігі мен түсініктілігі не үшін қажет деп ойлайсыңдар? Жалпы, жазба тілдің қажеттігі неде? Ойланып, өз ойларынды жазыңдар.



17-жаттығу. Мәтінді оқып, онда сипатталған құбылыстарды атаңдар.

Тропиктік аймақ

Глобусқа қараши. Дәл ортасында солтүстік және оңтүстік жарты шарларға бөліп тұрған белдеу сзықты көріп тұрсың ба? Ол – экватор. Ал экватордың жоғарғы және төменгі жағында нұкте-сзықтармен белгіленген тағы екі белдеу бар. Олар – Жердің тропикалық белдеуінің шекарасы. Ең ыстық жер – осы. Онда ормансыз жазықтар – саванна да, қуанңала да бар.





Тропикалық нөсерден кейін саванналар қулап өскен қалың шөптің астында қалады. Мұнда биіктігі кісі бойындағы қатқыл піл шөбі өседі. Әр жерде ағаш та кездеседі.

Ыстық жақта таңғажайып тропикалық ормандар бар. Орман іші қапырық, ыстық. Тебенді тұтасқан қалың ағаш бүркеп тұрғандықтан, онда күндіздің өзінде қараңғы.

Ел аузынан.

?
Мәтін қанша абзацтан тұратынын айтып, әр абзаңтағы айтылған ойға түсінік беріндер.

✳
Такырыпты ашуға негіз болған тірек сөздерді табындар және оларды қатыстырып мәтінді әдеби тілмен әңгімелендер.

?
Осы текстес әңгімені кай пәннен кездестіруге болады?

✳
18-жаттығу. Мәтінді оқып, автордың нені әңгімелегенін айтындар.

Шоқан мен әжесі

Шоқанды аса қызықтырған Жәми ақынның «Ескен-дірнамесі» болды. Ескендір Зұлқарнайын туралы Шығыс елдері аузындағы аңыз әңгімелерімен қатар, Жәми жырлаған дастан да сондай қызықты екен. Жас Ескендірді анасының үлкен данышпан ғалымға беріп оқытқаны Айғаным әжесінің «білім-окуда» деген насиҳат сөзіне

ұштасып жатты. Осыны оқығаннан кейін Шоқан бір күні әжесіне келгенде:

Әже, сіз Жәми ақынның «Ескендірнамасын» оқыған ба едіңіз? – деді.

Қарағым, оны неге сұрадың?

Шоқан жымыспі:

Әже, Ескендірдің шешесі ақылды болған екен. Ескен-дірді ең данышпан ғалымның қолына беріп оқытыпты. Сол оқу-білімнің арқасында бар әлемді билемек болып, үлкен жорық жасапты, – деп Шоқан әжесінің өніне қарады.

Қарағым, ол дастанды мен оқығам. Сен де жақсы түсініпсің.

Білімділік жақсы, мансапқорлық жаман емес пе?!
Ол әлемді аузыма қаратам деген озбырлықтан апатқа ұшырады фой, – деп әжесі сөзін аяқтады.

Шоқан ойланып қалды.

C. Бегалин.

- ?
1. Шоқан мен әжесі әдеби тілдің қай формасында әңгімелесті?
 - 2. Мәтіндегі Шоқан мен әжесі әдеби тілдің көркемдігін танытатын қандай тапқыр сөздерді пайдаланғанын айтып беріңдер.
 - 3. Мәтіндегі автор сөзін бөліп көрсетіндер. Ол қандай мақсатпен қолданылып тұр?
- ⚙️ Мәтіннің түрін (ғылыми мәтін, көркем әдебиет мәтіні немесе ауызекі сөйлеу мәтіні т.б.) ажыратып айтыңдар.

19-жаттығу. Әңгімені оқып, мазмұндандар.

Санасыздың сазайы

Тұғалы жұмыс істемей, ел кезіп жүретін бір жалқау болыпты. Ол бір ауылға келгенде, ығы-жығы жиынның үстінен шығыпты.

Уа, санасыз, кісі қайтыс болып жатқан ауылға келгенде көңіл айтар болар, сен бір онбаған екенсің! – деп көпшілік оны қуып жіберіпті.

Қаңғып келе жатқан жалқау тағы бір топқа таяп келіп:

Әй, тексіз, тойға келгенде құтты болсын айтар болар, сен бір көргенсіз екенсің, – деп оны тағы да қуып тастайды.

Жалқау бір үйге келсе, ерлі зайыптылар ренжісіп отыр екен.

– Уа, қуаныштарың құтты болсын! – дейді жалқау.

– Әй, маубас, ренжісін адамдардың арасына түсіп, татуластырап болар, сен бір есалаң екенсің! – деп қуып шығыпты.

Жалқау дала кезіп келе жатса, екі өгіз сүзісіп жатыр екен.

Жә, жә, тәбелесті қойып, татуласындар! – деп екі өгіздің арасына тұра қалып, өзі соққыға жығылыпты.

Ел аузынан.

Бұл әңгіме сөйлесу тақырыбы мен мазмұнына және ойды жеткізу тәсілдеріне қарай мәтіннің қай түріне жататынын айтындар. Талданып отырған мәтінде әдеби тілге жатпайтын қандай сөздер мен тіркестер барын тауып айтындар.

Мәтіндегі кейіпкердің санасыздығын танытатын сөздерді атандар.

Бұл мәтінді «Шоқан мен әжесі» деген мәтінмен салыстырып, ондағы кейіпкерлердің сөйлеу тіліндегі ерекшеліктерін анықтауға тырысындар.

 **20-жаттығу.** Көшіріп жазындар.

Көзі қарақаттай мөлдіреген ақ лақ тым сүйкімді еді. Ол Сәбитті бір көргеннен оған үйрсек болып алды. Лақ кішкентай иесін танып, еркелей секіре жөнелді. Оған Сәбиттің де мейірімі ерекше. Қазір екеуі өте жақсы дос болып кетті.





Мәтінде берілген сипаттамаға сүйеніп, өз көңіл құйлерінді білдіретін ауызша мәтін құрандар:

- а) лақ саған бір көргеннен ұнады;
- ә) лақ сен ойлағаннан басқаша болды.

Осы екі жағдайға өз дауыс мәнерлерінің сай болуын ескеріндер. Екі жағдайдағы сөздерің қандай көңіл қүйді білдіретінін салыстырып жазындар.



Денгейлік тапсырма. Тіл туралы нақыл сөздермен танысындар. Жұпта бір-біріңмен талқыланадар. «Т қестесін» толтырындар.

Нақыл сөздер	Түсіндірме (комментарий)

- Тіл – достықтың алтын көпірі.
- Тіл – ақылдың өлшемі.
- Әдеп басы – тіл.
- Аузы құлып сандықты тіс ашпаса, тіл ашады.



21-жаттығу. Төмендегі мәтінді оқып, оның тақырыбы мен негізгі ойын анықтанадар.

Сырттан бірен-саран жат сөздер келсе, оны жаншып көшіріп, өз тілінің қалпына түсіріп алған – қазақ. Жат жүрттың шалығы тимесе, жазушылығы тимесе, кәсібі, ғұрпы өзгерілмесе, жалғыз тіл өзгерілді деп айтуға тіпті жол жоқ. Еділден бастап Ертіске дейін, Оралдан бастап Ауғанға шейін қазақта тіл де бір, емле де бір. Қойши, түйеші, биешінің емлесі деген қазақта жоқ нәрсе. Тоқсандағы шалының, тоғыздағы баласының – бәрінің емлесі біреу-ак.

Қазақта жазу-сызу болмаған соң, жалғыз-ақ табиғаттың заңына ерген, сондықтан тілі азбаған. Өзгелер табиғатты зорлап, емлеке таңып, тілін аздырған.

A. Байтұрсынов.



Мәтінге ат қойындар.



Автордың сөзінен қазақ тілінің қандай қасиеті байқалады?



Басқа тілден енген сөздер туралы ғалым қандай ой білдіргенін айтындар.



Басқа тілден еніп, қазақ тілінің табиғатына сай өзгерген сөздерді жазындар.



22-жаттығу. Мәтінді түсініп оқындар. Мәтіндегі негізгі және косымша ақпаратты анықтаңдар.

Қымбат қазына

Ертеде тілге жүйрік, шешен бір қария көз жұмарында ұлына:

– Балам, «әкем кедей болды» деп қамықпа. Менің саған тастаған көп қазынам бар, соны тауып алыш, қадіріне жет, – депті.

Бала кейіннен оны әрі іздейді, бері іздейді, – таба алмайды. Арып-ашып жүріп, ауылдағы абыз ақсақалға мұңын шағыпты. Әлгі дана қарт тыңдал болып:

– Е, балам, әке баласына өтірік айтпас болар, ақтық демін де ақиқатын айтқан еken. Әкең өте шешен адам еді жарықтық. Оның саған қалдырыған мол мұрасы – қасиетті тіл. Бәріміз сөздің дәмін келтіріп сөйлеуді сенің әкеңнен үйренген едік. Дүниеде тілден қымбат, мәңгілік мұра болмақ па, сірә! – деп аталы сөздің жұмбағын шешіп беріпті.

«Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдем-ғұрыптары» кітабынан.



1. Шешен қария баласына қандай қазына қалдырыған?
2. «Тіл – ең қымбат қазына» деген пікірмен келісесіндерме? Дәлелдендер.



23-жаттығу. Амандасу, қоштасу сөздерін орынды пайдаланып, алыстағы туыстарына немесе достарыңа хат жазындар.

Үлгі: *Ассалаума-ғалейкум, ата! Аманбысыз, әже!*
Денсаулықтарыңыз қалай?...



24-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқындар.

Ана тілім

Сенің әрбір тынысыңмен күн кешем,
Сен арқылы тіршілкпен тілдесем.
Ел бетіне қалай тұзу қараймын,
Ана тілім,
Егер сені білмесем.

Ана тілім –
Дана тілім, бақ тілім,
Сенсіз бақыт дүниеден тапты кім?
Сенсің менің қасіретім, шаттығым,
Сенсің менің тазалығым, пәктігім.

Ана тілім –
Алтын ұя, құндағым,
Ақ бесікте әлдиңді тыңдадым.
Сенің жазың, сенің әнің айтарым,
Санам сөніп,
Байлағанша тіл-жағым!

H. Айтов.



Өз ана тілің, оның сөз байлығы туралы ойланып, өз пікірлерінді айтып беріңдер.



25-жаттығу. «Ана тілім – арым, өзбек тілім – бағым» деген тақырыпта шағын шығарма жазындар.



Сынақ тапсырмасы. *Ана тілінің құдіреті мен қызметі жайлыштаптың құрастырыңдар.*

ЖЫЛ БАСЫНДАҒЫ ӨТКЕНДЕРДІ ҚАЙТАЛАУ

ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАРДЫҢ ЕМЛЕСІ

 **26-жаттығу.** Дауысты дыбыстарды тауып, жуан дауыстылардың астын бір, жінішке дауыстылардың астын екі сзындар.

Өзен. Жағалау. Балық. Көпір. Көзілдірік. Шам. Ер. Өнім. Жақсылық. Қияр. Шөп. Арба. Түйе. Бота. Естияр. Бұрғы. Өнерпаз. Кірпіш. Балапан. Көрпе. Аймақ.

 **27-жаттығу.** Төмендегі тыйым сөздерді оқып шығындар. Көп нүктенің орнына тиісті дауысты дыбыстарды қойып, мәтінді көшіріндер.

Тыйым сөздер

Қ...наққа к...тік кес...мен ш...й құйма. Қон...ққа бер...р з...тты с...л қ...лмен берм..... Итт... т...ппе. Қ...йдың үстін...н ...ттама. Қ...занды т...ңкерме.

Н...н д...старқанда т...ңкеріліп ж...тпасын. Дастр...рқанды аш...қ т...стама. Т...нде с...дың бет...н аш...қ қ...йма.

 **28-жаттығу.** Мына сөздердің жуан буындысын бір бөлек, жінішке буындысын бір бөлек көшіріп жазындар.

Әже, ата, ана, әке, бала, қыз, ұл, көке, әпке, сіңлі, нағашы, жиен, ене, бөле, қүйеу, әйел, құда, немере, шөбере, қайын.

 **29-жаттығу.** Сөзжұмбақты шешіндер. Дауысты дыбыстардың айтылуына көңіл боліндер.

1. Гүл аты
2. Қазақстандағы қала аты
3. Өзбекстанның астанасы
4. Өзбекстандағы облыс аты
5. Метро аялдамасының аты

1	A				
2	A		A		Ы
3		A			
4		A	A		
5	A				A



30-жаттығу. Жаңылтпаштарды тауып жазындар, дауысты дыбыстардың астын сыйындар.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қазақ тілінде дауысты дыбыстар көп пе, дауыссыз дыбыстар ма?
2. Дыбыс көп пе, әлде әріп көп пе?
3. Әріптің бәрі неге дыбыс бола алмайды?

КЕЙБІР ДАУЫССЫЗДАРДЫҢ ЖАЗЫЛУЫ



31-жаттығу. Төменде берілген мақалдарды көшіріп жазындар, дауыссыз дыбыстарды тауып, астын сыйып шығындар.

Көре-көре көсем боларсын,
Сөйлей-сөйлей шешен боларсын.
Білгенге маржан,
Білмеске арзан.
Үйрен жақсы әдеттен,
Жириң жаман әдеттен.
Жақсының жақсылығын айт –
Нұры тассын,
Жаманның жамандығын айт –
Құты қашсын.



32-жаттығу. Мына сөздердің бір дыбысын өзгертіп, басқа сөз жасап көріндер.

Ү л г і : бал–тал, кесе–кеше.
Жаз, соқ, бас, күн, қарт, тұз, мол, қаз.



33-жаттығу. Мәтінді оқып шығындар. Дауыссыз дыбыстар сөз жасауда қандай мәнгे ие екенін ұғып алындар.

Ұлыстың ұлы құні айтылған тілектер мен баталар, жасалынатын ырымдардың адам өмірінде орны ерекше. Осы құннің бір ерекшелігі бұл құн көрісүден басталады. Бұрынғылардың ұлыстың ұлы құніне арналған ерекше

амандасуы, ерекше көрісуі, ерекше батасы болған. Мысалы, ұлыстың ұлы күні адам бір-бірімен көріскенде мынадай сөздер айтып, құшақтасып көріспек:

«Амансың ба?
Ұлыс оң болсын,
Ақ мол болсын,
Қайда барсан, жол болсын!»

 **34-жаттығу.** Төменде берілген сөздерді салыстырыңдар. Қ мен жуанғ, қ мен жіңішке ғ екенін біліп алыңдар.

Қара – кәне
Фарыш – егіс

Қалам – кілем
Аға – егеу

 **35-жаттығу.** Тек қана дауыссыз дыбыстар басталатын сөздерді тауып жазыңдар. Олардың бірнешеуіне сөйлем құрандар.

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Дауыссыз дыбыстар қалай жасалады?
2. Дауыссыз дыбыстардың жасалуында қандай дыбыстау мүшелері қатысады?
3. 6 – п, қ – г, қ – ф дыбыстарының бір-бірінен айырмашылығы неде екенін айтыңдар?

БАС ӘРІП ПЕН КІШІ ӘРІПТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

 **36-жаттығу.** Мына сөздердің ішінен кісі аттары мен жер-су аттарын ажыратып жазыңдар.

Шоқан, Көкшетау, Абай, Бекабад, Жызақ, Жамбыл Жабаев, Іле, Сырдария, Алматы, Мырза Ұлықбек, Қаратаяу, Арас төңізі, Арасбай, Қаратай, Балқаш, Ангрен, Шыназ, Шыршық, Тұрап Айдаров, Айбек, Шарбақ, Гүлістан, Зарафшан.



37-жаттығу. Берілген сөздердің бас әріппен жазылатынын бір бөлек жазындар.

дала, дос, көл, қала, ташкент, ағай, ертіс, шарбак, шымған, жаңбыр, зайсан, қазығұрт, әке, құлагер, ақтөс, сарыжайлау, адамдар, кісі.



38-жаттығу. Мәтінді оқып шығындар, бас әріппен жазылуы тиіс сөздерді үлкен әріппен жазындар.

ТҮРКЕШ ҚАЛҚАҰЛЫ

Қазақтың халық ұлы түркеш қалқаұлы қазіргі орал облысында туып өсken. Жас күнінен ол қүйші-домбырашылардан байбақты, баламайсан, байжұма, есжан қүйлерін қызыға тыннады.

Кейіннен түркеш небір тамаша күйлер шығарды. Әділетсіздікке, озбырлыққа қарсы күресті.

Түркеш шығармаларының негізгі арқауы – азаматтықты аңсаған халық образы. Оның «қарабас», «қоныр ала», «салық өлген», «аңшылық», «теріс қақпай», «көніл ашар», «байжұма», «ақсақ құлан» сияқты күйлері бар.

(З. Жанұзақова)



39-жаттығу. Өздерің білетін қала, тау, өзен, ауыл аттарын топтобымен жазындар.



40-жаттығу. Өз сыныбындағы оқушылардың аты-женін алфавит ретімен дәлтеріңе жазып кел.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Бас әріппен жазу не үшін керек?
2. Үй жануарларының аттары қандай әріппен басталып жазылады?
3. Шығармалардың, газет-журналдардың, ән және күйлердің аттары қалай жазылады?

ҚОСАРЛЫ ДЫБЫСТАР

 **41-жаттығу.** Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, жаттығуды көшіріндер.

Екі килогра..., төрт килогра...ы, телегра...а, гра..., он гра...ы, метал...ды әкелу, мета...ы көп, арти...ерия, кило...ва..., килова...ы, ва... .

 **42-жаттығу.** Қосарлы дыбыстары бар сөздерді теріп жазындар. Дыбыстық өзгеріске ұшыраған сөздердің өзгеріске ұшырау себебін түсіндіріндер.

Түсті металдың бағасы қымбат тұрады. Электр энергиясы киловатпен өлшенетінін түсіндірді.

Прогресс – бұл даму дегені. Металды өндіру ауыр жұмыс.

 **43-жаттығу.** Төмендегі сөздерге әр түрлі қосымшалар қосып көріндер. Қандай өзгеріс болғанын айтындар.

Пойыз, зауыт, грамм, металл.

Ү л ғ і : пойыз 

-ға
-бен
-дың

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

- Сөз соңында кездесетін қосарлы дыбыстар көбірек қандай сөздерде кездеседі?
- Аттың, Саматта, парақта, тарақта деген сөздерде қайсы дыбыстар қосарланып кездеседі?

БҰЫН

 **44-жаттығу.** Өлеңді көшіріп жазып, дауысты дыбыстардың астын сыйып шығындар.

Бәрінен, Отан, сен қымбат!

Алтын бесік секілді,
Түшп өскен жер қымбат.
Ақыл, сезім, ой, сана,
Адалдық, достық, ар қымбат.

Адамзатқа дүниеде,
Өмір-ая десем, ең қымбат.
Дарқан тірлік мекенім,
Бәрінен, Отан, сен қымбат!

(Д. Әбілов)



45-жаттығу. Төмендегі сөздерді буынға бөліп жазыңдар.

Қала, қаламсап, әже, әке, бәкі, бәсеке, бәтеңке, әдебиет, әділет, әйнек, әтеш, көктем, табиғат, ұршық, ұйық, тұйық, бүркіт, бұлдірген, құміс, бұлбұл, өлке, өспірім, экран, қора, өнер, ғалым.



46-жаттығу. Өздеріңмен бір сыныпта оқитын достарыңың есімдерін буынға бөліп жазыңдар.



47-жаттығу. Жұмбақтарды буынға бөліп жазыңдар. Шешуін табыңдар.

1. Таңертен төрт аяқты,
Түсте екі аяқты,
Кешке үш аяқты.
2. Қаудыр-қаудыр жарғағым,
Қартайғанша тозбайды.
3. Ұзын құйрық сауысқан,
Бір көлдің суын тауысқан.
4. Кілемнің түрлеріндегі жұндері бар.
Айбаты жан шыдамас ұндері бар.
Шаршы бой, сұлу құйрық, қысқа құлақ.
Келетін зиян қылып бір жері бар.

(Шешүі : жолбарыс, қауға, құлақ, адамның бала кезі, жаса кезі, қартайған уақыты)



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Буын дегеніміз не?
2. Сөздердегі буын саны неге байланысты болады?

СӨЗ ҚҰРАМЫ



48-жаттығу. Мына сөздерді көшіріп жазып, салыстырып оқындар.

Түбір сөз	Қосымшалы сөз
Етік, мал, бас, көк, су, аң, ана, әже.	Етікші, малшы, басшы, көкшіл, сушы, аңшы, аналар, әжелер



49-жаттығу. Әуелі түбір сөздерді, сонан соң қосымшалы сөздерді көшіріп жазындар.

Жарқыраған ашық күн болатын. Төңірек құлаққа үрған танадай, тып-тыныш. Тау, тас, өсімдіктің бәрі аңшының қимылын бағып, үнсіз тынып қалған тәрізді. Осы кезде тынық ауаны шыр ете қалған құс даусы бұзды. Аңшы мылтығын қозғамастан, мойнын екі жағына кезек бұрды. Бірақ қапелімде ештеңе көре алмады.

(Ә. Нұршайықов)



50-жаттығу. Мына сөздерге тиісті қосымшаларын жалғап көшіріп жазындар.

Ән-шы	Біл-қыш
Оқу-ші	Айт-ғыш
Аң-шы	Жаз-гіш



51-жаттығу. Берілген сөздердің түбірі мен қосымшасын ажыратып жазындар.

Өзенге, көпірдің, көрме, тарақ, сенгіш, балалық, жолдасқа, достар, өріс, жемісі.



52-жаттығу. Өлеңді оқып, тек түбір сөзді ғана көшіріп жазындар.

Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер,
Қызыл гүлдер, көк гүлдер,
Күн нұрына боялып,
Көрік бердің далаға.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Түбір дегеніміз не ?
2. Қосымшалы сөз дегеніміз не?
3. Ешбір қосымша қоспай сөйлем құрауға бола ма?

ФОНЕТИКА. ГРАФИКА

! Фонетика – тіл дыбыстарының құрылымын зерттейтін сала. Фонетика дыбыстардың жасалу, айтылу, естілу және буын, екпін, үндесу мәселелерін қарастырады.

Фонетика казіргі қазақ тіл білімінің басты саласы болып табылады. Фонетика зерттейтін нысаны жағынан да, қарастыратын мәселесі жағынан да тіл білімінің басқа бөлімдерінен ерекшеленіп отырады.

Қазіргі қазақ тілінің фонетика саласы тілдің дыбыстық құрамын және оның жүйелі заңдарын тексереді. Фонетика гректің «phonetikos» деген сөзінен жасалған. Қазақша дыбыс мағынасын анғартады.

Тіл білімінде фонетика адам тіліндегі дыбыстық тіл объектісін зерттейді. Тіл дыбыстары әрбір тілдің өмір сүруінің тәсілі болып табылады. Фонетика тіл дыбыстары және дыбыс заңдарымен ғана шектеліп қоймайды. Тілдегі дыбыстарды, олардың құрамын, өзгеру заңдылықтарын зерттейді.

Сондықтан да фонетиканың тіл білімінде алатын орны үлкен. Фонетика тіл дыбыстарын және оның заңдылықтарын тексеруде белгілі бір тілдік теориялық қағидаларға сүйенеді. Фонетика жалпы дыбыстардың құрылышын, олардың жіктелу ерекшеліктерін, дауыс қатысын, дыбыстай аппараттарын, екпін, буын қасиеттерін, үндестік заңының өзіндік белгілерінің қыр-сырын үçіле зерттейді. Біз дыбыс дегендеге әрбір қазақ тіліндегі дыбыстарды құрделі түлға ретінде қарастырамыз.

Фонетика (грекше-дыбыстық) – дыбыс туралы ілім, тілдің дыбыс жүйесін зерттейтін тіл білімінің бір саласы. Қазақ тіл білімінің атасы А. Байтұрсынұлы фонетиканы дыбыс жүйесі деп алған.

Дыбыс жүйесі қарастыратын мәселелер – тіл дыбыстардың пайда болуы, олардың түрлері, іштей жіктелуі, сөз ішінде біріне-бірі ықпал етіп, үйлесіп, үндесіп, тіркесіп тұрудың тетігі, буын, екпін, сөйлеу мен жазудың ара қатынасы, орфография, орфоэпия т.б.

 **53-жаттығу.** Төмендегі жұмбақтардың шешуі қай әріп екенін табындар.

1. Энде бар,
Күйде жоқ.
Сәнде бар,
Биде жоқ.


2. Жаңада бар,
Ескіде жоқ.
Танада бар,
Ешкіде жоқ.

3. Жерде жоқ,
Отта бар.
Барда жоқ,
Жоқта бар.

4. Шөлде бар,
Суда жоқ.
Көлде бар,
Буда жоқ.

(«Әріптер әлемінде» кітабынан)

 Төмендегі кластер бойынша берілген тіл қасиеттерін менгеріп ал.



ГРАФИКА ТУРАЛЫ ТУСІНІК



! Графика – гректің *grapho* жазамын, сызымын деген сөзінен шыққан бейнелеу өнерінің бір түрі. Яғни жазық бетте бейнелеу тәсілі. Оған қолмен салынған сурет, сондай-ақ басқа да тәсілдермен (литографиялқ, гравюра, фотолитография және т.б) орындалған суреттердің барлық түрі кіреді. Көне заманнан бері келе жатқан сурет салудың бір құралы – көмір және сангина, ал XVI ғасырдан бастап графит қолданылып келе жатыр. Ол қатты және жұмсақ болып екіге бөлінеді. Графика термині алғашында хат жазу өнері мен каллиграфияда қолданды. Ол өзінің жаңа бағытын XIX ғасыр аяғы мен XX ғасырдың басында кең бастауын алдып, графика дербес жеке өнер ретінде қалыптасты.

Графиканың негізгі ерекшелігі ол – сызық, қағыс (штрих), жиектеу, дақ пен өң болып саналады. Графика суретпен тығыз байланысты болып, кең ауқымды болады және баспа графикасымен ерекшеленді.

Графика – сызба графикасы және гравюра болып бөлінеді. Сызба графикасы бейнелеу өнерінің ішіндегі ең көне және жан-жақты дамыған түрі. Графикалық бейне тек бір түсті ғана емес, сонымен қатар түрлі-түсті де болады. Сызба өнерінде штрих аса маңызды рөл ойнайды. Сызбаның түрлері 1) қондырылған сызба (сурет штамп, лубок); 2) кітап, газет, журнал сызбасы; 3) қолданбалы (грамота, диплом, марка, этикетка, жарнамалар және т.б.)

ТІЛ ДЫБЫСТАРЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

 Тіл дыбыстары сөйлеу мүшелері арқылы жасалады. *Сөйлеу мүшелеріне өкпе, дауыс шымылдығы, ауыз қуысы, мұрын қуысы, тандай, тіл, ерін* жатады. Эр дыбыстың жасалуына сөйлеу мүшелерінің қатысы да әр түрлі. Соған орай тілдегі дыбыстар да әр түрлі болады.

Адамның тілі – дыбыстық тіл. Тіл дыбыстары болмаса, тіл өмір сүре алмайды. Егер сөз дыбыстардың тіркесі түрінде айтылмаса, тіл қатынас құралы да, пікір алысу құралы да бола алмас еді.

Тіл дыбыстары сөз ішінде айтылады. Бір дыбыс әлденеше сөздің құрамында қайталанып қолданыла береді. Ол үш түрлі сипатта болады. Біріншісі – оның сапалық сипаты. Мысалы: *тас, жас, қас*. Бұл сөздердегі дыбыстардың саны бірдей, бірақ бір дыбыс өзгеше болғандықтан, мұндағы сөздердің мағынасы да әр түрлі болып келеді. Екіншісі – сандық сипаты. Мысалы: *бала, ала, ал*.

Бұл сөздердегі дыбыстар саны әр түрлі, мағыналары да түрліше. Үшінші сипаты – орын тәртібінде. Мысалы: *тас-сат, қас-сақ*. Бұл жерде дыбыстардың орны өзгергендіктен мағынасы да өзгерді.



54-жаттығу. Төмендегі сөздердің дыбыстарын мүмкіндігінше өзгерте отырып, жаңа сөз жасандар.

Сал, жұт, тас, тық, қаш, жан.



55-жаттығу. Төмендегі сөздердің дыбыс санын көбейту арқылы мағынасы басқа-басқа сөздер жасандар.

Ал, ат, у, ыс, ас.



56-жаттығу. Метаграммаларды шешіндер. Жауаптарындағы сөз мағыналары неліктен өзгерді?

Егер *m*-дан тастасаң –
Биіктердің биігі.
Егер *d*-дан бастасаң –
Қыындардың қыны.
Екеуін де алып тастасаң,
Балықшының бұйымы.

(..., ..., ...)

Егер *b*-дан бастасаң –
Тұтіндей боп көшесін.
Егер *n*-дан бастасаң –
Жап-жасыл боп өсемін.
Жеке өзімді тастасаң –
Ішкен жанға кеселмін.

(.., .., .)

G-ден баста, мен кілең
Ажарымын өмірдің.
K-ден баста, енді мен
Қалдығымын көмірдің.

(..., ...)

K-ден егер бастасаң –
Шомыласың суына.

*Ш-дан егер бастасаң –
Жазда аунайсың құмына.*

(..., ...)
(«Әріншер әлемінде» кітабынан.)



57-жаттығу. Төменде берілген сөздерді бір-бірімен байланыстырып сейлем құрастырындар.

1. Ауыл, туған, келді, көктем, кіріп.
2. Дала, жұмыс, басталды, қызу.
3. Оянды, қайта, табиғат.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сөйлеу мүшелеріне нелер жатады?
2. Адамның тілі қандай тіл?
3. Тіл дыбыстарының неше түрлі сипаты бар екендігін айтып беріңдер.

ДЫБЫСТАУ МУШЕЛЕРІ


I Тіл дыбыстары дыбыстау мүшелері арқылы жасалады. Тіл дыбыстары өкпедегі ауаның сыртқа шығынан жасалады. Дыбыстау мүшелерінің жиынтығы сөйлеу аппараты деп аталады (аппарат – мүше деңен сөз). Қазақ тіліндегі дыбыстау мүшелері, негізінен мыналар: өкпе, тамақ, көмей, дауыс шымылдығы, тамақ қуысы, ауыз қуысы, мұрын қуысы, тіл, таңдай, ерін, тіс т.б.

Дыбыстау мүшелері ауа жүретін каналдың бойына орналасқан. Дыбыстау мүшелері дыбыс шығару қасиетіне қарай негізінен үш топқа бөлінеді:

Тыныс мүшелері.

Тамақ мүшелері.

Куыс мүшелері.



 **58-жаттығу.** Мәтінді оқып, мазмұнын түсініп алыңдар. Дыбыстау мүшелерінің айтылу ережелеріне назар аударыңдар.



Жұзім – өте пайдалы жеміс. Жұзім өсіру біздің заманымызға дейінгі 5 мың жылдықта басталған. Көп өсірілетін аймағы – Кіші Азия. Жұзімнің шамамен он мыңдай түрі кездеседі. Піскен жұзімнің 100 граммында 60 калория бар. Жұзімнің құрамындағы дәрумендер миға өте пайдалы. Түстен кейін қос уыс жұзім немесе жұзімнің бір кесе таза сығынды шырынын ішүүденеге де, ми жасушаларына да өте пайдалы. Калория түрфысынан бір килограмм жұзім 1150 грамм сүт, 390 грамм ет, 300 граммнан мен 1200 грамм картопқа тең. Жұзім адамның иммунитетін күштейтеді, жүйкені тыныштандырып, теріні жақсартса түседі. Жұзім – өте пайдалы жеміс.

(«Балалар әлемі» журналы)

-  1. Жұзімнің жұз грамында қанша калория бар?
- 2. Жұзім шырынының қандай пайдасы бар?
- 3. Бір килограмм жұзім калориясы қанша азық-түлікке тең?
- 4. Тағы қандай жемістерді білесіндер?
- 5. Олардың қандай пайдасы бар?

 Жұзім құрамындағы дәрумендер мен олардың адам ағзасына пайдасын анықтап, кестеге жазыңдар.

Жұзімнің құрамындағы дәрумендер	Адам ағзасына пайдасы

 **59-жаттығу.** Кестелердегі дұрыс жауаптарды белгілеп, 5-бағанды өздерің толтырындар. Дыбыстай мүшелеріне сәйкес ауызша айтып көріндер.

Жыл мезгіліне байланысты киім турлері	Қысқы киім қандай болуға тиіс?	Жазғы киім қандай матадан тігіледі?	Сырт киімді неге байланысты кио керек?	Саған қандай киім үнайды?
Қысқы Жазғы Қызық Әдемі	Ашық Қолайлы Жылы Суық	Қымбат матадан Оңай жуылатын Женіл матадан Жұннен тоқылған	Үйдегі ауа райына байланысты Даладағы ауа райына байланысты Адамдарға байланысты	

Киім киген денені ескеру керек?	Күнделікті киімді қайда киеді?	Сәнді киімді қандай матадан тігеді?	Ресми орындарға қандай киіммен барған жөн?	Өзің қалай киінесін?
Өз тұлғасының ерек-шешілтерін Жас ерекшелігін	Мектепке, көрмеге, т.б. барғанда Тойға барғанда Сапарға шыққанда	Қалың матадан Қымбат, әдемі матадан Жұқа матадан	Шолақ шалбармен Костюммен	

 «Қалай киінген дұрыс?» деген тақырыпта бірінші топ «Әрдайым сәннен қалмауға тырысу керек» деген ұстаным бойынша, екінші топ «Сән маңызды емес, бастысы, киім қонымды болу керек» деген ұстаным бойынша ой талқы ұйымдастырындар.

«Адам көркі – шүберек» деген тақырыпта жарнама жазындар. Құрастырган жарнамаларынан дыбыстай мүшелерінің түрлерін көрсетіндер.



Мәтінді оқындар. Ондағы саяхатқа шығу ережелерін өз білестіндеріңмен толықтырындар.

Саяхатқа шығу ережелері



Асыға күткен саяхатқа да жеттік. Балалар ата-анасымен не құрбыларымен демалыс орындарына жол тартады, әдемі жерлерді қоруге саяхатқа шығады. Басқа қалаға барып, бөтен адамдармен танысып, жаңа достар табады.

Жорық немесе саяхат кезінде қауіпсіздікті сақтау ережелерін естен шығаруға болмайды. Мысалы: топпен жүру; тәртіп сақтау; аса жылдам жүрмеу; бір-біріне көмек беру; жетекшінің рұқсатының жолды қысқартпау; ең қауіпсіз жолды таңдау; ағысы қатты жерге суға түспеу; балдырлары бар, лай жерге түспеу; шөпте жалаң аяқ не ашық аяқ киіммен жүрмеу; биік таулы аймақта күннен қорғайтын көзілдірік киу; өзеннен өту тәртібін бұзбау; жолқапшықты дұрыс жабдықтау; кураған шөбі бар жерге от жақпау; жан-жаққа қоқыс тастамау; саяхат аяқталғаннан кейін жағылған алауды өшіру сияқты.

Бұл – жалпы ережелер. Белсенді туризмнің әр жеке түрінің жорық сипатына қарай қауіпсіздік ережелері, талаптары мен нұсқаулары әр түрлі болады. Белгілі бір туристік саяхат түрін таңдаған кезде арнайы дайындық жүргізіп, қауіпсіздікті қамтамасыз ету керек. Жорық кезінде

осындағы қауіпсіздік ережелерін сақтамау немесе оларды білмеу көбіне қайылы жағдайлар мен жарақаттарға әкеледі. Сондықтан ең бірінші мақсат – жорықты дұрыс үйымдастыру.

1. Саяхатқа жиі шығасындар ма? Саяхатқа кіммен шыққанды ұнатастындар?

2. Саяхатқа шыққанда ұстанатын қауіпсіздік ережелерін біле-сіндер ме?

3. Ережелер бұзылған жағдайда қандай әрекет жасаған болар едіндер?

Арнайы дереккөздерді пайдалана отырып, «Т қестесін» тол-тырындар.

Суга шомылу кезіндегі қауіпсіздік ережелері	Өртке қарсы қауіпсіздік және алау жаңындағы сақтық шаралары

Денгейлік тапсырмалар:

- «Саяхатта сақ болайық» тақырыбында туристік саяхатшылар туралы шағын әңгіме жазындар.
- Жұптасып, саяхатқа шыққандағы қауіпсіздік ережелері туралы сұхбат құрастырындар.
- «Саяхат» сөзжұмбағын шешіндер.

СӨЗЖҰМБАҚ

1.					C				
2.					A				
3.									Я
4.					X				
5.					A				
6.					T				

- Елорда.
- Қазақстандық саяхатшы.
- Колумб туған ел.
- Қазақтың тұңғыш фалымы, саяхатшысы.
- Әсем қала.
- Жетісу дағы тау.

ҚАЗАҚ ӘЛІПБИ

 Қазақ тілінің әліпбіндегі 42 әріп бар. Олар: а, ә, б, в, ғ, ғ, д, е, ё, ж, з, и, й, к, қ, л, м, н, ң, о, ө, п, р, с, т, у, ұ, ү, ф, х, һ, ч, ң, ш, щ, ь, ы, і, ъ, э, ю, я.

Әліпбидегі 37 дыбыс бар. Дыбыс еместер: ь, ъ және ё, ю, я қосарлы дыбыстары.

Қазақ тіліне тән 9 әріп: ә, ө, ұ, ү, і, қ, ғ, ң, һ.

Дыбыстар өкпеден шыққан ауаның шығуына қарай дауысты дыбыс және дауыссыз дыбыс болып бөлінеді. **Әліпби** сөзі араб алфавитінің алғашқы екі әрпі – **алиф** пен **би** атауларының бірігуінен жасалған. Әліпби жазуда қолданылатын әріптердің рет тәртібі дегенді білдіреді.

Қазақ халқының жазу-сызыуына Қазақстанға мұсылман дінінің, ислам мәдениетінің таралуына қатысты араб әліпбі негіз болды. Алайда, қоғамда әр түрлі саяси-элеуметтік өзгерістерге байланысты қазақ халқы араб әліпбінен 1929 жылы латынға, ал 1940 жылдан бастап орыс әліпбіне көшті.

Әліпбидегі көрсетілген таңбалар – әріптер. **Әріп – дыбыстың жазудағы таңбасы.** Әліпбидегі әріптер белгілі бір тәртіппен орналасады. Түрлі сөздіктерді пайдалану үшін, әліпбидегі әріптердің орын тәртібін жақсы білу керек, сонда сөздіктен керек сөзді тез тауып алуға болады.



60-жаттығу. Мына сөздерді әліпби тәртібімен тізіп жазындар.

Көлбака, шілдехана, астық, әлеумет, ғарыш, қауіп, мінбе, риза, оттық, абырой, тыйым, фельетон, электр, асық, ділмар, қайнаға, дүрбі, бояу, әңгіме, газдандыру, шөп, ірімшік, іңкәр, шаш, эфир, юбилей, эмблема, ілтипат, ыза, ықтимал.



61-жаттығу. Төмендегі сөздердің мағыналарын анықтап, оларды әліпби ретімен көшіріп жазындар.

Құс, қалам, қалақ, пышақ, портрет, адам, орындық, көше, жаға, көмір, бидай, радио, шахта, латын, сандық, тәртіп, үшқыш, қантар, киім, зерек, сәрсенбі, дүйсенбі, есімдік, бүкіл, үкі.



62-жаттығу. Өздерінің сыныптарыңдағы достарыңның есімдерін жазып алындар, сонан соң оларды әліпби ретімен орналастырындар.

ҚАЗАҚ ӘЛІПБИНДЕГІ ӘРІПТЕРДІҢ ЖАЗЫЛУЫ



Орыс әліпбіне негізделген казақ әліпбіндегі казақ тіліне тән дыбыстарды белгілейтін 9 әріп бар (*ә, ғ, қ, ң, ө, ұ, ү, ң, і*). Қалғандары – орыс тілі мен қазақ тіліне ортақ әріптер.

Әліпбидегі әріптердің баспахана ісіне бейімделген баспа түрі және қолмен жазу құралдарына бейімделген жазба түрі бар. Әліпбидегі әріптердің бас әріптері және кіші әріптері бар.

Қазақ жазуында бас әріппен жазу латын әліпбіне көшкеннен кейін бастап пайда болды.

Бас әріпті қолдану кісі аттары мен жер-су атаяларын, газет-журнал, кітап аттарын басқа сөздерден тез ажыратуға, сөйлем мағынасын тез түсінуге және қысқарған сөздерді (АҚШ, БҰҰ, ӨЗА, ТОШМПИ) белгілеуге өте қолайлыш болды.



63-жаттығу. Мәтіндердегі бас әріппен жазылуға тиісті сөздерді бас әріппен жазу арқылы көшіріндер.

Достық туралы

Ертеректе ел ішінде әйтімбет деген сөзге шешен кісі болыпты. бір отырыста әйтімбет шешенге замандастары:

- достық нешеу? – деп сұрақ қояды.
сонда әйтімбет тұрып:
- достықтың екі түрі болады: бірі – адал достық та, екіншісі – амал достық, – депті.
- дұрыс-ақ, енді оларды қалай ажыратта аламыз? – де-гендерге:
– адал достық өмірлік нұсқа болады, амал достықтың өрісі қысқа болады, – деп жауап берген екен әйтімбет.

Ақылды әйелдің айласы

Ертеде бір кедейдің үйі, көлігі болмай, жайлауға көшे алмай, жалғыз үй отырады. бір күні кедейдің әйелі жалғыз өзі үйде қалады. жалғыз үйге ұрылар жақындаپ келіп тың тыңдайды. оны сезіп қалған әйел қазан толы қара суды шөмішпен сапырып-сапырып, дауысын көтеріп:

– әй, сапырып-сапырып сарманға құй, қоюынан құрманға құй. атқа кеткен алтауына құй, бұрыштағы бесеуіне құй. өзің іш, маған да құй, – дейді самбырлап. мұны естіген ұрылар: «бұл үйде көп адам бар екен», – деп, жөніне кетіпті де, кедейдің әйелі ақыл-айласымен ұрылардан оңай құтылыпты.

(Ел аузынан)



64-жаттығу. Оқып түсінгендерінді айтындар.

Әліпби деген – тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жиынтығы. Негұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арнаған дыбысқа дәл келсе, оқуға, жазуға жеңіл болса, үйретуге оңай болса, заманындағы өнер құралдарына орнатуға қолайлы болса, соғұрлым әліпби жақсы болмақшы.

(А. Байтұрсынов)

ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ

! **Өкпеден шыққан ауа ауыз қуысында кедергіге ұшырамай, еркін шығуынан пайда болған дыбыстар дауысты дыбыстар деп аталады.**

Қазақ тілінде 12 дауысты дыбыс бар. Оның ішінде қазақ тілінің төл дауысты дыбысы – 9. Олар: *a, ə, e, o, ο, ү, ұ, ы, i*. Ал орыс тілінен енген сөздерде кездесетін дауысты дыбыс саны – 3. Олар: *и, у, э*.

Ескерту: қазақтың төл сөзінде кездесетін «и, у» әріптері *«ii, ый»*, *«үү, үү»* қосарлы дыбыстарының таңбасы болып табылады. М ы с а л ы : *қү, қи (құу, қый)*.

Дауысты дыбыс қызметінде жұмсалатын әріптер: *ё, ю, я* себебі бұл үш әріп – *«йо, йу, йа»* қосарлы дыбыстарының таңбасы.

Дауысты дыбыс буын жасауға қатысады. Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады. М ы - с а л ы : *«балық»* сөзінде екі буын бар (ба-лық), себебі бұл сөзде екі дауысты дыбыс (*а, ы*) бар.

Дауысты дыбысқа сөз екпіні түседі. Сөз екпіні көбіне сөздің соңғы буындағы дауысты дыбысқа түседі.



65-жаттығу. Мәтінді оқып шығындар. Қарамен жазылған сөздердегі дауысты дыбыстарды атап өтіндер.

Көрі әже қундегі **машиғы** бойынша бесік **жырын** айтады. Өте бір өзгеше, ескі жыр. **Абайдың** өз әжесінен басқа ешкімнен **естімелеген** жыры. **Кішкентай** қунінде Абай өзі де кеш сайын осы **жырдың** тербеуімен **ұйықтайдын**. Сол **қундерден** бір ырғағы ауыспаған, бір сөзі де өзгермеген, ана **жүрегіндей** айнымас жыр.

(M. Эуезов)



66-жаттығу. Жұмбактарды оқып, олардың шешуін табындар. Қарамен жазылған сөздерде қанша дауысты дыбыс бар екенін айтындар.

1. **Тілі бар, үні жок,**
Өзін адам түсінген.
Жүрегі бар да, **қаны** жоқ,
Сөйлем **тұрған** ішінен.
Шеши: *kītan, қайың*.

2. **Ақ көйлекті,** көк желек,
Орманда орны бір бөлек,
Әннің аты деседі,
Сызды жерде **өседі**.



67-жаттығу. Мына сөздерді қатыстырып сөйлем күрастырындар. Дауысты дыбыстардың астын сызып шығындар.

- Алма. Алматы. Әлия. Доп. Ұя. Үкі. Бүркіт. Көпір.
- 
- 68-жаттығу.** Метаграммаларды оқып шығындар. Оларды шешіндер. Дауысты дыбыстардың астын сызындар.

1. Бір адам шаттанса,
Мен оған бауырмын.
«Б»-ны «У»-ға ауыстырса,
Өлшеммін, дәуірмін.

(Бақыт-Уақыт)

2. Бір құлаштай матамын,
Жуынғанда аласың.
Алғы әріпті өшірсөң,
Ең әдепті боласың.

(Сулгі-Үлгі)



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Дауысты дыбыстар қалай жасалады?
2. Дауысты дыбыстар жұп-жұбымен қалай бөлінеді?
3. Дауысты дыбыстарды жатқа айтып беріндер.

ЖУАН ЖӘНЕ ЖІҢШКЕ ДАУЫСТЫЛАР



1 Дауысты дыбыстар тілдің қатысына қарай жуан және жіңшікке дауыстылар болып екі топқа бөлінеді.

Жуан дауыстыларды айтқанда, тілдің ұшы кейін қарай тартылады да үсті сәл көтеріледі. Осы себептен жуан дауыстылар кейде тіл арты дауыстылары деп те аталады.

Жуан дауыстылар мыналар: *a, o, ұ, ы, (y)*.

Жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда тіл ұшы сәл ілгері қарай созылады да, үсті сәл төмендейді. Осы себептен жіңішке дауыстылар кейде тіл алды дауыстылары деп те аталады.

Жіңішке дауыстылар мыналар: *ə, e, ү, i, ө, ى (y)*.

У дыбысы кейде жуан, кейде жіңішке айтылады. Мысалы: *жазу, ұшу, жиналу* дегендерде у дыбысы жуан айттылады; *теру, төгу, келісу* дегендердегі у дыбысы жіңішке айттылады. Бұл дыбыстың (*y*) жуан я жіңішке айтылуы сез құрамындағы басқа дауысты дыбыстардың жуан немесе жіңішке болуына байланысты.

«*У*» әрпі дауысты дыбыс болса, ол жуан, әрі жіңішке дауысты дыбыс қызметін атқарады. Оны былай ажыратуға болады: егер сөздегі «*у*»-дан басқа дауыстылар жуан болса (туралы, бұру), «*у*» дыбысы жуан оқылады, ал «*у*»-дан басқа дауыстылар жіңішке болса (білу), «*у*» дыбыс жіңішке оқылады.

«*У*» әрпі дауыссыз дыбыс та болады. Бұл әріп екі дауысты дыбыстың ортасында (ая, қауын), дауысты дыбыстан кейін (сая, жеу) немесе дауысты дыбыстан бұрын (уық, уілде) келіп, үнді дауыссыз дыбыстың қызметінде жұмсалады.



69-жаттығу. Сөздерді оқындар. Жуан дауысты дыбысы бар сөздерді бір бөлек, жіңішке дауысты дыбысы бар сөздерді бір бөлек көшіріндер.

Қайық, құрлық, кендір, ауыздық, өндіріс, тұзак, тілу, туыс, үкі, ұйқы, өткір, бөлдіру, орман, теңіз, тулкі, қасқыр, қырман, жеміс, жуғыш.



70-жаттығу. Төмендегі мақал-мәтелдерден жуан дауысты дыбысы бар сөздерді бір қатарға, жіңішке дауысты дыбысы бар сөздерді екінші қатарға бөліп жазындар.

Үлгі: *Ama, отан, Күн, көз,*

Атаңның ғана ұлы болма, Отанның да ұлы бол. Күн көзі түспесе, алма да піспейді. Күлген ауыз көрікті, жылаған ауыз жырық. Қызыл түлкі – жер көркі. Сұлу жігіт – ел көркі. Сұлу қыздар – үй көркі.



71-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті дыбыстарды қойып көшіріндер.

...л...пби

Б...г...н мұғал...м үлк...н қ...ғ...з әк...ліп, іл...п қойд... . Қағаз бет...нд...г... ...ріптер үлкен-үлкен ет...п жаз...лған. Астын... «...л...пби» деген сөз ж...зылған. М...ғал...м: «Барлық әр...п осы. М...нда тан...майтын әріптер...н бар ма?» – деді.

Біз: «Ж...қ!» – дед...к.

«Ендеше, ...ріпт...н б...рін біліп б...лдыңд...р. Енд... қандай с...з болс...да ...қуға жарайсындар.

М...нау – әріпт...рд...н бастан – аяқ рет...мен тұрғаны. Бұл «әр...п реті» деп аталад... . Әр...пт...рд... түг...л айту керек б...лған кезд..., ос... рет...мен айтас...ндар. Әріпт...н реттік орн...н табу керек болған кезде де осы ретім...н іздейс...нди...р», – деді.

(A. Байтұрсынов.)



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жуан дауысты дыбыс қалай жасалады?
2. Жіңішке дауысты дыбыс қалай жасалады?
3. Жуан және жіңішке дауысты дыбыстарды жатқа айтып беріндер.

АШЫҚ ЖӘНЕ ҚЫСАН Дауыстылар

 Дауысты дыбыстар жақтың ашылу қалпына қарай ашық және қысан дауыстылар болып екі топқа бөлінеді.

Ашық дауыстыларды айтқанда, жақ кең ашылады да, ауа еркін шығады.

Ашық дауыстылар мыналар: *a, ə, o, θ, ɛ, e*.

Қысан дауыстыларды айтқанда, жақ сәл ғана ашылады да, ауа қысылып шығады.

Қысан дауыстылар мыналар: *ы, i, u, ұ, Ү, ү*.

 **72-жаттығу.** Қысан дауысты дыбысы бар сөздерді бір бөлек, ашық дауысты дыбысы бар сөздерді бір бөлек көшіріндер, бұл дыбыстар араласып келген сөздерді өз алдына бөлек жазындар.

Жаз, күн, орақ, қызыл, жарыс, еңбек, Ақтөбе, өсімдік, ферма, сән, бәкі, жез, мыс, қонақ, ыдыс, өзендер, күндізгі, қысқа, жиналыс, құндыз, тасу, инелік, кіріс, түйме, куаныш, ескеқ, бұлбұл, көгершін.

 **73-жаттығу.** Мына сөйлемдердегі қарамен жазылған сөздер кандай дауысты дыбыстан басталып тұрғанын айтындар. (Ашық дауысты ма, әлде қысан дауысты ма?)

Ұясын ұнатпаған құс онбас. Үйірсек үйірін табар. **Үсті** ине, тікпейді, **икемді** қол тігеді. **Ынталыға** іс әзір. Улкеннің жолы да үлкен. Іскерді ісіне қарап танырысын. **Уақыт–ұлы емші.**

 **74-жаттығу.** Бірінші бағанға тек ашық дауыстыдан болған, екінші бағанға тек қысан дауыстыдан болған сөздерді ойлап табындар.

Үлгі:	ашық	қысан
	әсемпаз	ырыс

...

...



Сұрақтар мен тапсырмалар:

- Нениң қатысина қарай дауысты дыбыстарды ашық және қысаң деп бөлеміз?
- Ашық дауыстылар қалай жасалады?
- Қысаң дауыстылар ше?



75-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазып, ашық дауыстылардың астын сыйындар.

Әл-Фараби туралы аңыз

Шам шаһарының әмірі өз құзырына ғалым, шайырларды жинапты. Ол Әл-Фарабиді сынамақ болып: «Өзіңе лайықты орын тауып отыр», – депті. Сөйтсе, Әл-Фараби тура әмір тағына барып отырады. Сонда әлгі әмір қасындағы уәзіріне беймәлім тілде:

- Мына түрік әдеп сақтамады ғой, – депті.
 - Әл-Фараби оны дереу түсіне қойыпты да:
 - Тақсыр, мен жетпіс тіл білемін, – депті.
- Іңғайсызданып қалған әмір, халпелер:
- «Кешіріңіз, сіз екінші ұстаз екенсіз ғой, байқамай қалдық», – деп, оған жол береді.



Мәтінде көнерген сөздер бар ма? Олар қандай мағынада жұмасалып тұрғанын айтындар.

Әл-Фараби әмір тағына неліктен отырды деп ойлайсындар? Негізгі ойды анықтаңдар.



76-жаттығу. Мәтіннен ашық дауысты дыбыстарды бір бөлек, қысан дауысты дыбыстарды бір бөлек (қайталанғанын алмай) теріп жазындар және сол дыбыстардан басталатын бір-бір сөз ойлап, атандар.

Жұмбак жолдас

Менің бір жолдасым бар. Жолдас болғанда бір түрлі! Қайда барсам, қасынан қалмайды. Менсіз ешқайда бармайды. Тұрсам тұрады, жұрсем жүреді, жүгірсем жүгіреді, жатсам жатады, жазсам жазады. Бірақ үндемейді.

Ертеңгілік, кешкілік үлкейіп, өсіп кетеді. Тұсте тырбиып, ергежейлі болады. Жарықта жанымнан қалмайтын жолдасым қараңғы болса, ғайып болады да кетеді.

Сендерде ондай жолдас бар ма?

(А. Байтұрсынов.)

 Жұмбақтың шешуіндегі дауысты дыбыстарға сипаттама беріндер.

ЕРІНДІК ЖӘНЕ ЕЗУЛІК ДАУЫСТЫЛАР

 Дауысты дыбыстар еріннің қатысына қарай *еріндік* және *езулік* дауыстылар болып екі топқа бөлінеді.

Еріндік дауыстыларды айтқанда, ерін сүйірленіп, ілгері қарай созылады.

Еріндік дауыстылар мыналар: *o, θ, y, ү, ў*.

Езулік дауыстыларды айтқанда, езу тартылып, ерін кейін қарай жирылады.

Езулік дауыстылар мыналар: *a, ә, e, i, ы, і, э*.

 **77-жаттығу.** Мына өлеңді оқып, езулік дауысты дыбыстардан басталған сөздерді теріп жазындар.

Үлгі: Ел, егін,

Ой, балалар, балалар!
Жылды-жылды жел соқты.
Жылғалардан су ақты.
Ауыл көшті қыстаудан,
Әне! Апамдар қой сауған.
Құс ұясын түзеді,
Тайымды ағам күзеді.
Ел ешкісін қырқыпты,
Егіндерін жыртыпты.
Ой, балалар, балалар!
Ойналық та күлелік.
Кос басына мінелік.

(І. Жансүгіров)



78-жаттығу. Сөздерді оқып, еріндік дауысты дыбысы бар сөздерді бір бағанға, езулік дауысты дыбысы бар сөздерді екінші бағанға, еріндік, езулік дауыстылар араласып келген сөздерді үшінші бағанға көшіріндер.

Дос, дала, таныс, мотор, көз, көмір, жону, әңгіме, кеме, электр, бұлбұл, мүше, тұрғылықты, метр, жу, турник, қосу, қөну, жеміс, жусан, кассир, километр, курорт, білімді.



79-жаттығу. Төменде берілген мәтіннің не жайында екенін әңгімелендер.

Дәрігер бізге не айтты?

Кеше мектепке дәрігер келді. Бәрімізді шешіндіріп қарады. Кейбіреудердің шешінгенінде тәндері де, іш киімдері де кір болып шықты. Дәрігер басын шайқап, ұнатпаған секілді болды.

Бүгін дәрігер бір шыны әкеліп, қолымыздың үстіне қойып, әрқайсымызға қаратты. Қарасақ, теріміз шүрк-шүрк тесік. Дәрігер айтты:

— Тер осы шүрк-шүрк тесіктен шығады. Тер шыққанда, термен бірге тәнімізден зиянды нәрселер де шығады. Тән кір болса, осы тесіктердің бәрі бітіледі, тер шықпайды, іште қалады. Тәнді аздырып, аурулы қылады деді.

Тән тазалығы неге керек екенін сонда білдік.

(A. Байтұрсынов.)



Мәтіндегі дауысты дыбыстарды теріп алып, оларды мына үлгі-кесте бойынша толтырындар.

Тілдің қатысына қарай		Жақтың қатысына қарай		Ерін мен езудің қатысына қарай	
жуан	жіңішке	ашық	қысаң	еріндік	езулік



80-жаттығу. Мәтінді оқындар.

«Сыйға-сый, сыраға – бал», қонақасы беріп, сый-күрмет көрсеткендерге Шоқан сыйын асырмаса, кем түспейтін. Бұл – оның елінің ежелгі салты, иғі салты. Бабасы – Абылай заманынан келе жатқан әдет-салт бойынша қазақ құдайы қонаққа үш күн, жай қонаққа бір күн аты-жөнін сұрамай асын береді. Қөшпелі елде жолаушы көп. Солардың өзі шығарған, еш жерде жазылмаған заңы іргелі елге ұлағат боп қала береді.

(С. Бақбергенов.)



81-жаттығу. Мына өтірік өлеңдегі еріндік дауыстылары бар сөздерді бір бөлек, езулік дауыстылары бар сөздерді бір бөлек, еріндік пен езулік дауыстылар аралас келген сөздерді өзінше бір бөлек топтап жазындар.

Бота отырып шіреніп,
Борсық айдал кемені.
Бытпылдықтап бір елік,
Бура мініп келеді.

Ләңгі тепті бір барыс,
Лашын киді сулықты.
Лепіргенде жолбарыс,
Лаң ашуға бұлықты.

(«Әрінгер әлемінде» кітабынан.)



82-жаттығу. Берілген сөздерден еріндік және езулік дауыстыларды табындар. Еріндік дауыстылардың астын бір рет, езулік дауыстылардың астын екі рет сзызындар.

Шымған, Қектерек, Қарасу, Әндіжан, Шайхантаур, Қектөбе, Ұлытау.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

- Еріндік дауыстылар қалай жасалады?
- Езулік дауыстылар қайсылар?

ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ

! Айтылу кезінде ауаның еркін шықпай, кедергіге ұшырап шығуынан жасалған дыбыстарды дауыссыздар дейміз.

Дауыссыз дыбыстар мыналар: *л, р, й, м, н, ң, у, б, в, г, ә, д, ж, з, ң, п, т, с, к, қ, х, ф, ү, иш, ч, иц*.

Дауыссыздарды айтқанда өкпеден шыққан ауа дыбыстау мүшелерінің бірінің кедергісіне ұшырайды. Осыдан салдыр пайда болады. Дауыссыздар дауыс пен салдырдың қатысына қарай қатаң, ұяң және ұнді болып үш топқа бөлінеді.

1. Катаң дауыссыздарда дауыстың қатысы болмайды, тек қана салдырдың қатысынан құралады. **Қатаң дауыссыздар мыналар: *п, ф, к, қ, т, с, иш, х, ч, иц*.**

2. Ұяң дауыссыздар дауыс пен салдырдан құралады. Оларда дауыстан салдыр басым болады. **Ұяң дауыссыздар мыналар: *б, в, ә, ғ, д, ж, з, ң*.**

3. Ұнді дауыссыздар дауыс пен салдырдан құралады, бірақ оларда салдырдан дауыс басым болады. **Ұнді дауыссыздар мыналар: *р, л, й, у, м, н, ң*.**

Дауыссыз дыбыстардың кестесі

Қатаң	п, ф, к, қ, т, с, ш, ң, х, ч, ң
Ұяң	б, в, ә, ғ, д, ж, з, ң
Ұнді	р, л, й, у, м, н, ң

83-жаттығу. Мәтінді оқып шығындар, қатаң, ұяң, ұнді дауыссыз дыбыстардан басталған сөздерді ажыратып айтып беріндер.

Тұлкі мен қарға

Тұлкі:—Амансың ба, қарға? Сен, қандай сұлусың?!
Қанатың қандай әдемі, тұмсығың қандай жылтыр?! Сенің

даусың да тым жақсы болар. Жақсылап бір сайрашы, мен тыңдайын,—деді. Мақтаншақ қарға аузын үлкейте ашып, қарқ етті. Аузындағы ірімшік жерге тұсті. Ірімшікті тұлкі қағып алды:

— Кош, ақымақ қарға,—деп жүріп кетті. Ақымақ қарға ірімшіксіз қалды.

 **84-жаттығу.** Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, оқып шығындар. Сөздердің қайсысына қатаң, қайсысына ұян дауыссыздарды қойғандарынды айтындар.

1. (т-д); биік ...ay, бітпейтін ...ay, ыдысындағы тамакты т...уыс, әдемі ...ауыс, бір ...оп жылқы, ...оп ойнау;

2. (ш-ж); арасына ...ек қою, біреуді ...ек көру, кесек қантты ...ағу, пешке от ..ағу, ... ағала көлгे қонды, сен өзен бойын ...агала;

3. (с-з); бо... уақыт, бо... көде, ке...ек күту, ке...ек тас, жа... адам, жауынды жа..., жерге қа...ық қақты, күміс қа...ық,;

4. (п-б); қымыз са...ыр, са...ыр ет, ..іл ыстық жақта өмір сүреді, сабағынды жақсы ...іл.

 **85-жаттығу.** Төменде берілген сөздерді үш бағанға бөліп жазындар. Бірінші бағанға—қатаңнан, екінші бағанға—ұяңнан, үшінші бағанға ұндіден басталған сөздерді теріп жазындар.

Ү л г і : Қатаң Ұяң Ұнді
 Қасық Бала Нан.

Бағдат, вагон, гул, ғалым, Дариға, Зейнеп, Жаңылхан, Майра, нан, пан, пайда, тас, су, көк, қор, фабрика, цирк, чек, шаш, ащы, банк, қаржы.

БУЫН

 Сөз буынға бөлінеді. **Сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болады.** Мысалы: *Тор-ғай* (екі буынды сөз), *о-қу-ышы* (үш буынды сөз).

Дауыссыз дыбыстардың ешқайсысы да өздігінен, яғни дауысты дыбыссыз буын жасай алмайды. Буынның жасалуы үшін дауысты дыбыстың болуы шарт.

Дауысты дыбыс жеке тұрып та, дауыссыз дыбыспен тіркесіп те буын құрай алады. Мысалы: *ы-дыс, а-за, е-гін-ши-лік*.

Буын – сөзді айтқан кездегі дауыс толқыны.

Буын – сөз ішіндегі бір не бірнеше дыбыстың тобынан жасалған фонетикалық бөлшек.

Буын сөздегі дауысты дыбысқа негізделеді. Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады. Мысалы: «*құ-ді-рет*» сөзінде 3 дауысты дыбыс (*ұ, i, e*) бар, сондықтан бұл сөз 3 буынға бөлінеді.

 **86-жаттығу.** Мына сөздерді буынға бөлінген күйінде оқып шығып, көшіріп жазындар.

Дәп-тер, қар-лы-ғаш, ұ-зак, сыз-ғыш, кі-тап, ө-шір-гіш, мұ-ға-лім, ға-лым, қа-ла, а-на, а-та, а-па, ә-же, ше-ше, ба-ла, ой-на, о-қы.

 **87-жаттығу.** Өлеңнің әр сөзін буынға бөліп, дұрыстап оқындар, көшіріп жазындар.

Тұлпар

Тұлпарыма қарасам,
Танадай көзі жайнайды.
Ақкудай мойны иіліп,
Қазығында ойнайды.

Тоқымы-жібек, ері-алтын,
Ауыздығын шайнайды.
Үзенгісі сыңғырлап,
Қарасам көзім тоймайды.

(Жамбыл)



88-жаттығу. Сөздерді буынға бөліп оқып шығындар. Алдымен бір буынды сөздерді, онан кейін екі буынды сөздерді, ең соңында көп буынды сөздерді көшіріп жазындар.

Жаз, жайлау, жиналыс, суландыру, уақыт, аудан, өр, ылди, қоюлану, ұялшаш, бассейн, үйымдасу, төрт, төрттік, бұлттану, жәрдемдесу, ою, сай, саяхат.

БУЫННЫҢ ТҮРЛЕРИ

! Дауысты және дауыссыз дыбыстардың өзара алмасып келуіне қарай қазақ тілінде буын үш топқа бөлінеді: **ашық буын, тұйық буын және бітеу буын.**

Бір ғана дауысты дыбыстан жасалған немесе дауыссыз дыбыстан басталып, дауысты дыбыспен аяқталған буынды ашық буын дейміз. Мысалы : *a-na, a-ta.*

Дауысты дыбыстан басталып, дауыссыз дыбыспен аяқталған буынды тұйық буын дейміз. Мысалы : *aқ, өң, ат, із, ай, ін.*

Дауыссыз дыбыстан басталып, дауыссыз дыбыспен аяқталған буынды бітеу буын дейміз. Мысалы : *жеке, қол, көз, моншақ.*

Бітеу буын төрт дыбыстан да құралуы мүмкін. Мұнда бітеу буынның соңғы екі дыбысы дауыссыз болып келеді. Оның ең соңғы дыбысы қатаң болып, оның алдында үнді дауыссыз тұрады. Мысалы : *қант, бұлт, төрт, сырт, қарт.*

Буынның 3 түрі де кездесетін сөздер аралас буынды сөзге жатады. Мысалы : асқабақ: «ас» – тұйық, «қа» – ашық, «бақ» – бітеу буын.



89-жаттығу. Төмендегі сөйлемдерден ашық, тұйық және бітеу буынмен келген сөздерді бөлек-бөлек топтап жазындар.

Үлгі : *мал, жаз (бітеу буын).*

Жетісу аймағын қазақ, қырғыз елі қанаттаса мекендейді. Халқының негізгі кәсібі – мал, егін шаруашылығы. Бұл маңын өгіні суармалы, оның үстіне жері құнарлыш. Алатау аңғарларының шебі шүйгін, мал қонысына мейлінше жайлышты. Адамдар жаз айларында малдарын таудағы жайлауға шығарады. Тауға үйренген мал құз, қияны қапталдап, биік таулардың үстіндегі көкмайсаға жайылады.

 **90-жаттығу.** Сөздерді буынға бөліп көшіріндер. Ашық буындарды тауып, астын сзыындар.

Әже, кеме, көмір, желке, жеміс, жаға, тағалау, қамыс, қала, мойында, алты, жеті, өкпе, асай, келте, қызылша, қалта, көленке, терезе, ұйқы, сіріңке, үзенгі, әңгіме, бетеге.

 **91-жаттығу.** Мәтіндегі сөздерді буын түрлеріне қарай талдандар.

Озінің жазба сөзін саналы түрде және еркін пайдалану үшін, алдымен басқалардың жазба сөзіне түсіне білу өте қажет. Баланың сөз қоры жеткілікті болғанда ғана, өз пікірін айттып, басқалардың сөздерін дұрыс ұға алады.
(Т. Тәжіibaев)

 **92-жаттығу.** Төмендегі дыбыстардан буын құрайтын дыбыстардың астын сзыындар.

Д, Қ, Ө, Ж, С, Е, Ш, І, Т, З, Ұ, Л.

 **93-жаттығу.** Төмендегі сөздерді буынға бөліп жазындар.

Қағаз, бүкіл, алтын, жаңа, макта, көреген, тамыз, таныс, жайна.

 **94-жаттығу.** Тек түйік буыннан тұратын сөздерді жазындар.

Үлгі: *ер, ұлт.*

 **95-жаттығу.** Тек бітеу және ашық буыннан тұратын сөздерді жазындар.

Үлгі: *бар, тоқ, дала, ана.*



96-жаттығу. Буын құрайтын дыбыстарды жазыңдар.



97-жаттығу. Төмендегі берілген сөздерді буынға бөліп жазыңдар.

Мен жастарға: «Алдарында таудай талап түр. Өмір үшін талмай ізденіндер?» – дер едім. Жастарға тоғышарлық, бойкүйездік дертінен аулақ, сергек, сезімтал болған жарасады. (*F. Mусірепов*)



98-жаттығу. Төмендегі сөздерден ашық буынды табыңдар.

Жазушылар, Алматы, кәсіпкер, ел, бала, жақын, тасымал, қырман, жемістер, алтын, қазық.



99-жаттығу. «Мектебім–мақтанышым» деген тақырыпқа шағын мәтін түзіңдер. Мәтінді дәптерге буынға бөліп көшіріңдер.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сөздерді буынға неге байланысты бөлеміз?
2. Қандай сөздер буынға бөлінбейді?
3. Төмендегі сөздерге буын қосып жазыңдар.

Ү л г і : жолау-шы-лар-ға, кө-ше, оқу.

ТАСЫМАЛ



Тасымал – жазу кезінде сөздің жолға сыймай қалған бөлігін келесі жолға көшіру. Тасымал буынға негізделеді, яғни сөздер буынға қарай тасымалданады. Мысалы: «шаңырақ» сөзі 2 жолмен тасымалданады: *ша-ңырақ, шаңы-рак*.

Жазып келе жатқанда жолға сыймаған сөздер буын жігімен тасымалданады: қа-лалық, қала-лық (қал-алық, қалал-ық емес), Ота-нымыз, Отаны-мыз (Отан-ымыз, Отаным-ыз емес), баян-дауыш, ба-янда-уыш (баян-дауыш емес).

Сөздер мынадай жағдайларда тасымалданбайды:

- 1) Бір буынды сөз (қант, штамп);
- 2) Бас әріптерден және бас әріп пен басқы буыннан қысқарған сөз (ТМД, ТМПУ, ТОШМПИ, ҚазМҰУ);
- 3) Бас әріптерден қысқарған кісі атын (М.О.) оның тегінен (Әуезов) бөліп тасымалданбайды.
- 4) Бір дауыстыдан тұратын буынды жолда қалдырамайды (а-та) немесе келесі жолға тасымалдамайды (әули-е);
- 5) Қысқарған өлшем бірлігін (см) өзі тіркескен саннан (15) бөліп тасымалдауға болмайды (15 см, 20 кг, 2020 жыл).

Сонымен бірге электр, станция, ансамбль, вольт сияқты буын құрай алмайтын дауыссыздар тіркесін де сол жолға қалдыруға немесе екінші жолға көшіруге болмайды.

 **100-жаттығу.** Төмендегі сөздерді қалай тасымалдауға болатынын дефиспен (-) бөліп көрсетіндер, тасымалдауға келмейтін сөздерді бөлмей көшіріндер.

Ақын. Еңбек. Арыстан. Келешек. Адамгершілік. Уақыға. Ынта. Ынтымақ. Жіңішке. Бұрын. Қыркүйек. Куат. Суат. Ұялу. Қыын. Мойын. Аяу. Ауыл. Плакат. Сантиметр. Үскірік. Киім. Грамматика. Электр. Элеватор. Елу. Алпыс. Берік. Ірі.

 **101-жаттығу.** Оқып шығып, тасымалдауға келмейтін сөздерді атандар. Қара әріппен берілген сөздерді тасымалдап, мәтінді көшіріп жазындар.

Тары

Бөлтірік біраз адамның басын қосып, Шу бойына **тары** егеді де, мол өнім алады. Бір саудагер бай бұлардан тары сатып алуға келеді. **Бөлтірік** өз тарысын қызылдап алады да, **ұшығын** бөлек жинап қояды. Саудагер бес-он метр бөз, шыт, бірді-екілі шай, шақпақ қант, айна-тараққа шаруалардың қап-қап тарысын арзан алып,

кірекеш жігіттері арқылы шаһарға жөнелтіп жатады. Ке-зек Бөлтірікке келеді. Бөлтірік бөлек жинап қойған тары ұшығын байға көрсетеді. Саудагер ұшықты уыстап көріп:

– Бұл қандай тары? – деп сұрайды. Сонда Бөлтірік:

– Бұл өзі ұрығы бөлек **сопақ** тары,

Су түбінде жатпайтын **қопақ** тары.

Алты қабын артсақ да ауыр болмайды,

Артқан түйен **ешқашан** жауыр болмайды, – деп мақтай жөнеледі.

(«Қазақтың би-шешендері» кітабынан)

 **102-жаттығу.** Мына өлеңді оқып, ішіндегі сөздерді қалай тасымалдауға болатынын айтындар.

Жақсылық біреу сыйласа

Жақсылық біреу сыйласа,

Сен де сыйла басқаға.

Біреуге біреу қимаса,

Шығады қайдан жақсы аға?!

Жаны жақсы ағаның

Етегін баспа, жолын қу!

Болайын деген баланың,

Бетін қақпа, белін бу!

(Ө. Тұрманжанов)

 **103-жаттығу.** Мәтіннен тасымалдауға болмайтын сөздердің астын сызындар.

Қорқыт ата – кеменгер, ойшыл, сазгер, қофам қайраткері. Ол – Сыр бойындағы оғыз тайпаларынан шыққан тарихи тұлға. Оның Сыр өңірінен шыққаны айғақтармен дәлелденген. Профессор Ә.Қоңыратбаев 1986 жылы өлеңдерін қазақ тіліне аударып шығарды. Фалым М. Байділдаев ардақты бабамыздың 20-дан астам күйін нотага түсірген.

(«Қазақ әдебиеті» газетінен)

 **104-жаттығу.** Төмендегі сөздерді тасымалдауға бола ма? Тасымалданса қалай тасымалдайсындар?

Электр, станция, ансамбль, вольт.

 **105-жаттығу.** Тасымалдауға болмайтын сөзді және буынды табындар. Ата-ана, жасырынбақ, ат, шебер, бет, талап, көктем, көк, жаз, ай, жұлдыз, мол, айқын.

 **106-жаттығу.** «Күз – береке» деген тақырыпқа мәтін құрастырындар.

 **107-жаттығу.** Берілген сөздерден тасымалдауға болмайтын сөздерді теріп жазындар.

5 кг, ақ, 10 см, М. Әуезов, Қазақстан, жақ, кітапхана, жазық, жуық, қыын, тау.

 **109-жаттығу.** Өлең мәтінінен тасымалданбайтын сөздерді анықтаңдар.

Өңкей жақсы қосылса,
Бітіреді кеңесті.
Өңкей жаман қосылса,
Шығараады еgestі.
Мәмілемен іс бітер,
Бас қосып қалса көп есті.
Жақсының жолы – жарық күн
Жаманның жолы – көмескі.

(Майлықожса)

 **109-жаттығу.** Мәтінді түсініп оқып, киім атауларын «Кластер» әдісімен топтастырындар.

Қазақ халқының ұлттық киімдерінің түрі де, үлгісі де мол. Оның көркем үлгілері әлемнің этнографиялық мұражайлары мен көрмелерінен орын алған. Ертеде халық шеберлері қазақтың болмысына тән, кигенде ыңғайлы әр түрлі киім үлгілерін жасаған.

Тымақ – аңының, малдың терісінен тігілетін қысқы бас-киім.



Сәукеле – ұзатылған қыз киетін аса қымбат, кәделі баскиім. Оны асыл тас, алтын, күміс, меруерт, маржанмен өрнектеп, алтын жіппен әшекейлейді.

Тон – қойдың, ешкінің және құлышының терісінен тігілетін ыстық киім.

Жақы – ертеректе ауқатты адамдар киген, қазір өте сирек кездесетін жағалы әрі асыл киімдердің бірі.

Шекпен – түйе жүнінен тоқылатын сырт киім.

Ішік – аң терісінен тігіліп, сырты матамен тысталатын жылы киім.

Күпі – матамен тысталып, ішіне түйенің, қойдың жабағы жүнін салып тігетін сырт киім.

Жарғақ шалбар – мал терісінен тігілетін еркектер киімі.

Етік – былғарыдан, құрымнан тігілетін ерлер мен әйелдердің аяқ киімі.

(«Қазақтың салт-дәстүрлөрі мен әдем-ғұрыптары» кітабынан)

- 1. Мәтінде таныс емес киім атаулары бар ма?
- 2. Қандай ұлттық киімдер ұнайды?
- 3. Ұлттық киімді қай кезде киген дұрыс?
- 4. Мәтіннен тасымалдауға болмайтын сөздерді табындар.



Денгейлік тапсырмалар: Тыңдалым мәтінін негізге алып, денгейлік тапсырманы орындаңдар.

1-денгей. Бас киім атауларын теріп жазындар.

2-денгей. Ерлер мен әйелдер киімдерін бөліп топтастырындар.

3-денгей. Бір киім үлгісінің қалай жасалатынын немесе тігілетінін айтып беріндер.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ашық буын деп қандай буынды айтады?

2. Тұйық буынға мысал келтіріндер.

3. Бітеу буын қалай жасалады?

ЕКПІН ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

1 Сөйлем тұрғанда, бір сөз басқа сөздерге, бір буын басқа буындарға, бір дыбыс басқа дыбыстарға қарағанда көтеріңкі айтылуын екпін дейміз.

Екпін сөз екпіні, ой екпіні, тіркес екпіні, дыбыс екпіні болып бөлінеді.

Екі немесе одан да көп буынды бір сөздің ішіндегі бір буынның көтеріңкі айтылуы сөз екпіні деп аталады.

Қазақ тіліндегі сөз екпінінің орны тиянақты болады: екпін сөздің ең соңғы буынына түседі. **М ы с а л ы :** *Оқушылар қысқы демалысқа шықты.*

Сөйлем ішіндегі ерекше көңіл аударылуға тиісті болған бір сөзді оңашалап, бөліп айту ой екпіні деп аталады.

М ы с а л ы : *Атасы бүгін ауылға келді.*

Атасы ауылға бүгін келді.

Ауылга бүгін атасы келді.

Тіліміздегі бірнеше сөз тізбектеліп барып түгелімен бір ғана екпінге ие болады. **Екпіннің мұндай түрі тіркес екпіні деп аталады.** **М ы с а л ы :** *тәлім-*

тәрбие, ата-ана, оқу үшін, қырық шақты, көп сөйледі, тез айтты.

Бір сөздің ішіндегі бір дыбысты көтеріп не созып айту тәсілі дыбыс екпіні деп аталады. Қуанышты көніл күйді дауысты дыбыстарға түскен екпін білдіреді: *тамаша-а, бә-әрекелді, жара-а-йсың т.б.*



110-жаттығу. Берілген сөздердегі екпін қай буынға түскенін анықтандар.

Айтайын, айтпа, балалық, барма, тастай, оқушымын, оқтай, көрейік, айтшы, сызба, адамбыз, мұздай.



111-жаттығу. Ой екпінін түсіру мақсатында мына сөйлемдегі сөздердің орнын ауыстырып көріндер.

Олар ертең тауға бармақшы.



112-жаттығу. Төмендегі сөздерде екпін қай дыбысқа түскенін анықтап, қандай көніл күйді білдіретінін айтыңдар. Өздерің сондай көніл күймен бірнеше сөз айтып көріндер.

Ғажа-а-ап, кірі-і-ніздер, о-ойпырма-ай, ә-ә-әдемі, с-сүмдық, кет-т, ж-жоғал, былай тұр-р, қыскарт-т.

ҮНДЕСТИК ЗАҢЫ ТУРАЛЫ

! Тұбір мен қосымшаның аралығындағы немесе сөздердің аралығындағы дыбыстар бір-біріне ықпал етіп, өзара үндесіп айтылады. Мысалы: *тастан, жезден* деген сөздердің құрамындағы *-тан, -ден* қосымшасының екеуі де – шығыс септігінің жалғауы. Сөзге бір қосымшаның екі түрлі болып жалғану себебі мынада:

1) *тас* сөзіне шығыс септік жалғауының (*-тан*) жуан түрде жалғануы тұбір сөздегі дауыстының (*a*) жуан болуынан да, *жез* сөзіне осы жалғаудың (*-ден*) жіңішке

түрде жалғануы сөздегі дауыстының (e) жіңішке болуынан.

2) *тас* сөзіне шығыс септік жалғауының қатаңдан (m) басталып жалғануы сөз соңындағы дауыссыздың қатаң (c) болуынан да, жең сөзіне осы жалғаудың ұяң (d) басталып жалғануы сөз соңындағы дауыссыздың ұяң (z) болуынан.

Түбір мен қосымшаның және сөз аралығындағы дыбыстардың бір-біріне ықпал жасап, өзара үйлесіп айтылуын үндестік заңы дейміз.

Үндестік заңы екі түрлі болады: оның бірі – **буын үндестігі**, екіншісі – **дыбыс үндестігі**.



113-жаттығу. Төмендегі сөздер мен сөз тіркестеріндегі үндескен дыбыстарды көрсетіндер.

Ұшқышсың. Көшке. Торы қасқа ат. Жана даала. Бұғін. Құндыз. Күлдіргі. Күнгірт. Бұрын. Бөлшек. Төртеу. Өлке.



114-жаттығу. Бір-біріне ықпал етіп тұрған дыбыстардың астын сызып, сөздер мен сөз тіркестерін көшіріп жазындар.

Жай қалмау. Көре кел. Жұнісбек. Жанпейіс. Құрманбек. Қағазсыз. Қағазша. Маржанкул. Көк ала. Қара ала. Бара кел. Бара алсан. Жұлдызша.



115-жаттығу. Өлеңді көшіріп жазындар. Үндескен дыбыстары бар сөздердің астын сызындар.

Жағама қолдың тигенін,
Жалғыздық, сенен көремін.
Жамаулы киім кигенім,
Жарлылық, сенен көремін.
Атадан тудым жалқы боп,
Жақыннан көрдім талқы көп.

(Ақтамберди жырау)

БУЫН ҮНДЕСТІГІ (СИНГАРМОНИЗМ)

I Қазақ тіліндегі сөздердің басым көпшілігі не жуан буынды, не жіңішке буынды болып келеді. Сөздің соңғы буынының жуан, жіңішке болуына қарай қосымшалардың да бірыңғай жуан, не жіңішке түрде жалғануын буын үндеңтігі немесе сингармонизм деп атайды. Яғни буын үндеңтігі дауысты дыбыстардың бір-біріне әсері болып табылады. *Мысалы, жазу-иши-лар-га, ән-ши-лер-ге, оқу-иши-лар, мек-теп-тер*, т.б.

Ескерту: егер сөз құрамында жуан және жіңішке буындар аралас келсе, қосымша соңғы буынға қарай жалғанады. Яғни қосымша соңғы буын жіңішке болса, жіңішке, соңғы буын жуан болса, жуан болып жалғанады. *Мысалы, кітап-тар, мұғалім-дер*, т.б.

Буын үндеңтігіне бағынбайтын сөздер

1. Халықаралық сөздер. *Мысалы*: алғашқы буыны жіңішке: декан, жетон, сенат, метро, ректор, т.с.с. алғашқы буыны жуан сөздер: абонент, газет, кабинет, банкет, конспект, концерт, т.с.с.;

2. Кірме сөздер. *Мысалы*: *енжар, емтихан, кітап, мейман, мейрам, ілтипат, тәкаппар, шәрбат, құдірет, мұғалім, қызмет, қасиет, қабілет, қадір, қатер, қауіпті, т.с.с.;*

3. Біріккен сөздер. *Мысалы*: *әуежай, бейхабар, беташар, демалыс, жиенешар, кәсіподак, баспасөз, шекара, таңертең, қолөнер, күнбатыс, тілмаши*, т.с.с.

Ескерту: соңғы оғ, уг, рк, рг, нк, нг, кс, кт, ск, лк, нкт, кль, фт, брь, бль сияқты дыбыстар тіркесіне біткен кірме сөздерге жалғанатын қосымша әр уақытта жіңішке болады: *банк-ке, цирк-те, лифт-і-де, ансамбль-ге, Томск-і-де, танк-і-ге, киоск-і-ден, бинокль-мен*.

ЕРИН ҮНДЕСТІГІ

 1. Алдыңғы буында еріндік о, ұ дауыстылары болса, келесі буындағы қысаң ы еріндік ұ дыбысына айналады. Мысалы: орын[орұн], құлынымды [құлұнұмдұ], бүйрық [бүйрұқ], тойды [тойдұ], т.с.с.

2. Алдыңғы буында еріндік ө, ұ дауыстылары болса, келесі буындағы қысаң і еріндік ұ дыбысына айналады. Мысалы: өмір [өмүр], ұміт [ұмұт], бүркіт [бүркүт], құлді [құлдұ].

3. Алдыңғы буында еріндік ө, ұ дауыстылары болса, келесі буындағы ашық е еріндік ө дыбысына айналады. Мысалы: өлең [өлөң], үйрек [үйрөк], жүрек [жүрөк], көрсе [көрсө] т.с.с.

 **116-жаттығу.** Жуан сөздерді бір бағанға, жіңішке сөздерді екінші бағанға, аралас сөздерді үшінші бағанға жазындар.

Таудағы күз

Тау іші. Ұшқан құс, жүгірген аңнан басқа тіршілік білінбейді. Жаз жәрменкесі тарқап, таулы өлкеге қоңыр күз қонақтаған. Жапырақтар сарғайып, өсімдік атаулы күзгі ызғырық желге елбендей бас ұрып, тәубеге келген сопыдай күбірлейді. Тек қия жартастарды жарып шыққан қайсар қарағайлар ғана өңін бермей, тәқаппар басын тік ұстап, көкке шашыла қарап тұр. Сай-саладан құлай ағып жатқан көк қасқа бұлақтар жаздағыдай шу салып, асып-таспай, салқын сабырмен жуасып қана сырғиды.

(К. Жұмаділов)

 **117-жаттығу.** Мәтіндеңі көп нұктенің орнына тиісті қосымшаны қойып жазындар. Буын үнdestігі сақталды ма, көз жеткізіндер.

Абай бала күнін... бұлдірген ... құмар болады. Жәнібек өзені... бойында бұлдірген көп деп ести... .

Бір топ бала ... ат ... мініп сонда барады. Олар аттар... тұсап қоя береді. Өздер ... бұлдірген тер... бастайды. Бұлдірген... тойғандарынша теріп жейді. Содан соң апарған ыдыстар... да толтырып алады. Абай шешесі... бұлдірген... ең жақсысынан бөлек теріп алады. Оған басқа бала... таң қалады.

(М. Эуэзов)



118-жаттығу. Макал-мәтелдердегі түсіп қалған сөздерді орнына койып, көшіріп жазындар.

1. Досы көпті жау
2. Ердің атын еңбек
3. Айтпас жерде сөзінді
4. Қыз ... елдің көркі.

ДЫБЫС ҮНДЕСТІГІ (АССИМИЛИЯЦИЯ)



Дыбыс үнdestігі бойынша дауыссыздар бір-біріне ықпал етіп, өзара үнdesіп айтылады. Түбір мен қосымшаның немесе сөз тіркесіндегі екі сөздің жігінде дауыссыз дыбыстардың бір-біріне әсер ету нәтижесінде өзгеруін **дыбыс үнdestігі** немесе **ассимиляция** деп атайды.

Көршілес дыбыстардың ықпал ету бағытына қарай (алдыңғы дыбыстың соңғы дыбысқа немесе, керісінше, соңғы дыбыстың алдыңғы дыбысқа әсер етуіне қарай) дыбыс үнdestігі үш түрге бөлінеді: ілгерінді ықпал (прогрессивная ассимиляция), кейінді ықпал (ретрессивная ассимиляция) және тоғыспалы ықпал.



119-жаттығу. Сөз ішіндегі және сөз аралығындағы дыбыс үнdestігін тауып, сөйлемдерді көшіріндер.

1. Жол үстінде іштей бір байламға келген жігіт ел жатқанша екі-үш кісіні жан-жаққа шаптырып, бас-

аяғы бір күннің ішінде игі жақсыларды жиып алды. (Ә. Нұршайықов) 2. Қыз үйдің қора жақ есігінен шықты да, әуелі жан-жағын айнала қарап алды. (Ә. Шеріпов) 3. Кешке жұмыстан кеп, ас-суын ішкесін атасының қасына отырды. (Ә. Нурпейісов)



120-жаттығу. Көп нүктенін орнына тиісті қосымшаларды қойып, өлеңді көшіріп жазындар.

Төле бидің толғауы

Алған ... адап болмаса,
Бас...а бақыт қонбайды.
Екі дос... айырған,
Түбінде өзі оңбайды.
Көреген бол... балаңыз,
Қын ... көзбен болжайды.
Өзің... туған ұл мен қыз,
Сыйлама... сол қайғы!
Нан... аскан тағам жоқ,
Қадірін білген адамға.
Билік... берсең қиратар,
Білімсіз соқыр надан...



121-жаттығу. Құрамында жуан және жіңішке дыбыстар қатысадын сөздерді бөліп жазындар.

Бұрынғы заманда Қыдыр, Бақ, Ақыл үшеуі кездесіп қалып, ерегісі кетеді. Үшеуі ерекісіп отырып әрқайсысы өз күшін көрсетпекші болады.

Қыдыр, Бақ пен Ақылды ертіп алып, бір жер айдарап жатқан жынды адамға барып дариды. Сонда оның айдаған жерінен шыққан тас кесектерінің бәрі алтын болып кетіпти.

(Ертегіден)

ІЛГЕРІНДІ ҮҚПАЛ

 Тұбір мен қосымшаның немесе сөздердің аралығындағы көршілес дыбыстардың алдыңғысының кейінгі дыбысқа әсер етіп, өзіне ұқсатуын ілгерінді үқпал дейміз.

1. Сөз қатаңға аяқталса, қосымша қатаңнан басталады: ағаш-тар, дос-пен, балық-шы, кітап-тар, т.с.с.
2. Сөз ұянға аяқталса, қосымша ұяннан басталады: қыз-дар, сөз-дік, тұз-дық, жаз-ғы, т.с.с.
3. Сөз дауыстыға немесе ұндіге аяқталса, қосымша ұян не ұндіден басталады: окуши-лар, қала-дан, гүлдер-ге, үй-лер-ді, терезе-лер, т.с.с.
4. Сөз ш дыбысына аяқталып, қосымша с дыбысынан басталса, айтылғанда с дыбысы ш дыбысына айналады: шаш-са [шаш-ша], аш-са [аш-ша], іш-сін [іш-шін], ұш-сын [ұш-шын], т.с.с.
5. Тұбір мен қосымша немесе сөздер аралығында алдыңғы сыңары дауысты, ұян немесе ұндіге аяқталып, кейінгі сыңар қатаң қ, қ дыбыстарынан басталса, олар айтылғанда ұян ғ, ғ дыбыстарына айналады.
 - а) Біріккен сөздер аралығында: Бота+көз = Бота-гөз, Менді+құл = Менді+ғұл, Талды+қорған = Талды+ғорған.
 - ә) Сөз тіркесі сыңарлары аралығында: жаз келді = жаз гелді, қара қой = қара ғой, ала кел = ала гел.
6. Алдыңғы сөз қатаңға аяқталып, кейінгі сөз ұян б дыбысынан басталса, ол қатаң п дыбысына айналады.
 - а) Біріккен сөздер аралығында: Қоныс+бай = Қоныс+пай, Сағат+бек = Сағат+пек, Айт+баева = Айт+паева.
 - ә) Сөз тіркесі сыңарлары аралығында: ақ бала = ақ пала, апарып бер = апарып пер, әкеп бер = әкеп пер, алып бар = алыш пар.

Ескерту:

- а) қатаң с және ш дыбыстары бұл заңға бағынбайды;
ә) -хана, -қор, -паз, -қүнем, -кеш, -тай, -гер, -кер жүрнақтары да бұл заңға бағынбайды;
б) дауысты және үнді й, н, р дыбыстарынан кейін өзгелік етістіктің -т жүрнағы жалғана алады;
в) сөз ұян б, в, г, д дауыссыздарына аяқталса, қосымша қатаңнан басталады.

 **122-жаттығу.** Көп нүктенің орнына көрсетілген қосымшалардың тиистісін қойып, олардың түрліше жалғану себебін түсіндіріндер.

- 1) -ның (-нің, -дың, -дің, -тың, -тің): бала... ойыншығы, көл... жағасы, магнитофон.... дискісі, сынып... есігі, қарлығаш... қанаты.
- 2) -ға (-ге, -қа, -ке): тау... шығу, терезе... үңілу, штаб... келу, мектеп... бардық
- 3) -нан (-нен, -дан, -ден, -тан, -тен): бетеге... биік, жусан... аласа, қағаз... жұқа, кірпіш... соққан, сұт... ак, су... таза.

 **123-жаттығу.** Төмендегі сөздерге көптік жалғауын жалғап, олардың неге түрліше жалғанатынын, қандай дауыссыз дыбыстардан кейін көптік жалғауының бір түрлі дыбыстық варианты қолданылатынын түсіндіріндер.

Ана, әйел, әшекейлер, мерген, көрме, сөз, бұрым, көрермен, көркемөнер, поляк, чех, қазақ, сұраныс, қолғап, көзілдірік, кіріс, жігіт, қыз.

 **124-жаттығу.** Сөз ішіндегі және сөздердің аралығындағы көршілес дыбыстардың айтылуда өзгеру себебін, қалай үндесіп түрғанын түсіндіріндер.

Әлдеқалай, әлдекім, әлдеқашан, әркім, әрқалай, өнеркәсіп, бас кәде, әр қүні, әл кету, ала көз болу, айтып бер, ала кел, қара қоңыз, алыш бер, атты кісі, отыра қал, бұлтты құн, жазып бер, шаң қалдырма, қызыл күрен, қара көз.

КЕЙІНДІ ҮҚПАЛ

 Тұбір мен қосымшаның немесе сөздердің аралығындағы көршілес дыбыстардың соңғысының алдыңғы дыбысқа әсер етіп, өзіне ұқсатуын кейінді үқпал дейміз.

1. Сөз қатаң қ, қ, п дыбыстарына аяқталып, қосымша не келесі сөз дауысты, үнді және ұян д, ж, з дыбыстарынан басталса, сөз соңындағы қ, қ, п ұянғ, ғ, г, б дыбыстарына айналады.

а) Тұбір мен қосымша аралығында: қасық+ы = қасығ+ы, бақ+ы = бағ+ы, топ+ы = тоб+ы, мектеп+i = мектеб+i, жүрек+i = жүрег+i, жидек+i = жидег+i, шап+y = шаб+y, төк+y = төг+y.

ә) Сөз тіркесі сыңарлары аралығында: көк аспан = көг аспан, ақ жауын = ағ жауын, жоқ зат = жоғ зат, ақ дала = ағ дала.

2. Сөз қатаң п дыбысына аяқталып, оған көсемшениң -ып/-іп/-п жүрнағы жалғанғанда қатаң п үнді у дыбысына айналады: қап – қау+ып [қа+уп] (кусая), шап – шау+ып [ша+уп] (рубя), сеп – сей+іп [се+уп] (сая), жап – жау+ып [жа+уп].

3. Сөз үнді н дыбысына аяқталып, қосымша не кейінгі сөз б, п, м дыбыстарынан басталғанда н қос ерін м дыбысына айналады.

а) Тұбір мен қосымша аралығында: сен+беді = сем+беді, келген+мін = келгем+мін, айтқан+мын = айтқам+мын.

ә) Біріккен сөз және сөз тіркесі сыңарлары аралығында: Құнан+bай = Құнам+bай, Жан+pейіс = Жам+pейіс, он бес = ом бес.

4. Сөз н дыбысына бітіп, қосымша не кейінгі сөз қ, қ, ғ, г дыбыстарынан басталғанда н дыбысы н дыбысына айналады.

а) Тұбір мен қосымша аралығында: сән+қой = сәң+қой, сен+гем = сен+гем, тон+ға = тоң+ға, он+ға = оң+ға.

ә) Біріккен сөз және сөз тіркесі сыңарлары аралығында:

Тұрсын+гүл = Тұрсың+гүл, Аман+құл = Аман+құл, Сейсен+ғали = Сейсен+ғали, мен ғана = мең ғана, он ғасыр = оң ғасыр.

5. Сөз ұяң з не қатаң с дыбыстарына аяқталып, қосымша не кейінгі сөз қатаң ш дыбысынан басталғанда з, с дыбыстары ш дыбысына айналады.

а) Тұбір мен қосымша аралығында: сөз+шең = сөш+шен, қос+шы = қош+шы, жұмыс+шы = жұмыш+шы, таз+ша = таш+ша, оз+шы = ош+шы.

ә) Сөз тіркесі сыңарлары аралығында: тез шық = теш шық, бос шелек = бош шелек.

6. Сөз ұяң з дыбысына аяқталып, қосымша не кейінгі сөз ұяң ж дыбысынан басталғанда з дыбысы ж дыбысына айналады: Ораз+жан = Ораж+жан, жұз жыл = жұж жыл, көз жас = көж жас.

7. Сөз ұяң з дыбысына аяқталып, қосымша не кейінгі сөз қатаң с дыбысынан басталғанда ұяң з қатаң с дыбысына айналады.

а) Тұбір мен қосымша аралығында: жаз+са = жас+са, көз+сіз = көс+сіз, тұз+сыз = тұс+сыз.

ә) Сөз тіркесі сыңарлары аралығында: ы, і дыбыстарының біріне біткен тұбірге –у қосымшасы қосылса, жазуда ы, і дыбыстары түсіп қалады: оқы – оқу, тоқы – тоқу, ері – еру.



125-жаттығу. Қарамен жазылған сөздердің тұбір қалпындағы соңғы дыбысы қандай дыбыс екенін және оның жалғаулар жалғануына байланысты өзгеру себебін айтып түсіндіріндер.

1. Ақыл – адам **көрігі**, ақылдың сабыр **серігі**. (*M. Эуезов*)
2. **Білместігімнен** істедім дегеннің **көбіне** нанбаймын.

3. Өннің де естісі бар, есері бар. Тыңдаушының **құлағын** тесері бар. (*Абай*) 4. Өнер, білім–бәрі де окуменен **табылған**. (*І. Алтынсарин*)

 **126-жаттығу.** Көп нүктенің орнына *и*, *ң* дыбыстарының тиістісін койып көшіріндер. Түбір мен қосымшаның аралығындағы көршілес дыбыстардың соңғысының алдыңғысына ықпал етіп өзгертуін түсіндіріндер.

1. Күшиңе се..бе, адап ісіңе сен. Қиянатқа көнбе, әділетке атса да, көн! (*М. Әуезов*) 2. Ери...беген етікші болады. (*Мақал*) 3. Тү...гі самал егін басын тербейді. 4. Бұл оқиға се...бі күні басталды да, жексе...бінің кешімен аяқталды. (*М. Иманжанов*)

 **127-жаттығу.** Сөз ішіндегі бір-біріне әсер етуші дыбыстарды анықтап, алғашқысының астын–бір рет, кейінгісінің астын екі сзызындар да, қайсысы қайсысына әсер еткенін табындар.

Егінбай, Жанболат, Жанпейіс, Көрікбай, Жақыпбек, Азаттүл, мал қора, қара көк, ала көз, Батырбек, Гүлжазира, алабұға, белбеу, қолғап, Қартқожақ, Мұхамметхан, Дархан.

ТОҒЫСПАЛЫ ҮҚПАЛ

 Сөз бен сөз аралығында қатар келген дыбыстардың бір-біріне ілгерінді-кейінді ықпал етуінің нәтижесінде екеуінің де өзгеріске ұшырауы тоғыспалы ықпал деп аталады.

а) Сөз үнді н дыбысына аяқталып, кейінгі сөз қатаң қ не к дыбыстарынан басталғанда н дыбысы ң дыбысына, қ, қ дыбыстары ғ, ғ дыбыстарына айналады: Қазан+қап = Қазаң+ғап, Жан+қара = Жаң+ғара, ортан+қолдай = ортаң+ғолдай, Есен+келді = Есең+гелді.

ә) Сөз с дыбысына аяқталып, кейінгі сөз ж дыбысынан басталғанда, екеуі де ш дыбысына айналады: Дос+жан = Дош+шан, бас жақ = баш шақ, тас жол = таш шол.



128-жаттығу. Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерінің айтылу, жазылу заңдылықтары бойынша екі бағанға көшіріндер.

Үлгі:

Жазылуы

Айтылуы

Шекара

Шегара

Ала кел

Алагел

Жұлдыз, бара алмады, құлын, он бес, сәрсенбі, ала қаз, қолбасшы, өкпе, құнбағыс егу, көмек, қарақұс, Сарыөзек, тұзсыз, ақ аю.



129-жаттығу. Адасқан әріптерді өз орнына қойындар.

1. М, н, ә, д, е, т, и, е
2. Т, л, е, д, и, р, е, д, а
3. Ж, р, а, п, ы, қ, а
4. Н, у, а, ы, р, з.



130-жаттығу. Буынның түрлеріне бөліп жазындар.

Үлгі:

Ашық	Түйік	Бітеу
буын	буын	буын

...

Күндіз. Жапырақ. Бүркіт. Бақа. Көлеңке. Батыр. Нұрлан. Астық. Нан. От. Гажап. Арман. Лақ. Қарбыз. Асхат.



131-жаттығу. Әр сөздегі жаңа сөз жасап түрған дыбысты қосып оқысандар қазактың мақалы шығады. Ол қандай мақал екенін табындар.

Кім – өкім

Ара – арқа

Желі – желін

Су – ысу

Кен – кене

Кора – қораз

Елік – ерлік

Қылыш – ықылыш

Мал – амал

Баға – балға

Мүше – мүшел

Аяқ – таяқ

Ана – дана

Кит – киіт

Ақ – ақы

Жеке – желке



Денгейлік тапсырмалар:



1-тапсырма. Төмендегі жұмбақты шешіндер. Жұмбақта жа-
сырылған ақынның атын тауып, өздеріңің сыйыптарында да осын-
дай есімдер болса оларды атандар.

Бір ақынның атында,
Екі түбір, төрт буын.
Төртеуі де бітеу буын,
Мұны тауып, кәнеки,
Айтар екен кім бүрын?



2-тапсырма. Төмендегі дыбыстардың тиістісін тіркестіріп сөз
жасандар.

1. Қ, й, қ, ы, а
2. Л, і, п
3. И, г, н, а, з, я, м, и
4. А, л, б, а, ყ, а, ғ



3-тапсырма. Жаңылтпаштарды жаттап алындар. Көшіріп жа-
зып, дауыссыз дыбыстардың астын сзындар.

- | | |
|---|---|
| 1. Ара барда – бал бар,
Бал барда – ара бар.
Балалар,
Арадан бал ал! | 2. Шылбыр ұстасаң,
Сылбыр ұстама.
Сылбыр ұстасаң,
Шылбыр ұстама! |
|---|---|

ФОНЕТИКАДАН ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

1. Фонетика нені зерттейді?
2. Қазақ әліпбійнде неше дыбыс, неше әріп бар?
3. Әріп пен дыбыстың айырмашылығы неде?
4. Дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстардың ай-
тылуында қандай айырмашылық бар?

ОРФОЭПИЯ МЕН ОРФОГРАФИЯ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

① Ойымызды ауызша түрде де, жазбаша түрде де білдіре аламыз. Осыған орай сөздердің ауызша түрі мен жазбаша түрі болады. **Мысалы:** **жұлдыз, өнеркәсіп** деген сөздер мен **торы ала ат, ақ ешкі** деген сөз тіркестерін осында көрсетілген түрінде жазамыз да, ауызекі сөйлеуде оларды **жұлдыз, өнеркәсіп, тор ала ат, ақ ешкі** түрінде айтамыз.

Сөздер мен сөз тіркестерінің айтылуы да, жазылуы да қалыптасқан дағды мен зандарға негізделген. **Мысалы:** **жұлдыз** сөзінің бірінші буындағы еріндік дыбыстың (<ψ>) әсерінен екінші буындағы езулік дыбысы (ы) еріндік (<ψ>) болып айтылса, **өнеркәсіп** деген біріккен сөздің алдыңғы сынарының сонындағы үнді дыбыстың (р) әсерінен екінші сынарының басқы қатаң дыбысы (к) ұяң (г) болып айтылады.

Демек, сөздердің айтылуу зандары (орфоэпиясы) мен жазылуу зандары (орфографиясы) болады, оларды бір-бірінен ажырата білу керек.

Сөздерді дұрыс айту жайындағы ережелердің жиынтығы орфоэпия деп аталады.

Ауызекі тілде сөздердің айтылуу дағдысы мен қағидаларын сақтап сөйлеу қаншалықты қажет болса, жазба тілде сөздердің жазылуу дағдысы мен қағидаларын сақтап жазу да соншалықты қажет.

Сөздерді дұрыс жазу жайындағы ережелердің жиынтығы орфография деп аталады.

Сөздердің айтылуы мен жазылуы бір-біріне сай келуі де, келмеуі де мүмкін. **Мысалы:** **астық, тоғай** деген

сөздердің, *кең дала*, *бийк тау* деген сөз тіркестерінің айтылуы мен жазылуы бір-біріне сай келеді. Ал *жонышқа*, *жсанбады*, *қолбасы*, *шекара* деген сөздермен *ақ лақ*, *кері ат* деген сөз тіркестері осында көрсетілген түрде жазылады да, сөйлеуде *жонышқа*, *жамбады*, *қолбашиы*, *шегара*, *аглақ*, *кер ат* түрінде айтылады.

 **132-жаттығу.** Төмендегі дара сөздер мен күрделі сөздердің жазылуы мен айтылуының арасындағы айырмашылықты түсіндіріндер.

Күндыз, күндіз, жазса, жаз сайын, жас шағында, көнбіс, сәңқой, өзенге кел, сары ала, тоқтай қал, Күмісжан, бүгінгі өмір, күнбе-күн, Жанпейіс, күлдіргі.

 **133-жаттығу.** Көп нұктенің орнына төменде көрсетілген әріптердің тиістісін қойып көшіріндер. Сөздердің жазылуы мен айтылуының арасындағы айырмашылықты айтып, оның неден болатынын түсіндіріндер.

1. н—м: от жа...бады, шам сөн...беді, бір жа...бастап жату, жа... басына бөлгенде, кү... батыстан жел тұру, кү...-бағыс егу, шөлі қа...бау, Тұрсы...бектің кітабы.

2. н—н: тұ...гі жаңбыр, жасы тоқса...ға келу, сә...қой еді, на...ға бару, кү...ге күю, дәрігерге көрі...ген еді.

 **134-жаттығу.** Төмендегі сөздерді айтылуы бойынша жазып шығындар. Айырмашылықы қай дыбыста екенін түсіндіріндер.

бойкүйездік—	жүрек ойнау—
жүріскер—	қазтабан—
жүрек жұту—	қайнар көз—

 **135-жаттығу.** Оқып шығып, тасымалдауға болатын сөздерді бір бөлек, тасымалдауға келмейтін сөздерді бір бөлек жазындар.

Ана. Эке. БҰҰ. Бөлме. Тұбір. Орасан. Зенгіата. 15 см.
М. Мақатаев. АҚШ. ТМД, Қаз ҰПУ. Пединститут. Мед-колледж.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Тасымал дегеніміз не?
2. Қандай жағдайларда сөздерді тасымалдауға болмайды?

ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАРДЫҢ ЕМЛЕСІ А, Ә ӘРІПТЕРІНІҢ ЕМЛЕСІ

 1. *A* әрпі буын талғамай, сөздің барлық (алдыңғы, ортаңғы, соңғы) буындарында жазыла береді. Мысалы: *астық, қалашиқ, басқарма*.

2. Ә әрпі – буын талғайтын әріп. Бұл әріп, көбінесе, сөздің бірінші буынында қолданылады. Мысалы: *әсер, әзір, әлек, әйтеуір, әріп, әбігер, әдеби, әден, әділет, әжім, әйнек*.

3. Айтылу кезінде сөз ішіндегі *a* дыбысы *ә* болып айтылуы және естілуі мүмкін. Мұндайда, бұған қарамастан, *a* әрпінің өзі жазылады. Мысалы: *шай* (шәй емес), *дауекес* (дәуекес емес), *жай* (жәй емес).

4. Ә әрпі мына сөздерде екінші буында жазылады: *күмән, кінә, сірә, кінәрат, күә, күәлік, іңкәр*.

5. Жалаң түбірден немесе біріккен сөзден жасалған кісі аттарының соңғы буындарында *ә* әрпі жазылады. Олар мыналар: *Күләш, Күлән, Күләнда, Іңкәр, Бейсенәлі, Дүйсенәлі, Әбдікәрім, Қалиәкпар т.б.*

 **136-жаттығу.** А, ә әріптерімен келген төмендегі сөздерді көшіріп жазындар. Олардың жазылуын есте сақтандар.

Әжептеуір, әйтеуір, әлбетте, әйткенмен, ардагер, Айсұлу, Аян, қаламсап, әсемпаз, кінәлау, кінәсіз, мұсәпір, әділет, әдебиет, әлдеқайда, аралық.

 **137-жаттығу.** Өлеңді оқып шығындар, қарамен жазылған сөздердегі а, ә әріптері сөздің қай жерінде жазылғандарын айтындар.

**Аппақ керуен тәрізді,
Торғын көкте жоғары**

Келеді **самғап** жыл құсы –
Көктемнің тұнғыш **қонағы**.

Әнмен тербел аспанды,
Бастаған алдын ақку, **қаз**,
«Ала келдім», – дегендей, –
Мейірі кең, **мырза жаз!**»

(Ә. Сәрсенбаев)



138-жатығу. Көп нүктенің орнына *a*, *ә* әріптерінің тиістісін қойып көшіріндер.

1. Жанат ж...з... бастады. (Ә.Мұст.) 2. Д...ulet кітаптарды, ...sіресе көркем ...дебиетті көп оқитын. (С.М.) 3. ...лияның б...л...лық ш...ғы ж...қызылыққ.... толы. (Х.Досп.) 4. С...лем р...сімі игі жақсыларды төрге шақырды. (М. Мағаун)

O, Ә ӘРІПТЕРІНІҢ ЕМЛЕСІ

! 1. *O, ө* әріптері буын талғайды. Бұл әріптер, көбінесе, сөздің басқы буынында жазылады. Мысалы : *орак*, *орамал*, *оттық*, *қоржын*, *қолғап*, *қолбасыш*, *өсімдік*, *өкпе*, *өрмекші*, *өшіргіш*, *көпір*, *көзілдірік*, *көктем*.

2. Сөздің басқы буынындағы еріндік *o*, *ө* дыбыстарының әсерімен екінші буындағы езулік *y*, *i*, *e* дыбыстары сөйлеуде *ұ*, *ү*, *ө* түрінде айтылғанмен, жазуда *ы*, *i* әріптері сақталып жазылады. Мысалы : сөйлеуде *орұн*, *ойұн*, *окұту*, *қонұс*, *қонұз*, *қонұр*, *қойғұзу*, *өнер*, *өңүр*, *өмүр*, *көмүр*, *өлөң*, *өлкө* түрінде айтылатын сөздер мына түрде жазылады: *орын*, *ойын*, *окыту*, *қоныс*, *қоңыз*, *қоңыр*, *қойғызу*, *өнер*, *өңір*, *өмір*, *көмір*, *өлең*, *өлке*.

3. Әрпі орыс тілінен енген сөздерде буын талғамай, барлық буындарда жазыла береді. Мысалы : *орден*, *ордер*, *зоология*, *кино*, *динамо*.

4. *O, ө* әріптері біріккен сөздерде және біріккен сөзден болған жалқы есімдерде ортаңғы, соңғы буын-

дарда қолданыла береді. М ы с а л ы : *көнетоз, алабота, итқонақ, қолөнер, Ботағөз, Ербол, Ақбота, Талдықорған, Алакөл, Байқоңыр, Ақтөбе.*

 **139-жаттығу.** Мақал-мәтелдерді оқып, қарамен жазылған сөздердегі о, ө әріптері сөздің қай жерінде жазылғанын айтындар.

Орнын таппаған орынсыз қалар. Қорқақ қоразға қон бітпес. Атаның ғана ұлы **болма, Отанның да ұлы **бол**. Көз мынды **көрер**, **көніл** бірді сүйер. Өмірді тану – ғылым, өзінді білу – **өнер**. **Дос** – өлер, достық – **өлмес**.**

 **140-жаттығу.** Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып, жаттығуды көшіріп жазындар.

Ұзын б...йлы; т...ғыз ...рынды ұшақ; к...мбеге жету; к... пірден ...ту; к...рнекі құрал; м...мын бала; ұзын м...йын; м...лдір су; н...сер жауын; ...нерлі жастар;тініш жазу.

 **141-жаттығу.** О, ө әрпімен келген төмендегі сөздерге алдымен сөз тіркесін, соナン соң сөйлем құрастырындар.

Ү л г і : *Oрамал*

Қызыл орамал

Қызыл орамалды қыз аялдамада тұр.

Өрмек, көрме, жолдас, тоғыз.

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. О, ө әріптері буын талғайды ма, жоқ па?
2. Бірінші буында келетін **о**, **ө** дыбыстары келесі буында келетін **ы**, **і** дыбыстарына қалай әсер етеді?

Ұ, Ү ӘРІПТЕРІНІҢ ЕМЛЕСІ

 1. Ұ, ү әріптері буын талғайды. Бұл әріптер көбінесе сөздің басқы буынында жазылады. М ы с а л ы : *ұлтан, мұнай, мұқаба, тұқым, ұлкен, курес, үкі, жүзім, сүйену.*

2. Ұ, ү әріптерінің сөздің ортаңғы және соңғы буындарында жазылуы сирек кездеседі. Ортаңғы, соңғы буындарында ұ, ү әріптері жазылатын сөздер мыналар:

а) жалаң сөздер: *мазмұн, дәстүр, бұлбұл, дүлдүл, мәглұмат, мақұлдау, мәжсүр, байғұс, нақұрыс;*

ә) біріккен сөздер: *аққұтан, көкқұтан, басқұр, бұрсігуни, Сейітқұл, Бибігүл;*

3. Сөздің басқы буынындағы еріндік ұ, Ү дыбыстарының әсерімен одан кейінгі буындағы езулік ы, і дыбыстары ұ, Ү түрінде айтылды. Ал жазуда ы, і әріптері сақталып жазылады. Мысалы: құлын-құлұн, жұлдыз-жұлдұз, күндіз-күндовуз, ұшқын-ұшқұн, ұйқы-ұйқұ, күлкі-күлкү, құндыз-құндовуз, үйір-үйүр, үңгір-үңгүр т.б.

 **142-жаттығу.** Көп нүктенің орнына ұ, Ү, ы, і әріптерінің тиістісін койып, жаттығуды көшіріндер. Емлесі киындық келтіретін сөздерді орфографиялық сөздіктен қарандар.

Күзг... суық, тұнг... салқын, күнд...зг... ыстық, ұз..н құр...қ, мәжб...р болу, мазм...ндама жазу, қамшының бүлд...ргесі, бұрс...г...ні келмек, құм...рсқаның илеуі, түй...ншекті шешу, күлк...лі жағдай, үлкен толқ...н, сөзін мақ...лдау, түлк...нің теріси.

 **143-жаттығу.** Мәтінді көшіріп жазындар. Қарамен жазылған сөздерде қандай дауысты дыбыстардың барын айтындар. Өткен тақырыптарды еске түсіріндер.

Іленің Балқашқа құйған **сағасы** қалың құрақ, жалпақ **көгалымен** көктемде **ерекше** бір **көркіне** кіріп еді. Айдынын аққу, қаз, алуан түрлі **үйректер** мекендеген қамыс ішінің **аландарындағы** көк үйірімдер құс **базарына** үқсайды, күндіз-түні **тынымсыз** үн қатады.

Көлде құс үні, **көктігінде** мал дыбысы, **белесінде** егіс дубірі **Іле сағасынан** өмір үшін көтерген. Осы думаның қалың **ортасы** – Гани басқарған түйе **фермасының** аулы. (*C. Бегалин*)



144-жаттығу. Мына сөздерді басқа сөздермен тіркестіріп, улгі бойынша сөз тіркесін жасандар және олардың емлесін есте сактаңдар.

Ү л г і : *тынық су, мейраммен құттықтау.*

Тұнық, құттықтау, бұйыры, момын, үндемейтін, бұйрат, бұқара, бұлт, бұрғы, бұлдірген, бұркіт, дұшпан, дүйсенбі, дүниеңор, жұлдыз, жұмыртқа, жұзбе-жұз, жұп-жұбымен, жүйрік, жүйітку, күкірт.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ү, ү әріптері буын талғай ма?
2. Басқа буындағы ү, ү дыбыстарының әсерінен кейінгі буындағы қандай дыбыстар айтылуда өзгереді?

У ӘРПІНІҢ ЕМЛЕСІ

1 1. У дыбысы дауысты дыбыстан кейін келсе дауыссыз дауысты таңбалайды. Мысалы : *cay, тaraу, елеу, егеу* т.б.

2. У дыбысы дауыссыз дыбыстан кейін келсе дауысты дыбысты таңбалайды. Мысалы : *бу, жуу, айту, күлу, түсу* т.б.

3. У дыбысы жуан дауысты да (мысалы: *жазу, қайту, айту, бару*), жіңішке дауысты дыбысты да таңбалайды (мысалы: *түсу, ису, икемдеу, жұзу*).

4. *Бу, ту, қу, жуу, сау, дау, ау, су* етістіктеріне тұйық етістіктің у жұрнағы жалғанғанда, олар *бүү, туу, қуу, жууу, сауу, жсауу, ауу, суу* түрінде жазылады.



145-жаттығу. Оқып шығып, құрамында у әрпі бар сөздерді табындар.

1. Екі жаман ауыл болмас, ауыл болса қауым болмас. (*Мақал*) 2. Төрт аяғы қакқан қазықтай тіп-тік, сұлу тайекен (*C. Мұқанов*) 3. Мен емес пе шалғы алып, шөбін шап-

кан, Малына құдық қазған, қауға тартқан? (С. Торайғыров)
4. Сапардың қуанышы ұзаққа созылмады. Түсуді ойлап, қайта еңкейіп көрді де, төбе құйқасы шымырлады, басы айналып, көзі қарауытқандай болып, буындары дірілдеп коя берді. (М. Иманжанов)

 **146-жаттығу.** Сөздердің қайсысында у әрпі дауысты, қайсысында дауыссыз дабыстың таңбасы екенін айтып беріндер.

1. Сулы жер, ауыспалы егіс, уақытты үнемдеу, егін ору, шөп шабу, отты көсеу, ауа толқыны, уәдесінде тұру, рудаға бай, шөпті маялау.

2. Ашыту, туыс, астаяу, булану, бауыр, бұрқану, уақыт, молекула, аялдау, ақтарылу, ағызу, баулау, дуадақ, дауыс, жусан, уылдырық.

 **147-жаттығу.** У дабысы дауысты болып келетін үш сөзге және у дабысы дауыссыз болып келетін үш сөзге мысал ойлап табындар.

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. У дабысы дауысты ма әлде дауыссыз ба?
2. У дабысы жуан дауысты ма, әлде жіңішке дауысты ма?

Ы, і ӘРІПТЕРІНІҢ ЕМЛЕСІ

 **Ы, і әріптері буын талғамайды.**

Бұл әріптер сөздің барлық буындарында жазылады. Мысалы: ынта, ілгек, ыстық, істік, дауыл, дәүір, орындық, өндіріс, жасырақ, жалынышты, өткірлік т.б.

Кейбір сөздерге қосымша жалғанғанда, олардың түбіріндегі ы, і әріптері түсіп қалады.

1. Халық, орын, мұрын, әріп, ерін, бөрік сияқты т.б. сөздерге тәуелдік жалғауы жалғанғанда, соңғы буындағы ы, і әріптері түсіріліп жазылады. Мысалы: халық+ы= халқы, орын+ ы= орны, мұрын+ ы= мұрны, әріп+ і= әрпі, ерік+ і =еркі, ерін+ і= ерні т.б.

2. *Ойын, орын, жиын, қыын* деген сөздерге етістік түдіретін *a* жүрнағы жалғанғанда, түбірдегі *ы* әрпі түсіп қалады. Мысалы: *оійын + a = ойна*, *орын + a = орна*, *жиын + a = жина*, *қыын + a = қина*.

3. Сан есімдердің ішінен алты, жеті, екі сан есімдеріне ау, еу, жүрнағы жалғанғанда, соңғы *ы* (*i*) әріптері түсіріліп жазылады. Мысалы: *алты + ay = алтасу*, *екі + ey = екеу*, *жеті + ey = жетеу*.

4. *ЫI, (i)* әрпіне біткен етістіктерге у жүрнағы жалғанғанда, сөз соңындағы *ы* (*i*) әрпі түсіріліп жазылады. Мысалы: *тасы + y = тасу*, *оқы + y = оқу*, *қоры + y = қору*, *ipi + y = ipу*, *телі + y = телу*, *кемі + y = кему* т.б.

 **148-жаттығу.** Құрамында *ы* (*i*) әрпі сақталған және қосымшалар жалғануына бұл әріп түсірілген, төмендегі сөздердің емлесін есте сактаңдар. Бұларды қатыстырып сөйлем қураңдар.

Жолдасына бұйыру, бұйрық беру, қорықпа, қорыққан, қорқыту, қорқақ, жігін айыру, айырмай ұстау, көп уақыт, уақтылы тамақтану, қырық дәптер, қырқыншы мектеп, қырықаяқ, малды айыру, пышақтың жүзі қайрылу, қайтару, қайырма жаға.

 **149-жаттығу.** Көшіріп, көп нүктенің орнына *ы*, *i* әріптерінің біреуін жазындар. Егер бұл әріптерді жазуға болмаса, көп нүктені алғып тастап, біріктіріп жазындар.

1. Тонғандарың мына түс-түсындағы ау...лдарға ба-рып, жылынып қайтындар. 2. *Сенің ау...лыңың түсында жиырма кісі бар* (М. Әуезов) 3. *Жақын ұзын бойын онша созбай, созалаңдан ор...нынан тұрды да, бөліп-бөліп екі-ақ ауы...з сөз айтты*. 4. *Мұндайда ау...зын бағатын қүзетші Мәмет қарт та сөйледі*. (F. Мұстафин)



150-жаттығу. Төмендегі ы, і әрпімен келген сөздерді оқып, жазылу орнына көңіл бөліндер.

Мылтық, ғылым, ғалым, балым, балық, ағыз, тыс, арық, толық, мамық, семіз, тіл, құлқі, кітап, білім, тіс, жүріс, иіс, берік, көлік, інжу.

⌚ Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. **Ы**, і әріптері буын талғайды ма, жоқ па?
2. **Ы**, і әріптері қандай жағдайларда түсіріліп жазылады?

И ӘРПІНІҢ ЕМЛЕСІ

❶ *И* әрпі жалаң *и* дыбысының да, қосарлы *ый*, *ий* дыбыстарының да таңбасы ретінде қолданыла береді. Мысалы: *кино*, *теннис*, *бригада* деген сөздерде *и* әрпі жалаң дыбысты (*и* дыбысын) таңбалайды. Бұл әріп *қи*, *жи*, *ылди*, *тасиды*, *тоқиды* деген сөздерде *ы+й* әріптерінің қосындысының таңбасы ретінде, ал *ки*, *куім*, *би*, *билеу*, *кемиді*, *іриді* деген сөздерде *i+й* әріптерінің қосындысының таңбасы ретінде қолданылады.

Қазақ тілінде *и* әрпі бірде жуан, бірде жіңішке дыбыстың таңбасы ретінде қолданылады. Мысалы: *риза*, *Иса* деген сөздердегі *и* жуан да, *ине*, *икем* деген сөздердегі *и* жіңішке.

⌚ **151-жаттығу.** Көп нұктенің орнына **и**, **й** әріптерінің тиістісін койып көшіріңдер. **И** әрпінің қандай дыбыстардың орнына жұмсалып тұрғанын айтындар.

Ж ... нау, к ... ік, ұ ... ым, ... іс, қ ... ық, тұ ... ық, нас...-хат, б ... ік, қ ... ық, ... гілік, к ... ім, уақ ... ға, ... мек, х... м ... я, к ... осқ, Укra ... на, комба ... н, сұ ... ек, мәде-н...ет, сұ ... ық.



152-жаттығу. Мына мақал-мәтелдерді жаттап алындар. **И**, **й** әрпі бар сөздерге көніл аударындар.

Ине өткен жерден
Жіп өтер.
Иесі жоқтың—асы жок.
Иілген басты қылыш кеспес.



153-жаттығу. Көп нүктенің орнына **у**, **и** әріптерінің тиістісін қойып көшіріндер де, олардың қай дыбыстардың таңбасы ретінде қолданылып тұрғанын айтындар.

1. Қабанбай жастайынан жаудың жа ... ыздығын көзімен көреді. 2. Жылқыға т ... ген шапқыншыларға қарсы айқаста көзге түседі. 3. Ол жа ... ға аттанбақ болғанда, қасына ешкім ермейді. 4. Бөгенбай, Еділ, Жайық, Сырдар...яны жаудан азат етті! 5. Қазақ тар ... хында өзіндік орны бар Бөгенбай туралы дастан, жырлар шығарылған. 6. Бірде екі адам да ... ласып, ханға келеді. («Қазақтың батырлары»)



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. И әрпі қандай дыбыстардың таңбасы ретінде қолданылады?
2. И дыбысы жуан ба, жінішке ме?

Я, Ю ӘРІПТЕРІНІҢ ЕМЛЕСІ

! 1. Я әрпі **й** және **а** дыбыстарының қосындысының таңбасы ретінде, ал **ю** әрпі **й** және **у** дыбыстарының қосындысының таңбасы ретінде барлық буында жазылады. **Мысалы**: яғни, яки, аяқ, қоян, таяқ, аяз, таяныш, ясли, юбилей, аю, ою, кею, көркею, юбка, қою.

2. Орыс тілінен енген сөздерде **я, ю** әріптері дауыссыз дыбыстан кейін жазыла береді де, я әрпі жалаң **а** дыбысының, ал **ю** әрпі жалаң **у** дыбысының таңбасы ретінде қолданылады. Бұл жағдайда олар (**я, ю**) өзінің алдындағы дауыссыз дыбысты жінішкертеді. **Мысалы**: отряд, снаряд, сентябрь, полюс.



154-жаттығу. Мына сөздерді дауыстап оқындар. Оларды қатыстырып бірнеше сөйлем құрастырындар.

Аю, ою, жиу, қиу, мия, сия, дария, мая, бояу, тация,
ұя, аяз, пияз, жаю, сарғаю, қараю, кенею.



155-жаттығу. Жұмбақтардың шешуін табындар. **Ю, я** әріптерімен келген сөздердің жазылуына көніл аударындар.

1. Аяғы жоқ, қолы жоқ, көйлегі жоқ, қарны тоқ,
Құлағы мен көзі жоқ, жоқ тіпті қол мен аяғы,
Бірақ ғажап өнерпаз, мәнерлеп ою ояды.
 2. Кек ала костюм киеді,
Күннің көзін сүйеді.
- Шешуі : қарбызы, аяз.



156-жаттығу. Мына сөздерді көшіріп жазындар. **И** дыбысының айтылу ерекшелігіне назар аударындар.

Ерғали, Иманәлі, Иса, Сырдария, Науай, иік, иіс, сабын, иіс су.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. **Я, ю** әріптері жалаң дыбыс па, әлде қосарлы дыбыс па?
2. Орыс тілінен енген сөздерде **я, ю** әріптері қандай дыбыстан соң келеді?

Э, ё ӘРІПТЕРИНІҢ ЕМЛЕСІ



Э және ё әріптері – орыс тілінен енген дауысты дыбыстар. Ё дыбысы й және о дыбыстарының бірігуінен жасалған. Э және ё әріптері тек қана орыс тілінен енген сөздерде ғана жазылады. Мысалы: *электр, экран, эшелон, аэроклуб, шахтёр, шофёр, ёлка, слёт*.



157-жаттығу. Төмендегі сөздерді қатыстырып, сөйлем құрап жазындар. Бұл сөздердің айтылуын, жазылуын есте сақтаңдар.

Экватор, экипаж, этаж, элеватор, элемент, этажерка, электр станция, аэроклуб, аэростат, аэродром, поэма, шахтёр, дирижёр, монтёр.



158-жаттығу. Мына өлеңді жаттап алындар.

Аяз ата мерейі кен,
Құшағы – жаз, құлашы – дән,
Әр жыл сайын айтып өлең,
Ёлка сайын шырқайды ән.

(A. Тоқмаганбетов)



159-жаттығу. Мына сөздерді көшіріп жазындар. Олардың қалай жазылатынын есте сақтаңдар.

Жақия, тақия, баяу, ұя, аяз, пияз, аю, жаю, сарғаю, қараю, кенею.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Э қандай дыбыс?
2. Э дыбысын айтқан кезде дыбыстау мүшелері қызметінде қандай ерекшеліктер болады?
3. Э дыбысы бар сөздерден мысал келтіріңдер.
4. Э дыбысы сөздің қай буындарында келеді? Мысал келтіріңдер.

ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАРДЫҢ ЕМЛЕСІ

К, Қ, Г, Ғ, Х ӘРІПТЕРІНІҢ ЕМЛЕСІ



1. Қазақ тілінде қ-қ, ғ-ғ дауыссыздары жуан және жінішке түрінде жұп құрайды. Дауыссыз қ-жуан да, оның сынары қ дыбысы – жінішке. Сондай-ақ, ғ дыбысы – жуан да, ғ дыбысы – жінішке дауыссыз.

Қазақ тілінің төл сөздерінде қ, ғ дауыссыздары жуан дауыстылармен тіркесіп қолданылса, қ, ғ дауыссыздары жінішке дауыстылармен тіркесіп қолданылады. Мысалы: қасық, қоңыр, қызыл, қоңыс, агару, тағалау деген

сөзде де *қ*, *ғ* дауыссыздары бір өңкей жуан дауыстылармен тіркесіп тұр. Ал *күн*, *куміс*, *кузетті*, *кендір*, *көгершін*, *егіс*, *шегелеу* деген сөздерде *қ*, *ғ* дауыссыздары бір өңкей жінішке дауыстылармен тіркесіп тұр.

2. *X* әрпі басқа тілден енген сөздерде (мысалы: *хат*, *хал*, *халық*, *тарих*, *асхана* т.б.) және кісі аттарында (*Ахмет*, *Хамит*) жазылады.


 **160-жаттығу.** Мына сөздерді оқып, **қ**, **қ**, **ғ**, **ғ** дыбыстарының қайсылары жуан сөздерде, қайсылары жінішке сөздерде келгеніне көңіл бөліндер.

Қаламқас, кеменгер, ғалым, Гұлсім, Фалия, Гұлнар, Гүлбану, гүл, білгіш, сұзгіш, егістік, егіс, Фали.

 **161-жаттығу.** Көп нүктенің орнына **х** немесе **қ** әріптерінің тиістісін қойып сөйлемдерді көшіріндер.

1. Кішкентай Әлі ұста...анаға жақындаған сайын көңілденіп жүре берді. 2. Әр кезде сол есіктен баж етіп шала жанған көмір, темір ұш...ындары ат...ып шығады. 3. Еңбек адамның жанын бәле-жаладан са...тайды ғой. (Д.Досжанов) 4. Шаш шаһарында түрғанда Әбу Насыр әл-Фараби ша...тың бау-бақшасын күтіп-баптапты. 5. Бақшадағы ...ауыз жанында бағдат кілемше үстінде, құс жасты...қа шынтағымен сүйеніп, ол ой үстінде отырады.

 **162-жаттығу.** Төменде берілген «**қ** дыбысы» деп аталатын сөзжұмбақты шешіндер.



 **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. **Қ**, **қ**, **ғ**, **ғ** дыбыстары буын талғайды ма, әлде жоқ па?
2. **Қ**, **ғ** және **қ**, **ғ** дыбыстарының айырмашылығы қандай?

Б, В, Г, Д ӘРІПТЕРІНІҢ ЕМЛЕСІ

1. Дауыссыз *b*, *d* дыбыстары қазақ тілінің төл сөздерінде сөздің басында да, ортасында да қолданыла береді. Мысалы: *балапан*, *базбан*, *бастау*, *бұрау*, *булану*, *дала*, *дайындау*, *дабыл*, *дақыл*, *дауласу*, *дауыл*, *абайлау*, *төбе*, *тебен*.

2. Дауыссыз *v* дыбысы орыс тілінен енген сөздердеғана жазылады. Мысалы: *вагон*, *вазелин*, *вокзал*, *волейбол*, *авария*, *август*, *автобус*, *автоколонна*.

3. Дауыссыз *b*, *v*, *g*, *d* дыбыстары қазақ тілінің төл сөздерінде сөз аяғында келмейді. Тек орыс тілінен енген сөздердің ғана соңында қолданылады. Мысалы: *клуб*, *штаб*, *микроб*, *архив*, *педагог*, *округ*, *наряд*. Сөз соңындағы ұяң *b*, *v*, *g*, *d* дыбыстары қатаң *n*, *f*, *k*, *t* дыбыстары түрінде айтылып, қосымшалардың басқа дауыссыз дыбысы қатаң болып жалғанады. Мысалы: *клубтың*, *клубқа*, *педагогтар*, *педагогтың*.

163-жаттығу. Мына сөйлемдерден **б**, **д** әріптерінен басталып жазылған сөздерді ғана теріп жазындар.

Бала атаулының жаз болады десе, ерекше сағынатыны – бұлдірген. Бірақ Бақанастың өз өнірінде ол өспейді.

Бұлдірген дегенде, Абай да елең етіп, сұрастыра бастап еді. Тәкежан жаңа ат үстінде жүріп естіпті. Тәкежан осыны айтқанда, жаңағы көп бала аландал:

- Жұр ендеше, барайық!
- Барып теріп қайтайық!
- Иә, сәт, бұлдірген, бұлдірген! – десіп ойнақ салды.

(M. Әуезов)

164-жаттығу. Көп нүктенің орнына **д**, **т** дыбыстарының тиістісін қойып, жаттығуды көшіріндер.

1. Киіміне қарайған ...ак түсіпті. Жұп сан емес, ... ак сан. 2. ...аулы мәселе, ...аулы жер. 3. Жаңа ...әуір адам-

дары. Ол науқасынан ...әуір болды. 4. Үйдің іші адамға ...олы екен. Ол—...олы адам. 5. Оның мінезі шы ... ыр еді. Үйдің ша ... ыры көк сырмен боялған.

 **165-жаттығу.** Мына сөздерді дауыстап оқып, көшіріп жазындар. **Б, в, г, д** әріптерінің сөздің қай жерінде келетініне назар аударындар.

Бота, Бағлан, болашақ, борсық, бота, дала, дана, гүл, дағды, дағдарыс, вагон, Волга, дүлдүл, бақа, балға, дүкен, дүлей.

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. **В, б, г, д** дыбыстары қазақтың төл сөздерінің сөз аяғында келе ме?
2. Сөз соңында келетін үяң **б, в, г, д** дыбыстары қалай айтылады?

Ф, Ц, Ч, Щ, ӘРІПТЕРІНІҢ ЕМЛЕСІ

 1. *Ф, ц, ч, щ* әріптері орыс тілінен енген сөздерде және кісі аттарында кездеседі. Мысалы: *фабрика, авиация, центнер, очерк, борщ, буфет, щи, Хафизов, Музaffer, Фархат т.б.*

2. *Щ* әрпі қазақтың байырғы сөзінде, мәселен, *аиы, тұңғы, кеше* сөздерінде жазылады.

3. *И* дыбысы санаулы сөздерде ғана жазылады. Мысалы: *қаңар, қаңарман, қаңарлы, гауңар, жиңан, еңе, уң, уңлеме т.б.*

 **166-жаттығу.** Құрамында **Ф, ц, ч, щ** әрпі бар төмендегі сөздердің мағыналарын анықтап, көшіріп жазындар да, олардың емлесін есте сақтаңдар.

Асфальт, цирк, цемент, чек, форточка, тумбочка, чемпион, чемодан, щетка, футбол, фабрика.

 **167-жаттығу.** Мына сөйлемдерден **ц** әрпі бар сөздерді тауып, көшіріп жазындар.

Инженер циркуль, сызғыш алып, жоба жасады. Бұл – жаңа цехтың жобасы. Құрылышқа екі машина цемент түсірілді. Құрылышшылар фундамент құяды. Оспан цифрларды әдемі жазады. Таңкентке хайуанаттар циркі келді.



168-жаттығу. Төмендегі сөздерді оқып, мағыналарын анықтандар, оларды қатыстырып бірнеше сөйлем құрастырындар.

Цемент. Цирк. Циркуль. Фуфайка. Целлофан. Конференция.

ҚОСАРЛЫ ДАУЫССЫЗДАР ЕМЛЕСІ



1. Қосарлы *сс*, *лл*, *мм* дыбыстарына біткен сөздер түбір қалпында өзгеріссіз жазылады. Мысалы: *прогресс*, *металл*, *киловатт*, *грамм*. Орыс тілінен енген бұл сөздерге қосымша жалғанғанда, қос дауыссыздың соңғы сыңары түсіп қалады. Мысалы: *прогресс–прогрестің*, *прогрессі*; *металл–металдың*, *металга*, *металы*; *грамм–грамман*, *граммды*, *граммы*; *киловатт–киловатқа*, *киловаты*.

2. *Нд*, *мп*, *кт*, *нг*, *мб, ск*, *фт* дыбыстарының тізбегіне біткен сөздер түбір күйінде өзгеріссіз жазылады. Оларға дауыссыз дыбыстан басталған қосымшалар ы немесе *i* дәнекері арқылы жалғанады. Мысалы: *фонд–фондына*, *штамп–штампына*, *ромб–ромбыға*, *киоск–киоскіде*, *ирифт–ирифтімен*.

3. *Ст*, *сть*, *зд* дыбыстарының тізбегіне біткен термин сөздер түбір күйінде сол қалпында жазылады. Мысалы: *трест*, *ведомость*, *поезд*, *разъезд*. Бұл сөздерге қосымшалар жалғанғанда, соңғы *т*, *ть*, *д* дыбыстары түсірілп жазылады. Мысалы: *треске*, *ведомосы*, *пойызben*.

4. Соңғы дыбыстары *ог*, *уг* болып келген сөздерге және *рк*, *рг*, *нк*, *нг*, *кс*, *кт*, *ск*, *нкт*, *кль*, *брь*, *бль* сияқты тіркес дыбыстарға біткен сөздерге қосымшалар әрдайым жіңішке түрде жалғанады. Мысалы: *педагогтер*, *педагогі*, *геологке*, *фактісі*, *пункттер*, *бинокольмен т.б.*



169-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, жаттығуды көшіріндер. Емлесі қындық келтіретін сөздерді орфографиялық сөздікten қараңдар.

1. м—мм: гра...атикалық талдау, мақтау гра...отасы, радио хабарларының бағдарла...асы, екі килогр... қант, төрт жұз гра...ды бөлу, жолдасынан телегра...а алу.

2. л—лл: бағалы мета..., мета...ды көп өндіру, ауыр арти...ерия, сурет га...реясы, криста...дай таза, үлкен кол...екция.



170-жаттығу. Төмендегі сөздерге қосымша жалғап жазындар.

Конгресс, август, миллиграмм, турист, альпинист, разъезд, ведомость, журналист, подъезд, ватт, прогресс, тракторист.



171-жаттығу. Төмендегі сөздерді оқып, мағыналарын анықтап, оларға септік жалғауының қосымшаларын үлгі бойынша жалғап жазындар да, қосымша жалғанғанда, түбірдің соңғы дыбыстарының қатаңданып айтылатынына көңіл аударындар.

Ү л г і : каталог—каталогқа

Каталог. Аэроклуб. Биолог. Микроб. Метеоролог. Драматург. Йод. Лимонад. Масштаб. Миллиард. Рекорд.

АЙЫРУ (Ь) ЖӘНЕ ЖІҢİŞКЕЛІК (Ь) БЕЛГІЛЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ



Айыру (ь) және жіңішкелік (ь) белгілері орыс тілінен енген сөздерде ғана жазылады. Мысалы: съезд, разъезд, подъезд, адъютант, альбом, фильм, альманах, роль т.б.

Сөз жіңішкелік белгісіне (ь) бітіп, оған дауыссыз дыбыстан басталатын қосымша жалғанғанда, жіңішкелік белгі сақталып жазылады. Мысалы: токарьга, токарьдың, токарьмен.

Жіңішкелік белгісіне біткен сөздерге жалғанған қосымша дауысты дыбыстан басталса, онда түбір

соңындағы жіңішкелік белгі түсіп қалады, жазылмайды. Мысалы: *рөлі, биноклі, ансамблі*.

 **172-жаттығу.** Мына сөздерді көшіріп жазыңдар:

Апрель, январь, сентябрь, июль, фильм, подъезд,
разъезд, бюллетень, медаль.

 **173-жаттығу.** Төмендегі сөздерді оқып шығыңдар. Оларға алдымен дауыссыз дыбыстан басталатын қосымшалар, екінші жолы дауысты дыбыстан басталатын қосымшалар жалғап көріндер. Екі түрлі қосымшалар жалғанғанда қандай өзгерістер болғандығын түсіндіріндер.

Рояль. Бинокль. Туннель. Фонарь. Спектакль. Дирижабль. Мебель. Автомобиль.

 **174-жаттығу.** Мына мақалдарды көшіріп жазыңдар және жаттап алыңдар.

Игі істер өлмейді, ізгі ойлар өшпейді. Жақсымен сөйлессең, балға шекер қатқандай. Жаманмен сөйлессең, итке сүйек атқандай. Кісі көркі–жұз, жүздің көркі–көз, ойдың көркі–тіл, тілдің көркі–сөз.

ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЕМЛЕСІ

ҚАЙТАЛАУ ҮШІН СҮРАҚТАР:

1. Дауысты дыбыстар қалай жасалады?
2. Тілімізде қанша дауысты дыбыс бар?
3. У дыбысы дауысты ма, әлде дауыссыз ба?
4. Тілдің қатысына қарай дауысты дыбыстар қалай бөлінеді?
5. Жақтың қатысына қарай ше?
6. Еріннің қатысына қарай дауыстыларды қалай бөлеміз?



175-жаттығу. Нұктелердің орнына түсіріліп қалдырылған дауысты дыбыстарды қойып, сөйлемдерді көшіріп жазындар.

1. Ж...здыгүнгі т...ғайдың т...сі қ...з т...қтатпай б...ресе қ...к, біресе ж...сыл б...лып құлп...рады.
(С. Мұқанов) 2. М...мықтай м...йда қ...р. Т...ғыздалған еск... қ...рдың б...тін жаң... қ...р б...ркеп ж...тыр.
(Т. Ахманов) 3. К...мел үрп...қ—б...лашақтың т...регі.
(Газеттен)



176-жаттығу. Сөздердегі қате жазылған жерлерді табындар, оларды дұрыстап, сөйлем құрастырындар.

Кітаб, орыным, көжекің, жарысбай кел, жирма оқушы.



177-жаттығу. Төмендегі сөздерді екі баған етіп жазындар. Бірінші бағанда у дыбысы дауысты дыбыс, екінші бағанда у дыбысы дауыссыз дыбыс болсын.

Су, жарау, қу, ту, сұық, жаттау, алу, алуан, ау, құру, жұру, айту, сабау, бау, тау, бу, жу.

ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАРДЫН АЙТЫЛУЫ ЖӘНЕ ЕМЛЕСІ

ҚАЙТАЛАУ ҮШІН СҰРАҚТАР:

1. Дауыссыз дыбыстар қалай жасалады?
2. Дауыссыз дыбыстарды жасалуына қарай нешеге бөлеміз?
3. Олардың бір-бірінен айырмашылығы бар ма?
4. Қатаң дауыссыздар қалай жасалады?
5. Ұян дауыссыздар үннен жасала ма, әлде салдырдан жасала ма?
6. Үнді дауыссызда салдыр басым ба, әлде үн басым ба?



178-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазындар. Дауыссыз дыбыстарды тауып, олардың астын сзызындар. Бірнешеуіне дыбыстық талдау жасандар.

Ү л г і : ж – ұяң дауыссыз.

Жастықты қайтара алмайсың, қарттықты тойтара алмайсың деген рас-ау. Біздің жастық шағымыз қындау өтті. Жалынды күш-жігерге толып, бойынды білімге деген құштарлық билеген сэтте жалқаулық дегенді білмейтінбіз – дейді қария. («Нұрлы жол» газетінен)



179-жаттығу. Сөздерді оқып шығындар. Қатаң дауыссыздан жасалған сөздерді бір бағанға, ұяң дауыссыздан жасалған сөздерді екінші бағанға, үндіден жасалған сөздерді үшінші бағанға, аралас келген сөздерді төртінші бағанға теріп жазындар.

Қасық, жалбыз, жүк, жыр, лай, терек, тас, бақа, ертегі, қызық, боран, шаш, жаз, нан, нәр, мал, батыр, жылы, шөп, қыста, хабар.



180-жаттығу. Төменде берілген сөзжұмбақтың бос көздеріне керекті дауыссыз дыбыстарды қойындар. Сонда Абайдың тіл туралы нақыл сөзі шығады.

ө		е			а			ы			ы			ы			i		
---	--	---	--	--	---	--	--	---	--	--	---	--	--	---	--	--	---	--	--

БУЫН ЖӘНЕ ТАСЫМАЛ

ҚАЙТАЛАУ ҮШІН СҰРАҚТАР:

1. Буынның неше түрі бар?
2. Дауыстыдан басталып дауыссыз дыбысқа аяқталған буын не деп аталады?
3. Ашық буынға бірнеше мысал келтіріңдер.
4. Бітеу буын қалай жасалады?
5. Тасымал не үшін қажет?
6. Тасымалдауға болмайтын бірнеше жағдайларға мысал келтіріңдер.



181-жаттығу. Төменде берілген қалып бойынша сөздер ойлап табындар.

ашық бітеу, бітеу бітеу,
буын буын, буын буын,
ашық ашық, тұйық ашық бітеу,
буын буын, буын буын.



182-жаттығу. Сөйлем ішіндегі сөздерді буынға бөліп жазындар. Ашық буынды бір сзықпен, тұйық буынды екі сзықпен, ал бітеу буынды ирек сзықпен сзызып көрсетіндер.

Әлтидің үйінен біз таң бозара аттандық. Тұндегі тұнерген бұлттан сол кезде сіркіреген жауын жауа бастады. Сол жаққа бұрылған жолмен жөнеле бердік. Мен білетін жолдардың ізі ішіне қарай батыңқы болушы еді, мынау жол үстіне қарай шығыңқы. Арба қалай жүреді бұған.

(С. Мұқанов)



183-жаттығу. Төменде берілген мәтінді буынға бөліп жазындар. Тасымалдауға болмайтын сөздердің астын сзызындар.

Білімді мыңды жығар

«Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар», – деген мақал бар. Шынында да арыстан–аса күшті жыртқыш. Бірақ одан адам сескенбейді. Акула жылдам сұнгиді. Ал адам оны да қып жетеді.

Ақыл мен білім адамды солардың бәрінен де күшті етеді. Ақыл адамды ғарышқа ұшуға мүмкіндік береді. Тұңғиық мұхиттардың сырын ашады. Бүкіл әлемнің қожасы етеді.

(«Қазақша күнтізбеден»)

Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Фонетика нені зерттейді?
2. Дыбыс дегеніміз не?
3. Әріп деп нені айтамыз?
4. Дыбыстау мүшелерін атап беріндер.
5. Әліпби сөзі қай тілден алынған?

ФОНЕТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

Талдау реті:

1. Сөзді буындарға бөл, буындардың түрін ата.
2. Сөз құрамынан дауысты дыбыстарды тауып, олардың тілдің, жақтың, еріннің қатысына қарай талда.
3. Сөз құрамынан дауыссыз дыбыстарды тауып, қатаң, ұяң, ұнді дауыссыздың қайсысына жататынын анықта.
4. Сөз құрамындағы дыбыс пен әріп санын анықта.
5. Сөзде ұнdestтік заңына сәйкес құбылыс бар ма?
Бар болса түсіндір.

Талдау үлгісі:

Құлышақ – құ-лын-шақ, үш буынды: 1-ашық, 2,3-бітей буын.

қ – дауыссыз, қатаң

ұ – дауысты, жуан, қысан

л – дауыссыз, ұнді

ы – дауысты, жуан, қысан, езулік

н – дауыссыз, ұнді

ш – дауыссыз, қатаң

а – дауысты, жуан, езулік

Сөзде 8 дыбыс, 8 әріп бар.

а) сөздің 1-буынындағы ұ еріндік дауыстының әсерінен 2-буындағы ы дыбысы ұ болып айтылады: құ-лұн-шақ.

ә) сөздің үш буынындағы да дауысты дыбыстардың жуан болуы ұнdestтік заңына жатады.

ЛЕКСИКА

СӨЗ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҒЫНАСЫ

 Табиғат пен қоғамда алуан түрлі заттар мен құбылыстар бар. Ол заттар мен құбылыстар жайында адам санасында ұғым пайда болады. Ұғым тілде сөз арқылы аталады.

Белгілі бір ұғымды білдіретін атауды сөз дейміз.

Мысалы: *ағаш*, *тас*, *топырақ* деген сөздердің әрқайсысы – табиғаттағы белгілі бір заттың ұғымның аты: *жесел*, *тасқын*, *жсанбыр* деген сөздердің әрқайсысы – белгілі бір құбылыс ұғымының аты. Ал *жиналыс*, *кәсіпкер* деген сөздердің әрқайсысы – қоғамдағы белгілі бір ұғымның аты.

Сөз сын, сапа, қимыл, іс-әрекеттің және тағы басқа ұғымдарын білдіре алады. Мысалы: *қызыл*, *сары*, *кушті*, *білгір* деген сөздер түс, сапа, сындық ұғымдарды білдірсе, *екі*, *бес*, *он*, *отыз* деген сөздер сандық ұғымдарды білдіреді. Ал, *ору*, *жұру* деген сөздер қимыл, іс-әрекет ұғымдарын білдіреді.

 **184-жаттығу.** Лексикалық мағынасы бар сөздердің бір бөлек, мағынасы жоқ сөздердің бір бөлек жазындар.

Бар, ғой, ілк, кел, нар, ар, бек, азу, қас, бас, мет, шырак, өмір, ринг.

 **185-жаттығу.** Мына сөздердің құрамындағы дыбыстарды пайдалана отырып, лексикалық мағынасы бар сөздер құрап жазындар.

Үлгі: **жазба – жаз, баз, бажса, азба, аз, аза т.б.**

Жазба, саналы, мейірім, келіншек, достық.



186-жаттығу. Төмендегі сөз тіркестерін қатыстырып, сөйлем құрастырындар. Олардың мағыналарын айтып беріндер.

Ақ алтын, ағаштың көзі, алтын күз, тас жүрек.

СӨЗДІҢ ТУРА ЖӘНЕ АУЫСПАЛЫ МАҒЫНАСЫ

! Сөз мағынасының ауысып, өзге мағынада қолданылуы ауыспалы мағына деп аталады.

Сөздің затты я құбылысты атап білдіретін мағынасы тура мағына деп аталады. Тура мағына әр заттың өзіне ғана тән жеке мағынасы болып табылады, сол арқылы біз заттарды бір-бірінен айыра аламыз. Мысалы : *аспан, жер, жел, бұлт, орман* дегендер заттарды атаса, *биік, жылы, жақсы* дегендер сапаны, ал *бару, салу, оқу* дегендер қимылды атайды.

Сөздер әрқашан тура мағынада айтыла бермейді. Сөздің тура мағынасының негізінде туып, өрбіген, жалпы көпшілікке түсінікті ауыспалы мағыналары да болады. Мысалы, *көз*—адамның немесе жан-жануардың көру мүшесін білдіретін оның бастапқы тура мағынасы да, *күннің көзі, ұлақтың көзі* дегендегі *көз*—оның ауыспалы, туынды мағыналары.

Сондай-ақ *тұлкі* деген сөзді алып көрелік. *Қансонарда бүркітші шығады аңға, Тастан тұлкі табылар аңдығанға (Абай)* деген сөйлемде өзінің тура мағынасында қолданылып тұрса, *Айлакерлікпен күн көріп жүрген ол бір тұлкі* деген сөйлемде осы сөз ауыспалы мағынасында қолданылып тұр. Бұл сөйлемде *тұлкі* сөзі қу деген мағынаны білдіреді.



187-жаттығу. Төмендегі сөздердің тұра және аудиоспалы мағыналарын тауып, басқа сөздермен байланыстырындар да сөйлем құрастырындар.

Бет, құлақ, қабырға, дүние, кілт, ақ, өту, келу, терең.



188-жаттығу. Берілген тіркестер құрамындағы сөздердің тұра және аудиоспалы мағынаны білдіруіне қарай бөліп жазындар.

1. Жақсы сөз, жақсы адам, жақсы ой, жақсы күн, жақсы бала, жақсы өмір.

2. Терең сай, терең білім, терең адам, терең құдық, терең су, терең сезім.



189-жаттығу. Аудиоспалы мағыналы сөздер берілген. Сендер сол сөздердің тұра мағынасын табындар.

Үлгі: *Ауыр сөз—Атаңа ауыр сөз айтпа.* (аудиоспалы мағынада) – *Ауыр жүк* (тура мағынада)

1. Тәтті сөз. 2. Терең ой. 3. Қисық адам. 4. Алтын уақыт. 5. Қою әңгіме.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сөздің тұра мағынасы деген не?

2. Аудиоспалы мағына деп нені айтамыз?

3. Сөздің аудиоспалы мағынасына мысал айтқанда оны қандай мағынасымен салыстырамыз?

БІР МАҒЫНАЛЫ ЖӘНЕ КӨП МАҒЫНАЛЫ СӨЗДЕР (ПОЛИСЕМИЯ)

Әр түрлі мағыналардың білдіретін сөз көп мағыналы сөз деп аталады. Мысалы:

1. *Бел* сөзі. *Беліне белдік байлады* дегенде, дененің бір бөлігін білдірсе, *Жүргіншілер бел асып кетті* дегенде, таудың асуы, жаны, қырқасы деген мағынаны білдіреді.

2. *Бет сөзі*. Ұялғаннан беті қызару дегенде, жүз, әлпет деген мағынаны білдірсе, Кітаптың бетіне үңілу дегенде, қағаздың парагы деген мағынаны, Жердің беті, судың беті дегендерде үсті деген мағынаны білдіреді. Сонау бетте мал жайылып жүр дегенде, таудың, төбенің бөктері, беткейі деген мағынаны білдіреді.

Көп мағыналы сөздің қай мағынада қолданылып тұрғаны сөйлемде айқындалады.



190-жаттығу. Сөйлемдерді оқып шығып *бас*, *тіл* деген сөздердің қай мағынада қолданылып тұрғанын айтып беріндер.

I. 1. Бас жарылса, бөрік ішінде, қол сынса, жең ішінде. (Мақал). 2. Оқушылар саяхатқа барғанда, тау басына шықты. 3. Сапар жұмыс басына кетті. 4. Оқуды басынан бастап, зейін қойып оқу керек.

II. 1. Ол тамақ ішіп отырып, байқаусызыда тілін тістеп алды. 2. Арман өзінің ана тілін де, сонымен бірге орыс тілін де жақсы білетін еді. 3. Барлаушылар жау жақтан тіл әкелді. 4. Сағат тілі он екіні көрсетіп тұр.



191-жаттығу. Көп мағыналы сөздердің бәрі де бір сөз табына қатысты болатынына көз жеткізіндер. Төмендегі сөздердің қосымша туынды мағыналарын анықтап, кестені толтырындар.

Атаулы сөздер	Бастапқы мағынасы	Ауыспалы мағынасы
Тұбір	өсімдік тұбірі (зат есім)	
Кілт	ашатын құрал (зат есім)	
Бел	адамның дене мүшесі (зат есім)	
Тұп	ыдыстың асты (зат есім)	
Құлак	дене мүшесі (зат есім)	



192-жаттығу. Төменде берілген көп мағыналы сөздердің косымша (аудиспалы) мағыналары қандай бастапқы мағынадағы сөздерден тарағанын анықтандар.

Көп мағыналы	1	2	3	4
Сөздер	Бастапқы	Аудиспалы	Аудиспалы	Аудиспалы
Төркін		істің төркіні	мәселенің төркіні	сөздің төркіні
Көз		иненің көзі	терезенің көзі	бұлақтың көзі
Бет		судың беті	кітаптың беті	сәттің беті

ОМОНИМДЕР

!
Тілде дыбысталуы бірдей, бірақ мағынасы басқа сөздер бар. Мысалы: *тұс мезгілі* дегендегі *тұс* сөзі мен *тұс көру* дегендегі *тұс* сөзі – дыбысталуы жағынан бірдей болғанмен, мағына жағынан бір-біріне үқсамайтын әр басқа сөздер.

Сондай-ақ, төмендегі суреттерге байланысты айтылған сөйлемдердегі қара әріппен берілген сөздерді салыстыру арқылы олардың бір-бірінен айырмашылығын білуге болады.



Сырым ағаш кесу үшін экесінен **ара** сұрады.

Гүлге **ара** келіп қонды.

Егінге арық арқылы су жіберілді. Оның атын әкелген қояны арық екен дегенде, бірінші сөйлемдегі арық су

жүретін жолды білдірсе, екінші сөйлемдегі *арық* белгілі бір күйді (қарсы мағынасы – семіз) білдіреді. Дыбысталауы бірдей болғанмен, бұл сөздердің бір-бірімен мағыналық байланысы жоқ. Сондықтан олар әр басқа сөздер болып саналады.

Дыбысталауы бірдей, мағынасы басқа-басқа сөздерді омонимдер дейміз.



193-жаттығу. Сөйлемдерді оқып, олардың құрамындағы омонимдес сөздердің қайсысы қандай мағынаны білдіретінін айтып беріндер.

Сыр. 1. Сырлы аяқтың сырлы кетсе де, сыны кетпейді.
(*Мақал*)

Сыр. 2. Баласы ұлken кісідей сыр сұрап отыр.
(*М. Эуезов*)

Жастық. 1. Жастық пен көрпені төсек үстіне жинады.

Жастық. 2. Жастық шақта оқып білім алғанға не жетсін, – деді әжесі.

Өкпе. 1. Өкпесі қабынған Сыrbайдың басы айналып құлап кете жаздал, қораның қабырғасына сүйеніп әрең оналды. (*С. Мұқанов*)

Өкпе. 2. – Сен маган өкпе айтпа, мен кінелі емеспін, – деп ақтады досы.



194-жаттығу. Төмендегі сөздердің омонимдес сыңарын тауып, олардың әрқайсысының мағынасын айқындастын сөйлем күраңдар.

Үлгі: **Тұс.** 1. Ақ тұс кішил болады. 2. Ол тұс көрді. 3. Күн тұс болды. 4. Сен аттан тұс.

Тұс, күн, сұз, қас, тамақ, бақ, ара, сан, жарық.



195-жаттығу. Төмендегі сөйлемдерден омоним сөздерді табындар және оларға сұрап қою арқылы мағынасын ашындар.

1. Дағаның апан төсінде бір қара көрінді. Бұл кім болды екен? 2. Ақ тер, қара тер болған сәйгүліктер бейне бір

аңыз-ертегілердегі батырлардың тұлпарындағы ауыздықпен алысады. 3. Қылған қара қасы, қарақаттай мөлдіреген қара көзі, қолаң шашы үйдің қараңғылығын қоюландырып тұрғандай. (Ә. Әбішев) 4. Ұшақтың қарасы үзілгенше, Сәуле де бір орнында қозғалмай тұрып қалды.

I **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Омонимдер деп қандай сөздерді айтамыз?
2. Омонимдер мен көп мағыналы сөздердің айырмашылығын түсіндіріңдер.
3. Омонимге және көп мағыналы сөздерге екі-екіден мысал келтіріңдер.

СИНОНИМДЕР

I Тілде мағыналары бір-біріне жуық, өзара мәндес сөздер бар. Мысалы : сыртқы пішінге, бейнеге қатысты *әдемі* деп те, көркем деп те, *сұлу* деп те айтуға болады. Сондай-ак, *уақыт* дегеннің орнына ыңғайына қарай *мезгіл*, *мерзім* немесе *кез*, *шақ* деген сөздердің біреуін қолданып айта береміз. Бұл сөздердің дыбысталуы әр түрлі, бірақ мағыналары бір-біріне жақын және үқсас сөздер.

Мағыналық жақтан бір-біріне жуық өзара мәндес сөздерді синонимдер дейміз.

- 1) жайылым, өріс;
- 2) батыр, ер;
- 3) салмақты, сабырлы, байсалды, байыпты;
- 4) айнала, өңір, маң (манай), төнірек;
- 5) келбет, кескін, көрік, кейіп, ажар, пішін, мұсін, нұсқа, түр т.б.

Синоним сөздер тілдің байлығын көрсетеді. Синонимдік қатардың құрамындағы сөздер сәл ғана мағыналық айырмашылықты ажыратып айтып беруде үлкен қызмет атқарады.



196-жаттығу. Мәтіннен синоним сөздерді тауып, топ-тобымен теріп жазындар. Мағынасын түсіндіріңдер.

Отан



Ауыл деген сөз қазақ үшін ең қастерлі, қасиетті сөздің бірі екені анық. Отан деген ұлы сөздің шағын баламасы осы ауыл болса керек. Қайда жүрсөң де, қайда барсан да, көкірегінің түбінде маздап жататын бір шоқ бар, ол—сол туған аулынан тұтатып әкелген шоғың. Күйінгенінде де, сүйінгенінде де, сағыныштың күйзеу желі ескенде де көңіліңе медет болар сол бір шоқ. Қазақ ауыл деген сөзге ерекше салмақ, ерекше кендік сипат берген сияқты. «Ауыл-аймағың аман ба?» дегенде ұланғайыр Отанының үлкен бір аумағын түп-түгелімен соған сабактап, тели айтады. Қанша қуаты мол, жылы сөз! Сенде өскен ортаға, ағайын-туғаныңа, ел-жүрттыңа деген ықылас тегіс сыйып тұрған жоқ па?



197-жаттығу. Берілген синоним сөздерді жақша ішіндегі сөздердің лайықтысымен тіркестіріп, сөз тіркесін жасандар.

1. Қысқа, келте, шолақ (тон, жіп, шаш, мұрын, жен);
2. Мықты, берік, күшті (ағаш, адам, қамал, жылқы, босаға);
3. Сирек, селдір (шаш, кездесу); 4. Кәрі, қарт (қой, ешкі, адам).



198-жаттығу. Төменде берілген синонимдік қатарлардың күрамындағы әрбір сөзді лайықты басқа сөздермен тіркестіріп жазындар.

1. Жуырда, жақында, таяуда, жуықта; 2. Аспан, көк;
3. Сыйлау, құрметтеу, қадірлеу; 4. Төңірек, айнала, маңай, тұс;
5. Көп, мол, қыруар; 6. Қас, жау, дұшпан; 7. Сыпайы, әдепті, биязы.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Синонимдер қандай сөздер?
2. Синоним болатын сөздерге мысал келтіріндер.

АНТОНИМДЕР

! Тілімізде мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздер бар. Мысалы: *Бетегеден биік, жуссаннан аласа.* (*Мәтел*) Сөзің аз, ісің көп болсын деген сөйлемдердің біріншісінде *биік-аласа* сөздері бір-біріне қарама-қарсы мағынада айтылып тұр. Сол сияқты, *ақ-қара, аңы-тұщы, жогары-төмен, бар-жоқ, қисық-тұзу, жарық-қараңғы, алыс-жасын, қас-дос, ыстық-суық* деген сөздер бір-біріне қарама-қарсы мағынаны білдіреді.



Биік



Аласа

Мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздерді антонимдер дейміз.



199-жаттығу. Оқып шығып, антонимдерді жұп-жұбымен теріп көшіріндер.

Үлгі : жуан-жіңіске, күн-түн.

1. Ағаш кессең ұзын кес,
Қысқартуың оңай.
Темір кессең, қысқа кес,
Ұзартуың оңай. (*Мақал*)
2. Жоғары, төмен үйрек, қаз,
Ұшып тұрса сымпылдал. (*Абай*)
3. Кең сауырлы, тар мықын, қалбағайлы,
Алды, арты бірдей келсе ерге жайлыш. (*Абай*)



200-жаттығу. Берілген сөздерден мағынасы қарама-қарсы сөздерді тауып сөйлем құрандар.

Биік үй, кең бөлме, суық жел, жақын жер, жарық бөлме, дос адам, қалың шаш, ілгері жүру, ерте тұру, сұйық тамақ, жұқа кітап, ақ мата, жаңа киім.



201-жаттығу. Берілген антоним сөздердің қандай сөз табына жатанынын айтындар.

Үлкен-кіші, биік-аласа, барды-келді, асты-ұсті, тазалас, қысқа-ұзын, соғыс-бейбітшілік, күлді-жылады.



Сұраптар мен тапсырмалар:

1. Антоним дегеніміз қандай сөздер?
2. Антоним бар қандай мақалдарды білесіндер?

ТАБУ

 **Табу сөзі** – атын тура атауға тыйым салынған сөздер. «Табу» сөзі индонезия тіліндегі «тыйым салу» деген сөзінен шыққан. Табу сөздер әр түрлі наным-сенімнен, «кімді айтсан, сол келеді» деген секілді ырымдардан туындаған. Мысалы: табиғи құбылыстар, жыртқыш аңдар, қауіпті жәндіктер, түрлі ауруларға қатысты табу сөздер:

- табиғаттың дүлей күші: жасыл тұсті (найзағай тұсті);
- ауру түрі: жаман ауру (қылтамақ), қорасан (шешек ауруы);
- аң-құс аты: ұлыма (қасқыр).

Бұл ұғым қазақ салт-дәстүрінде жиі қолданылады. Мәселен, жаңа түскен келіннің күйеуінің туыстарын өз атымен атамай, оларға деген құрметтін білдіріп, «шырай-лым», «айдарлым», «төре жігіт» деп лайықтап ат қояды. Бұл дәстүр «ат тергеу» деп аталады.

ЭВФЕМИЗМ

Эвфемизм – тұрпайы сөздің орнына қолданылатын сыпайы сөз. Эвфемизм – бір затты немесе құбылысты тікелей өз атымен емес басқа сөзben атау. Айтуға дөрекі, қолайсыз сөзді сыпайы сөзben ауыстырып айтудың негізінде шыққан. Мысалы: қосып айту, қолды болды, қайтыс болды, үзілді т.б. көзінің мүкісі бар, аяғын сылтап басады, қолының сұғанағы бар.

ДИСФЕМИЗМ

Дисфемизм – тұрпайы, анайы, дөрекі сөздер (кемсіту, мазақтау, қорлау). Мысалы: өтірік айту, ұрланыпты, өлді, соқыр, ақсақ, үрлықшы.

?

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Табу дегеніміз не және ол қай тілден алынған?
2. Табуға қандай сөздер жатады?
3. Эвфемизм дегеніміз не және оған қандай сөздер жатады?
4. Дисфемизм дегеніміз не және оған қандай сөздер жатады?
5. Эвфемизм мен дисфемизмнің айырмашылығы неде?

ТҮРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

① Тұрақты тіркестер – екі немесе бірнеше сөздің тіркесуі арқылы бір ғана мағына білдіретін сөз тіркестері. Тұрақты сөз тіркестерін тіл білімінде **фразеология** деп те атайды.

Тұрақты тіркесті құрайтын сөздер бұрыннан қалыптасқан жүйемен айтылады. Олардың сынарларының орнын ауыстыруға немесе басқа сөзбен алмастыруға келмейді. Мысалы: *тайга таңба басқандай* дегенді жылқыға таңба басқандай деп бір сөзін алмастырып айтуға болмайды.

Тұрақты тіркестердің синонимді баламалары болады, яғни оларды мағынасы жағынан жақын сөздермен түсіндіруге келеді. Мысалы: *қыздың жиган жүргіндей* деген тұрақты тіркестің баламасы (синонимі) – *әсем, көрікті, көркем*, ал *ит терісін басына қаптады* деген *ұрысты, балағаттады, сөкті* дегендердің орнын басады.

Тұрақты тіркестер – ойды көркемдеп, әсерлі жеткізудің құралы.

Тұрақты тіркес	Мағынасы
Ит өлген жер	алыс
Көз шырымын алу	ұйықтау
Екі көзі төрт болды	қорықты
Тайға таңба басқандай	анық

ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТИҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тұрақты тіркес сөйлемде бір сұраққа жауап беріп, бір сөйлем мүшесі болады. Мысалы: **Оқу инемен құдық қазғандай.** («Инемен құдық қазғандай» тіркесі қандай? деген сұраққа жауап беріп, баяндауыш болып тұр.)

Тұрақты тіркес синоним бола алады. Мысалы: азарда-безер болды – ат-тонын ала қашты; көз ілмеді – көрер таңды көзімен атырып, түн ұйқысын төрт бөлді.

Тұрақты тіркес антоним бола алады. Мысалы: ит терісін басына қаптады – басын сипады, ат ізін салмады – ат ізін құрғатпады.

ИДИОМАЛЫҚ ТІРКЕС

Идиомалық тіркес дегеніміз:

- 1) бөліп-жаруға келмейтін және оның тұтас мағынасы құрамындағы сөздердің әрқайсысының лексикалық мағынасына байланысты тумаған сөздер;
- 2) құрамындағы сөздердің мағынасындағы метафоралық, пародиялық ерекшеліктер болатын мәтептеге және тұрақты тіркеске бейім келетін тіркестер;
- 3) өзге тілге тұра аударуға келмейді. Мысалы:

Идиома	Мағынасы
Ұзын құлақ	Көпшілік
Қырық пышак	Ұрыс-керіс
Өгіз аяқ	Жай
Ақ саусак	Жалқау
Аузын қу шөппен сұрту	Сараң

 **202-жаттығу.** Мәтінді оқып шығып, ат қойындар. Тұрақты сөз тіркесі бар сөйлемдерді теріп жазындар.

Дәл осылай болады деген. Бектің үш ұйықтаса түсіне кірмеген болатын. Жаңағы екпіні су сепкендей басылып, басы салбырап, екі көзі жер сүзіп, тақтаның алдына кібіртіктең әрең шықты.

Ұялған тек тұрмас дегендей, әр сөздің басын шатып, откен сабакта мұғалім айтқаннан құлағында қалғанын там-тұмдап айта бастады. Бірақ онысы құмға сіңген судай үзаққа бармады. Аяғының басына қарап, желкесін қасып, міңгірлеп, сөзінің аяғын жұтып, қақалып, шашалып әбден есі шықты. (Ә. Ахметов)



203-жаттығу. Төменде берілген тұрақты сөз тіркестерінің баламаларын тауып жазыңдар.

Ақыл таразысына салу, бармағын тістей, аузынан бір елі тастамау, артына сөз қалдыру, қадалған жерінен қан алу.



204-жаттығу. Берілген баламаларға қарап тұрақты сөз тіркестерін тауып жазыңдар.

Үлгі : қуанып жүр-екі езуі құлагында.

Қорқып кетті, жақындарымен ойласты, қатты құтті, ұрысу, балағаттау.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Тұрақты сөз тіркесі дегеніміз не?
2. Тұрақты сөз тіркесінің жай сөз тіркесінен айырмашылығы неде?

ҚАЗАҚ ТІЛІ ФРАЗЕОЛОГИЯСЫ



Тіл арқылы қатынас жасау процесінде сөздер, әдette, жеке дара күйінде емес, бір-бірімен тіркесіп қолданылады. Сөздердің тілдің граматикалық заңдарына орайласып, емін-еркін тіркесуінен синтаксистік еди-нициалар – еркін (ерікті) сөз тіркесімен сөйлемдер жасалады. Сөздердің жалпы тіркесі және синтаксистік (еркін) сөз тіркесі сөздердің бір – бірімен емін-еркін тіркесуінен жасалады. Бірақ сөздер бір-бірімен жапа тармағай тіркесе бермейді, мағыналарының үйлесімділігі болғандағанда, тіркесіп жұмсалады. Мағыналық үйлесімділік сөздердің бір-бірімен семантикалық жактан үйлесуге бейімділігі дегенді білдіреді. Еркін сөз тіркесінде оны құрастырушы сыңарлар (сөздер) мағыналық үйлесімділік шенберінде басқа сыңарлармен (сөздермен) ауыса алады. Мысалы : оқушымен сөйлесу-мұғаліммен, сөйлесу-қойшымен сөйлесу; т.б

Сөздердің еркін тіркесіне сырттай ұқсас, бірақ іштей, яғни тілдік табиғаты жағынан, оған қарама-қарсы қойылатын *оімак ауыз, жүрек жұтқан, жүрегі тас шығу, ат-тонын ала қашу*, т.б тәрізді тіркестер бар. Бұлар құрамы жағынан тұрақты болып келеді де, бүтіндей оралым бұрыннан тіркескен дағдылы қалпын сақтайды, сыңарлар «ешкімнің еркіне көнбей», «өзінен өзі тіркесіп қойған» тәрізді болып ұғынылады.

Фразеологиялық единицаларды бүтіндей фразеологиялардың бір тұтас мағынасы мен оны құрастыруышы сыңарлардың мағыналарының ара қатысы түркескен фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық бірлік және фразеологиялық тізбек деп үш түрге бөлінеді.

Фразеологиялық тұтастық. Мысалы: аузы-мұрны қисаймастан; **Фразеологиялық бірлік.** Мысалы: ауырдың үсті, жеңілдің астымен, ауыз жаласу, тілі қышу, түймедейді түйедей ету, тайға таңба басқандай, мақтамен бауыздау, тамырына балта шабу, т.б.

Фразеологиялық тізбек. Мысалы: *мидай дала, шалқар көл*, т.б.

Фразеологиялық сөйлемше. Мысалы: Айдағаның екі ешкі, ысқырығың жер жарады; Шегірткеден қорыққан егін екпес; Көрпене қарай көсіл. т.б.

 **205-жаттығу.** Мәтінді оқып, ойды жалғастырыңдар, түйінді сөздермен қорытындыландар.

«Бос уақытыңызда не істейсіз?» деген сұрақ әрдайым мені ойландырып жүрген-ді. Әдетте осы сұраққа мынадай жауаптар берілуі мүмкін:

- 1) кітап оқимын;
- 2) спортпен шұғылданамын;
- 3) велосипедпен серуенге шығамын;
- 4) тاماқ істеуді жақсы көремін;
- 5) шетелдерге саяхатқа шығуды ұнатамын;

- 6) теледидар көремін;
- 7) компьютерде отырамын;
- 8) шомылуға барамын;
- 9) супермаркеттерді, гипермаркеттерді аралап, тамашалаймын.

Кітап оқу босқа уақыт өткізу емес, кітап – адамның рухани қорегі әрі кеңес беретін бірден-бір ақылшысы, досы. Ол тілімізді, ділімізді және қиял-күшімізді өз қалпында ұстап, ойлау қабілетімізді дамытады.

Спортпен шұғылдану адамды әрдайым сергек етіп тұрады, адамның ағзасын шынықтырады, ағзаның төзімділігін арттырады...

- ⑧ 1. Жауаптар тізіміне тағы не қосуға болады?
2. Қандай әдеби кітаптар оқыдындар?
3. Спорт пен шұғылданасындар ма? Қай түрімен?
4. Сендер бос уақыттарынды қалай өткізесіндер?

⑨ **206-жаттығу.** Мәтіндерді оқып, негізгі ойды анықтаңдар. Сендерге қай мәтіннің әсері күшті болды?

I. Балалық шағың – Үйрен білім жастық та!
Патшаның тағы, Білмей өс жанға қастық та!
Тіл жетпес оны бағалап. Білген жан – көсем!
Көп өтпей жыл, Сөйлесе – шешен
Тек жүрмей біл, Жүртты аузына қаратар.
Ілгері күнді сағалап.

(Магжан Жұмабаев)

II. Бір жылдың ішінде бір-ақ жаз болады. Ағаш, шөптер, жапырақтар бір-ақ рет жасарады. Осы секілді адамның да басына жастық екі келмейді. Жастық – біздің өміріміздің жазы. Жаздан кейін қалай күз келеді, сол секілді жастықтан соң көрілік жетеді. Шаруасына жинақты кісілер жаздығүні қыстың азық-тулігін даярлап қояды. Адам да жасында өнер-білім, жақсы мінездерді

бойына жинауы тиіс. Мұнсыз ол қартайған шағында рақат тіршілік ете алмайды.

(Міржасып Дулатов)

 1. «Балалық шақ – патшаның тағы», «Балалық, жастық шақ – өмірдің жазы» дегенді қалай түсіндіресіндер?

2. Берілген мәтіндердің уақыт пен байланысы бар ма?

3. Балалық шақ пен келешек өмірлеріңің байланысын түсіндіре аласындар ма?

 «Балалық шақ – армансыз ойнайтын шақ», «Балалық шақ – келешегіне, дайындық кезеңі» деген екі көзқарас бойынша топтасып, пікірталас ұйымдастырындар.

 **207-жаттығу.** Абайдың ұлағатты сөздерін түсініп оқып, жаттап алындар.

- Егер «ісім өнсін» десен, ретін тап.
- Еңбек – қуаныш, жалқаулық – арылмас азап.
- Еңбексіз мал дәметкен – қайыршылық.
- Жұмысы жоқтық,
Тамағы тоқтық
Аздыrap адам баласын.

 **208-жаттығу.** Мына сөздерді дауыстап оқып, әрқайсысы неше дыбыстан құралғанын айтындар.

Аз, көп, бес, алты, тоғыз, жиырма, балалар, азаматтар.

 **209-жаттығу.** Өлеңді оқып шығындар. Әр сөзде неше дыбыс, неше әріп барын айтындар.

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау танымас тірі жанды.
Үсті басы – ақ қырау, түсі суық
Басқан жері сықырлап келіп қалды.

(Абай)



210-жаттығу. Мына сөздерді көшіріп жазындар. Олардың мағынасын түсініп алындар.

Отан, ана, астана, азамат, ғылым, оқу, кітап, әдебиет, данышпан.



211-жаттығу. Алдымен екі дыбыстап, соңан соң үш, төрт, бес, алты дыбыстап құралған сөздерді жазындар. Бір дыбыстап құралған сөз бола ма?



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Тыныс мүшелеріне нелер жатады?
2. Тамақ қуысы және ауыз қуысы деп қандай мүшелерді айтамыз?

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР



Тұрақты тіркестер сияқты мақал-мәтелдер де әбден қалыптасқан, орнықкан сөздердің тобы. Мақал-мәтелдердің құрамындағы әр сөздің орны тұрақты болады. Ондағы сөздердің орнын ауыстыруға немесе бір сөзін басқа сөзben алмастыруға келмейді. Мақал-мәтелдер де сөйлеу барысында жасалмай, бұрыннан қалыптасқан даяр қалпында қолданылады.

Мақал-мәтелдер тұрақты тіркестер сияқты аз сөзben көп мағына береді. Мақал тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін білдіріп, белгілі бір тұжырым жасайды. Мысалы: *Кең болсаң, кем болмайсың. Бидайдың кеудесін көтергені – дақылы жекеттегі, жігіттің кеудесін көтергені – ақылы жекеттегі.* Осылайша мақалдар көбінесе екі бөлімді болып келеді де, бірінші бөлімде шарт немесе жалпы пайымдау, екіншісінде қорытынды пікір айтылады.

Мәтелдерде ой-пікір бейнелі әрі тұспалдан айтылған ишара түрінде болады. Мысалы: *Birey тоңып секіреді,*

біреу тойып секіреді. Үй менікі демеңіз, үй артында кісі бар.

Мәтелдің мақалдан айырмашылығы – мағынасы ашиқ болмай, ишарамен, тұспалмен айтылатындығы, сөйлемнің аяқталмай, толымсыз болып келуі.

Мақалдар, негізінен, тұра мағынада ұғынылса, мәтелдер астарлы мағынада түсініледі. *Жауга жсаныңды берсең де, сырыңды берме* деген тұра мағынасында, ал қалауын тапса, қар жанар деген жұмбақталып, астарлы мағынада айтылып тұр.

 **212-жаттығу.** Мақалдарды бір бөлек, мәтелдерді бір бөлек жазындар.

Біреу күн нұрына малынса, біреу ай сәулесіне зәру. Жақсы адамға жау жоқ. Еңбек етсөң ерінбей, тояды қарның тіленбей. Кәрі түлкі қақпанға түспес. Айдағаның бес ешкі, ысқырығың жер жарады. Екі қораз ен қораға сыймас. Ауыртпалық ақыл қосар. Өсер елдің ақыны көп, өшер елдің әкімі көп.

 **213-жаттығу.** Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, мақал-мәтелдерді аяктандар.

1. Суға кеткен . . . 2. Байтал түгіл . . . 3. Батырға да . . . 4. Айдағаның бес ешкі, . . . 5. Әзіл айтсаң да, . . . 6. Білгенің бір тоғыз, . . . 7. Тұз астың дәмін келтіреді, . . .

 **214-жаттығу.** Төмендегі ребусты шешсендер Отан туралы халық мақалын оқисындар. Өздерің де ребус құрастыруға үйреніңдер.

Ы–А

,..Н





215-жаттығу. Төменде берілген мақал-мәтелдерді көшіріп жазыңдар. Әрбір мақалдың тұсына қандай тақырыпқа арналғанын жазып қойыңдар.

Үлгі : Еңбек етсең емерсің – еңбек тақырыбы.

1. Жері байдың елі бай. 2. Ата-ананың қадірін бала-лы болғанда білерсің. 3. Алтау ала болса, ауыздағы кетер, төртеу түгел болса, төбедегі келер.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Мақалдың мәтелден айырмашылығы неде?
2. Мақал-мәтелдерді не үшін пайдаланамыз?
3. Ата-аналарың көп айтатын мақал-мәтелдерді айтып беріңдер.

ПЫСЫҚТАУ ҮШІН СҰРАҚТАР:

1. Омонимдер дегеніміз не?
2. Синонимдер деп қандай сөздерді айтамыз?
3. Антонимдер қандай сөздер?
4. Тұрақты сөз тіркестерін күнделікті тұрмыста пайдаланаңдар ма?
5. Мақал мен мәтелдің айырмашылығын айтыңдар.

СӨЗДІК ҚОР

 **Сөздік қор** – ғасырлар бойы қолданып келе жатқан байырғы төл сөздері. Сөздік қордағы сөздер жалпы халықта түсінікті болады және олар әдеби тілге жатады. Оған зат, сын-сапа, сан, қимыл, мезгіл атаулары т.с.с. жатады.

Тіліміздегі сөздердің көбі – қазақтың ғасырлар бойы қолданылып келе жатқан байырғы төл сөздер. Олар ең қажетті ұғымдарды білдіреді де, жалпы халықта бірдей түсінікті болады. Мысалы: **Тұыстықты білдіретін атаулар:** *ата, ана, нағашы, жиен, аға, жеңге, бөле, құда* т.б.

Мал атаулары: *жылқы, түйе, сиыр, қой, құлыш, лақ* т.б.

Табиғат құбылыштарының атаулары: *кун, ай, жел, бұлт, тау, мас* т.б.

Аң-құс атаулары: *бұркіт, қаршыға, торғай, тулki, қасқыр, аю, қоян* т.б.

Заттардың түр-түсін, сапасын білдіретін атаулар: *ақ, қызыл, ауыр, биік, аңы, тұщы, жылды, сұық* т.б.

Қимыл-қозғалысқа, әрекетке қатысты сөздер: *кел, бар, сөйле, күл, тарт, ал, айт* т.б.

Анатомиялық атаулар: *бас, қол, аяқ, көз, мұрын, бел* т.б.

Тұрмыс қажетіне қатысты атаулар: *қазан, ожсан, қасық, жастық, киіз* т.б.

Сан атаулары: *бір, екі, жүз, мың, тоқсан тоғызыз, елу* т.б.

Есімдіктер: *сен, мен, біз, әркім, ешқашан, кім?*, олар т.б.

Міне, осындай сөздерден тілімізде **сөздік қор** пайда болады.



216-жаттығу. Метаграммаларды оқып шығып, жасырынған сөзді табындар. Оларды жаттап алындар.



1. Егер *c*-дан бастасаң,
Қыз баланың атымын,
C-ны алып тастасаң,
Ағаш кесер затыңмын.



2. Егер *x*-дан бастасаң,
Ұзақтан хабар әкелем,
X-ны алып тастасаң,
Алыстан шауып келем.



217-жаттығу. Төменде берілген сөздердің қандай ұғым атауларында жүмсалатынын түсіндіріндер.

Білім. Сана. Көмек. Кеме. Былғары. Кел. Бүгін. Үй.
Он екі. Қөлік. Отан. Кісі. Сары. Адам. Болашақ. Кітап.
Бек. Көрме.



218-жаттығу. Батаны мәнерлеп оқып шығындар да, жаттап алындар. Өздерің де үлкендерден сұрап, бата жазып алындар. «Ең ұзақ және мәнді бата» деген бәйге өткізіндер.

Жас баланың күлкісін бер,
Жас ананың ұйқысын бер.
Жомарттың колын бер,
Сапарлының жолын бер,
Қыздың қылышын бер,
Судың тұнығын бер.
Асаудың арынын бер,
Тұнгі оттың жалынын бер.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІЦ СӨЗДІК ҚҰРАМЫ

I Тілдегі сөздердің тұтас жиынтығы сөздік құрам деп аталады. Сөздік құрамға халықтың түрмис жағдайын, кәсібін, мәдени қалпын танытатын барлық сөздер енеді. Қазақ тілінің сөздік құрамына халқымыздың ғасырлар бойы сақталып келе жатқан байырғы сөздері де, кірме сөздері де, кейін пайда болған жаңа сөздері де, ауызекі тілге тән қарапайым, диалектизмдер мен кәсіби сөздері де кіреді.

Сөздер құрамындағы сөздер қолдану жағдайына қарай жиі қолданылатын сөздер және сирек қолданылатын болып көрінеді. Бір заманда жиі қолданылған сөздер келесі бір заманда қолданыстан шығып қалуы да, тілге қайта келіп қосылуы да мүмкін. Мысалы, қазақ тілінде бұрыннан бар, бірақ біраз уақыт аса сирек айтылып кеткен ай, жыл аттары (*маусым, тамыз, қой, мешін, жылқы* т.б.) қазір қайтадан жаппай қолданыла бастады. Мұның өзі сөздік құрамын үнемі бір қалыпта болмайтынын, оның өзгеріп отыратынын көрсетеді

219-жаттығу. Күз суретін зер салып қарандар және сол бойынша мәтін құрап жазындар.





220-жаттығу. Төмендегі сөздерден мағынасы қарама-қарсы сөздерді тауып, сойлем құрастырындар.

1. Мен, жаз, өзен, көп, шомыл.
2. Сен, хайуанаттар, бағы, ұнат, бар?
3. Біз, ауыл, маңы, ағаш, қалың, өс.



221-жаттығу. Төменде берілген жаңылтпаштарды көшіріп жа-зып, жаттап алындар. Мағынасына көңіл бөліндер.

1. Жасыл көктем
Жасыл жіппен
Жақсы тіккен
Жібек көрпе жамылдырды,
Жасыл өңге малындырды.
2. Су бетінде сен қеледі,
Сол сенге қай сен тең қеледі?
Тағы бір сен қеледі,
Ол сен бұл сенмен кем қеледі.

ҚӨНЕРГЕН СӨЗДЕР



Қолданыстан шығып қалып тарихи шығармаларда ғана кездесетін, мағынасы қөмескі сөздерді қөнерген сөздер дейміз. Қөнерген сөздер тарихи сөздер және архаизмдер болып екіге бөлінеді.

Тарихи сөздер – белгілі бір дәуірде қолданылғанмен, қазір қолданудан шығып қалған сөз. Тарихи сөздерге ел басқарумен байланысты атаулар: *хан, патша, уәзір, би, аға сұлтан т.б.*; қазір пайдаланылмайтын қару-жараққа қатысты сөздер: *садақ, жебе, сауыт, айбалта, наиза, адырна т.б.*; кеңес дәурі тұсында қолданылған әкімшілік сөздер: *қызыл отау, қызыл әскер, отарба т.б.* сөздер жатады.

Архаизмдер – халықтың тұрмыс-тіршілігіне, салтсанға, әдет-ғұрпына қарай әр дәуірде өзгеріп, басқа

сөздермен ауысып отырған немесе ескіріп кеткен сөздер. Архаизмдерге мата атаулары: *торқа, биқасап, дүрия, патсайы т.б.*; әдет-ұрып атаулары: *сауын айту, ұрын бару, бесік құда, барымта т.б.*, үй тұрмысы: *киім-кешек, ыдыс-аяқ, күпі, сәукеле, саптыаяқ, кебеже т.б.* сөздер жатады. Кейбір көнерген сөздердің қайтадан жаңааратын кездері де болады. Мысалы: кеңес дәүірі кезінде қолданудан шығып қалған діни сөздер (*имам, мешіт, ораза, айт, пітір, құран т.б.*), бұрынғы жыл атауларына *барыс, жылқы, қоян, ұлу т.б.*

 **222-жаттығу.** Мына мақалдардағы көнерген сөздерді атандар және олардың сипатын анықтаңдар.

1. Асабасы жоқ асқа жарымас.
2. Қараша үйден ханша шығар.
3. Шықсан ұзақ сапарға, арымас ат—отарба.
4. Ер азамат белгісі—түзде мырза, үйде құл.
5. Інтимақ—ок өтпес сауыт, татулық—тамаша сауық.

 **223-жаттығу.** Мәтінді оқып шығындар. Ұлттық киім және әшекей атауларын теріп жазындар. Көнерген атаулардың астын сыйындар.

Қаламқас орта бойлы, ақ құба, отты қара көзі жақұттай жайнап тұр. Ақ шәйі көйлектің сыртында қызыл масатыдан бешпет киіпті. Аяғына кигені—әмірхан мәсі. Басында құндыз бөрік. Оның төбесіне бір уыс үкі, шашына күмістен шашбау таққан. Қаламқастың омырауында—тана-түймелері, мойнында алқа.

 **224-жаттығу.** Төменде берілген көнерген сөздердің мағыналарын тауып жазындар.

Уез, батырақ, би, болыс.

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Көнерген сөздер қазіргі күнде қолданыла ма?
2. Көнерген сөздер нешеге бөлінеді?

ЖАҢА СӨЗДЕР

 **Жаңа сөздер (неология)** – ғылым мен техниканың дамуына байланысты қолданысқа енген тілдегі жаңа сөздер. Олар тілге алғаш енген кезінде ғана жаңа болады. Кейін тілге сінісіп, халыққа әбден танылып, жаппай қолданылған жаңа сөз болудан қалады. Мысалы: *космос*, *космонавт*, *спутник* деген сөздер алғаш пайда болған кезде жаңа сөздер болатын. Кейін бұлар қолданыла келе жаңа сөз болудан қалды. Жиі қолданылатын сөздердің қатарына енген бұл сөздер соңғы жылдары *гарыш*, *гарышкер*, *жер серігі* деген қазактың төл сөздерімен беріліп, жаңа сөздер болып есептеліп жүр. Осы текстес жаңа сөздердің қатарына *жолсерік*, *ұнтаспа*, *жеделхат*, *саяжай*, *ермексаз*, *құжат*, *отбасы* және т.б. сөздер жатады.

Жаңа сөз	Бұрынғы атауы
кеден	таможня
ұшақ	самолет
ғарыш	космос
ұнтаспа	кассета
құжат	документ
ғаламтор	интернет

Соңғы жылдары қазақ тілінің мәртебесі өсіп, қолданылу аясы кеңеюіне байланысты өсімдік, баубақша саласына қатысты тілімізге көптеген жаңа сөздер енді: *жылыжай* (жарық жақсы түсу үшін тәбесі мен қабырғалары шыныдан жасалған көкөністер өсіретін орын), *қызанақ*, *орамжасырақ*, *қаудан*, *өскін*, *жасасуша*, *ағза* және т.б.



225-жаттығу. Сөйлемдерден неологизмдерді табындар. Түсін-бegen сөздерінді мұғалімнің көмегімен түсініп алыңдар.

1. Тұрмыстан арттырып, біраз жиған қаржыммен фермерлік шаруашылық құрдым. 2. Оны өркендету үшін несие алу мақсатында банкке бардым. 3. Жұмыстың көзін білетін, адаптациясындағы бағаланып жатыр. 4. Мұндай ділгірліктер ешбір мемлекетті шеттеп өтпейді («Нұрлы жол» газетінен).



226-жаттығу. Төменде берілген неологизмдерді қатыстырып бірнеше сөйлем құрастырыңдар.

Кеден, ұшақ, жарнама, делдал, зейнетакы, саябак, кешен, құжат.



227-жаттығу. Берілген жаңа сөздерді пайдаланып, бірнеше сөйлем құрастырыңдар.

Зейнетакы, ұнқағаз, ұнтаспа, ғарыш.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

- Жаңа сөздер деп қандай сөздерді айтамыз?
- Жаңа сөздер уақыт өтуімен ескіре ме, қалай ойлайсыңдар?

ЖАЛПЫЛАМА ЛЕКСИКА



Бір тілде сөйлейтін адамдардың бәріне түсінікті ортақ сөздерді жалпылама лексика дейміз.

Жалпылама лексика адам баласының күнделікті тіршілігінде қажетті заттар мен құбылыстарды, әрекеттерді және т.б. ұғымдарды атайды. Мысалы: *су, ая, тамақ, үй, наң, мал, жеу, ішу, көру, жүру, ақ, көк, үлкен, кіши, жоғары үш т.б.*

Жалпылама лексикаға жататын сөздерді бала да, үлкен де, малшы да, аңшы да, ақын да, ғалым да – бәрі бірдей түсінеді және сөйлеу мен жазуда қолданады.

Биыл қар аз жауды. Кеше күн сұық болды. Айгүл–адал, ақкөңіл, білімді қыз деген сөйлемдердегі әрбір сөз өзінің тұра мағыналарында ғана қолданылып тұр. Осы сөйлемдердегі сөздердің бәрі жалпылама лексикаға жатады.

Жалпылама лексикаға жататын сөздер жалпы халықта түсініктілігімен, анықтығымен, қарапайымдылығымен ерекшеленеді. Олар тілдің негізгі қоры болып табылады.

 **228-жаттығу.** Төменде берілген сөздерді білдіретін мағынасына қарай үлгіге сүйеніп топ-топка бөліп жазындар.

Үлгі: *Дәмді білдіретін сөздер: тәтті, дәмді, аңы, тұңғы, тұзды, кермек.*

Ата, көр, сана, сөйле, ойлы, тап, қос, аға, қарындас, нағашы, жиен, тәтті, дәмді, кермек, аңы, қышқыл, тұзды, жетпіс жеті, тоғыз, жұз отыз, бес-алты, күрен, қызыл, күлгін, қызғылт сұр, сұрғылт көк, ақжелкен, аскөк, бұршақ, асқабақ, орамжапырақ, банан, шабдалы, шие, қара өрік, жазда, қыста.

 **229-жаттығу.** Төменде берілген сурет пен мәтінді пайдалана отырып, тиянақтылық, еңбеккорлық туралы өз пікірлерінді жазындар.

Бұлбұл

 Қараторғай оқитын сыныпқа бір күні бұлбұл келіп отырды. Ол келген бойда-ақ бүкіл сыннып қолды-аяққа тұрғызбай алғып кетті. Концерт болса, әнді бұлбұл салады, жиын болса, сөзді бұлбұл айтады, басқа мектептен біреулер келсе, бұлбұлды көрсетеді. Олимпиада да бірінші бәйге соныкі, газет шықса, бетінен бұлбұл түспейді. Не керек, үйірмеде де бұлбұл, бірлестікте де бұлбұл. Бәрінен де алда сол.

Ал қараторғай болса, білетіні – сабақ кітап бетін шүкілап оқумен жүре береді.

Бір күні тоқсан аяқталып, оку қорытындысы шықты. Жұрт бұлбұлдың сырын сонда ұқты.

Жұрт назары енді қараторғайға ауды. (*C. Сарғасқаев*)



230-жаттығу. Мына сөздерден сөйлемдер ойлап табындар.

Балапан. Қазық. Терезе. Екпін. Мал. Өнер. Данышпан.

КІРМЕ СӨЗДЕР

I Басқа тілден енген сөздерді кірме сөздер деп те атайды.

Өз тарихында қазақ халқы көптеген елдермен қарым-қатынас жасап, аралас-құралас болғаны мәлім. Соның нәтижесінде араб, парсы, монгол, орыс тілдерінен қазақ тіліне көптеген сөздер кірген. Керісінше, басқа тілдерге қазақ тілінен де көптеген сөздер енді. Мысалы: араб, парсы тілдерінен енген *адам*, *әлем*, *ғылым*, *қоғам*, *білім*, *мектеп*, *тарих*, *әдебиет*, *мәдениет*, *пәк*, *емтихан*, *тәрбие*, *емле* т.б. сөздердің тілімізге сіңісп кеткені соншалық, бұларды өзге тілден енген сөздер деудің өзі қиын. Монгол тілінен ел билеуге байланысты *ұлыс*, *нөкер*, *жасақ*, *аймақ*, *жарлық* сөздері, жерсу атауларына қатысты *Тарбагатай*, *Нарынқол*, *Нұра*, *Баянауыл*, *Зайсан*, *Қордай*, *Алтай* т.б. атаулар кірді.

Ал орыс тілінен қазақ тіліне *жәшиқ*, *кереует*, *бөтелке*, *бәтеңке*, *шайнек*, *сіріңке*, *кәмпіт*, *тәрелке*, *сөмке* *және* т.б. сөздер енді.

Өздерің байқап отырғандай, бұл сөздер қазақ тілінің дыбыстық қалпына түсіп өзгерген.

Соңғы жылдары кірме сөздердің біразы қазақшаға аударылды. *Самолёт* – *ұшақ*, *вертолёт* – *тік ұшақ*, *коллектив* – *ұжым* т.б.



231-жаттығу. Мына кірме сөздерді қатыстырып, бірнеше сөйлем құрандар: *білім, адам, құн, талап, сабак, Толагай, самауыр, телефон*.



232-жаттығу. Төменде берілген кірме сөздердің қазақ тіліндегі синонимдерін тауып көріңдер.

Пұл—..., шайыр—..., ғибрат—... , ғұлама—.... .



233-жаттығу. Кірме сөздерді қатыстырып сөйлем құрастырындар.

Қalam, Отан, мұғалім, цирк.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Кірме сөздер деген қандай сөздер?
2. Кірме сөздер қазақ тіліне көбіне қай тілдерден еніп келген?

ДИАЛЕКТ СӨЗДЕР



Диалект сөздер—белгілі бір жердегі (*аймақ, облыс, аудан*) тұргындардың сөйлеу тілінде ғана қолданылатын сөздер. Диалект сөздер жалпыхалықтық болып есептелмейді. Әйткені олардың көпшілігінің әдеби тілде баламалары болады. Мысалы: әдеби тілдегі *тәртіп* сөзі Орал облысында *нұсқау, бүйрық* деген мағынада қолданылады; әдеби тілдегі *шалбар* сөзі Алматы, Шығыс Қазақстанда *сым* деп айтылады; әдеби тілдегі *қабырға* сөзі Ақтөбе облысында *жар* дегенді білдіреді; әдеби тілдегі *жұмыртқа* сөзін Оңтүстік Қазақстан облысында *тұқым* деп атайды.

Диалект сөздер түрліше болып келеді. Мысалы: *тыңла—тыңда, құдагай-құдаги, полат-болат, баралы-баралық, беражасақ- берешек, келулі-* келді т.б. Қазіргі әдеби тілімізге біраз диалект сөздер еніп, жалпыхалықтық тілге айналды. Мысалы: *арасан суы, жейде, ұжым, кеден, немелтай (шөберенің баласы), ушен*

(бірден үш төл туса), *төртем* (*bіrden tөrtmeu tusa*) т.б. Тілдегі бұл жағдай әдеби тілді байытудың бір жолы болып табылады.

 **234-жаттығу.** Мына диалект сөздердің әдеби тілдегі баламасын жазып шығындар.

Сүгірет, үшкүста, бәдірең, әйдік, кіл, сиықты, кеуірт, әтешкір, мақтай, секер, нәп, кеуіл, танда, көпшік, жар, торлама, пысу, зілдей, үгей.

 **235-жаттығу.** Төменде берілген сөздерді дәптерлеріңе көшіріп жазындар. Бір түрлі затты әр аймақта әр түрлі атайдының біліп алышындар.

Сіріңке—күкірт, ғүгірт, кеуірт, шырты, оттық, шақпақ;

Шылапшын—леген, жам, кірлен, шылаушын, тас;

Кесе—самал, пиялай, тас аяқ, шыны аяқ, ақпар, кәрлен, жсанан.

 **236-жаттығу.** Берілген диалект сөздерді көшіріп жазындар және оларды өздерің билетін диалект сөздермен толықтырындар.

Бәдірең, сым, азанда, оттық, тешпек,

 **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Диалект сөз дегеніміз не?
2. Өздерің де диалект сөздерді пайдаланасындар ма?

КӘСІБИ СӨЗДЕР

 **Кәсіби сөздер дегеніміз—жүргіттың бәріне бірдей түсінікті бола бермейтін, белгілі бір кәсіппен я шаруашылық саласымен шүғылданатын адамдардың арасында ғана айтылатын сөздер.**

Кәсіби сөздерді шамамен төмендегідей топтарға бөлуге болады:

1) бау-бақша, суармалы, егіске байланысты кәсіби сөздер: *атыз, қорық, алқоры, нәк, шабдалы, әнжір, кемпір қауын, әңгелек, күләбі, жерді ызалау, қауынды тігу т.б.*

2) балық шаруашылығына байланысты сөздер: *жылым, сүзекі, буркеніш, қаяз, азна, қарма, шөктірме т.б.*

3) мақта шаруашылығына байланысты сөздер: *көсек, күнжара, қозапая, көсектеу, қауашақ, қоза, шит егу, сүдігер, айдау т.б.*

Осы тәрізді шаруашылықтың түр-түріне байланысты сөздер тізімін бұдан ары жалғастыра беруге болады.



237-жаттығу. Кәсіпке байланысты берілген сөздерді қатыстырып, сөйлемдер құрандар.

Қолөнершілікке байланысты кәсіби сөздер: шербек (улken ара), атауыз (шеге суыргыш). Ауыл шаруашылыққа байланысты кәсіби сөздер: қоза (мақта өсімдігі), шит (мақта тұқымы), әңгелек (кішкене қауын), дүмбіл (жүгерінің таза піспеген түрі).



238-жаттығу. Мәтіннен кәсіби сөздерді тауып астын сызындар.

Қазақ халқы аттың түрмандарын әшекейлеуге көп көңіл бөлген. Ол үшін алтын, құміс сияқты қымбат мегалдарды пайдаланған. Мысалы: ердің қасына, тоқымтебінгілердің бетіне, үзенгіге, басқа түрмандардың өн бойына лайықты көркем өрнектер салып, қымбат тастармен әдемілей түскен.

(С.Мұқанов)



239-жаттығу. Ата-аналарыңмен әңгімелесіп, олардың кәсіптеңіне байланысты қандай сөздер бар екенін біліп алындар. Оларды дәптерлеріңе жазып келіндер.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Кәсіби сөздер деп қандай сөздерді айтамыз?
2. Кәсіби сөздердің күндөлікті тұрмыста кімдер пайдаланады?

ТЕРМИН СӨЗДЕР

 Термин сөз дегеніміз – ғылым, пән, техника, өндіріс саласындағы арнаулы ұғымдар мен зат атауларын білдіретін сөздер.

Терминдер жеке бір ғана ұғымды білдіретіндіктен, бір мағыналы болып келеді. Терминдердің мағынасы әрқашан тұрақты болады.

Қазақ тіліндегі термин сөздер екі түрлі жолмен жасалған.

1. Басқа тілден енген сөздерге қазақ тілінен балама табу: 1) жергілікті және көне сөздер алынған: *кеден*—*таможня*, *егемен*—*суверинитет*, *әмбебап*—*универсал*, *кешен*—*комплекс*, *нарық*—*рынок*, *жарғы*—*устав*, *бап*—*статья*, *гарыш*—*космос*, *әкім*—*администратор*; 2) тілімізде бар сөздерді біріктіру арқылы термин жасалған: *отбасы*—*семья*, *әуежай*—*аэропорт*, *төлкүжат*—*паспорт*, *мұражай*—*музей*, *елтаңба*—*герб*, *әнұран*—*гимн т.б.*

2. Тілімізге орыс тілі арқылы келген, қазақша бала-малары жоқ интернационалдық терминдер: математика терминдері: *квадрат*, *куб*, *коэффициент т.б.*; химия терминдері: *аммиак*, *азон*, *хром*, *гидрат т.б.*; география терминдері: *глобус*, *карта т.б.*; лингвистика терминдері: *синоним*, *антоним*, *эвфемизм*, *дисфемизм*, *диалект т.б.*

 **240-жаттығу.** Мәтіннен түсінгендерінді жазындар және терминдік мәнді білдіріп тұрган сөздердің астын сызындар.

«Баскет» ағылшын тілінен аударғанда «себет» дегенді білдіреді. Өйткені өткен ғасыр аяғында, осы ойын түрі пайда болған кезде, қазір қолданылып жүрген шеңбер мен тордың орнына қабырғаға түбі жоқ себет қыстырып қоятын болған. Ал ағылшынша «бол»—«доп» деген сөз.

Көптеген балалар бұл ойын үшін міндettі түрде бойдың биік болуы керек деп ойлады. Бұл дұрыс емес.

Орта және аласа бойлы балалар да жақсы баскетболшы бола алады. Себебі, бәрі ойын кезіндегі ептілік пен шашандыққа байланысты. (Газеттен)



241-жаттығу. Төменде берілген термин сөздерге сөйлем құрап жазындар.

Квадрат, вольт, материк, глобус, штанга, фонетика, аптека, микроскоп, жасуша.

ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

Талдау реті:

1. Сөйлемді оқы, ондағы өзің қалаған сөздің қандай мағынаны білдіріп түрғанын анықта.
2. Сол сөздің сөйлемде қандай мағынада жүмсалып түрғанын анықта (тура ма, әлде ауыспалы ма)
3. Мүмкіндігіне қарай, сөздің синонимін, антонимін, омонимін тап
4. Сөздің қазақ тілі сөздік құрамының қай тармағына жататынын дәлелде.

Талдау үлгісі:

Аманның **жылды** сөздері ерекше әсер етті.

жылды – жағымды, мейірімге толы деген мағынада, ауыспалы мағынада.

жылды, шуақты, ыстық, мейірлі – синоним; жылды – суық – антоним:

жылды – жалпылама қолданылатын сөз.

Сөз мағыналарының шартты белгілері:

омоним	○ ↔ ○
синоним	○ ≈ ○
антоним	○ → ← ○

ПУНКТУАЦИЯ

1 Тыныс белгілерін дұрыс қою туралы ережелердің жиынтығы пунктуация деп аталады.

Пунктуация – бір нәрсені жазғанда, оқығанда, айтқанда ойды басқаға түсіндіру, сондай-ақ бөгде біреудің ойын түсіну үшін қолданылатын тыныс белгілері ережелерінің жиынтығы.

Пунктуация термині латынның «*punctum*» – нүктे деген сөзінен алғынған.

Пунктуация – жазу тіліне қызмет ететін шартты таңба.

НЕГІЗГІ ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ:

Нүкте (.)

- хабарлы сөйлемнен кейін және бәсек үнмен айтылған бұйрықты сөйлемнен кейін қойылады;
- бас әріптерінен немесе басқа буындарынан қыскартылып алғынған кісі аттарынан соң қойылады.

Сұрау белгісі (?)

- сұраулы сөйлемнен кейін қойылады.

Леп белгісі (!)

- көтеріңкі дауыспен айтылған лепті сөйлемдерден кейін қойылады.

Қос нүкте (:)

- жалпылауыш сөз бірыңғай мүшелердің алдында келсе, жалпылауыш сөзден кейін қойылады;
- себеп-салдар салалас құрмалас сөйлемнің алдында келсе, жалпылауыш сөзден кейін қойылады;

- түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемнің алдындағы бөлігінен соң қойылады;
- төл сөздің алдынан келетін автор сөзінен кейін де қойылады.

Көп нұктे (...)

- автор әр сөздің арасына көбірек пауза жасап, жіктең, даралап бөлуді мақсат еткенде, сол сөздерден кейін қойылады;
- көбінесе көркем әдебиет шығармаларында қейіпкерлердің психологиялық ерекшеліктеріне байланысты (қатты ашу, реніш немесе күтпеген қуаныш үстінде) айтар ойы алғашқы бірер сөзден түсінікті болып, әрі қарай қейіпкерлердің сөзі толық айттылмаған реттерде қойылады.

Нұктелі үтір (:)

- түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемнің түсіндіруші бөлігі бірнеше жай сөйлемнен құралса, олар бірбірінен нұктелі үтір арқылы ажыратылады;
- өз ішінде үтірлері бар бірынғай мүшелер де нұктелі үтір арқылы ажыратылады.

Үтір (,)

- сөйлемдегі қыстырма сөздер үтірмен бөлінеді. Қыстырма сөз сөйлемнің басында келсе, үтір одан соң қойылады; қыстырма сөз сөйлемнің сонында келсе, үтір оның алдында қойылады; қыстырма сөз сөйлемнің ортасында келсе, үтір оның екі жағынан қойылады;
- бәсекең дауыспен айттылған қаратпа сөздер сөйлемде үтірмен бөлінеді. Қаратпа сөз сөйлемнің басында келсе, үтір одан соң қойылады; ортасында келсе, үтір оның екі жағынан қойылады; сөйлемнің сонынан келсе, үтір оның алдынан қойылады;
- сөйлемнің бірынғай мүшелері үтірмен бөлінеді;
- ыңғайлас, талғаулы, кезектес салалас құрмалас сөйлемдердің жалғаулықты себеп-салдар салалас құрмалас

және сабақтас құрмалас сөйлемдердің бөліктегі үтірмен бөлінеді.

Тире (–)

- бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылады;
- бірыңғай мүшелерден кейін келетін жалпылауыш сөздің алдына қойылады;
- төл сөзден кейін қойылады;
- жалпылауыш сөздер бірыңғай мүшелердің екі жағынан келгенде, бірыңғай мүшелердің екі жағынан да қойылады;
- диалог тиреден бастып жазылады.

Тырнақша (« »)

- дәйексөз екі жағынан тырнақшаға алынып жазылады;
- диалог емес төл сөз тырнақшаға алынып жазылады;
- сөз арасында келтірілген мақал-мәтелдер сөйлем ішінде тырнақшаға алынады;
- сөйлем ішінде басқа біреудің сөзі кірістірілгенде, ол сөз тырнақшаға алынады.

Жақша ()

- қыстырынды сөздер мен сөйлемдер жақшаға алынып жазылады;
- дәйексөз алынған автордың аты-жөні, шығармасының аты, шыққан жылы, беті жақшаға алынады;
- драмалық шығармалардағы авторлық ремеркалар жақшаға алынады.

 **242-жаттығу.** Мәтінді оқып, қоғамдық көлікке анықтама құрастырындар. Тыныс белгілеріне көніл аударындар.

Қоғамдық көліктің қызметтің күнделікті пайдаланамыз: онымен жұмысқа, оқуға барамыз, үйге қайтамыз. Қарапайым халықтың көпшілігі базар мен дүкен аралағанда автобустармен жүреді. Қала тұрғындарының тіршілігі автотранспортпен байланысты.

Автобус және метро ең көп пайдаланылатын көлік түрлеріне жатады. Бұдан өзге аспан әлемін шарлайтын ұшак, көк теңізде еркін қалқытын кеме, жер жүзін тіліп өтетін пойыз да адамзатқа қызмет етеді.

-  1. Қоғамдық көлік не үшін қажет деп ойлайсындар?
2. Мәтіндегі қоғамдық көлік түрлерінің қайсысын көбірек пайдаланасындар?
3. Өз қалаларың мен ауылдарында қоғамдық көліктің қай түрі жиі кездеседі?

 **Денгейлік тапсырма:** Қоғамдық көлікте жолаушылар ұстана-тын ережелердің дұрыс не бұрыс екенін анықтап, кестеге жазындар.

Ережелер	Дұрыс	Бұрыс
Жасы үлкен кісілерге орын беру керек.		
Көлік ішінде ұялы телефонмен немесе қасындағы достарыңмен айғайлап сөйлесуге болады.		
Ауыр заты бар немесе балалы кісілерге мініп-түсуге көмектескен жөн.		
Көлік ішінде әрі-бері жүгіруге болады.		
Көлік терезесінен басынды шығаруға болады.		
Көлік ішінде тамақ, балмұздақ жеген дұрыс емес.		
Жүргізушімен сөйлесіп, оны алаңдатуға болады.		
Көліктегі аяқ киімінді тазалап, киімдерінді қак-қаның әдепсіздік болып саналады.		
Қоғамдық көлікте әрдайым мәдениетті, өзара сый-пайы болған жөн.		

Тілімізде қолданылатын қоғамдық көлік атауларының бәрі өзге тілден енген. Мысалы, автобус (көне грек. autos – «өзі» және латын. bus – «бәріне»), трамвай (ағылш. tram – «вагон» және way – «жол»), троллейбус (ағылш. trolley – «түйіспелі сым» және bus), сондай-ақ метро немесе метрополитен (фр. metropolitain – «астаналық») – барлығы да кірме сөздер. Түрік тілін де машинаны «араба» деп атайды. Бұл сөз біздің тіліміздегі «арба» сөзімен сәйкес келеді.

243-жаттығу. Фаламтор мен қосымша әдебиеттерден мәлімет жинап, Ташкент метрополитені туралы қорытынды мәтін жазындар.



244-жаттығу. Мәтінді бір-біріңе оқып беріп, түсіндіріндер. Түсіндірмелерің мен мәтін арасындағы айырмашылықты анықтаңдар.

Аспан неге көгілдір?



Жерді ауа қабаты – атмосфера қоршап тұр. Ол жерді сүйктан, зиянды сәулелерден және ғарыш тастары – метеориттерден қорғайды. Атмосфераны «ауа мұхиты» деп те атауға болады. Ауа – Жерді қоршап тұрған көзге көрінбейтін газдардың қоспасы. Ол түссіз, оның іісі жоқ. Біз ауаның ағынын сеземіз. Қозгалатын ауаны «жел» деп атайды. Жел ауа райына байланысты сүйк, жылы және ылғалды болады. Ауа барлық тіршілік атаулыға тыныс алу үшін қажет. Күн сәулесі ауа қабаты арқылы өткенде, өзінің жарықтығын жоғалтады. Сөйтіп, аспан көгілдір болады. Ауада шаң бөліктері, тұтін көп болса, аспан ақшыл, кейде қызылдау болып көрінеді.

(«Менің алғашқы энциклопедиям» жинағынан)



245-жаттығу. «Тәрбие» сөзжұмбағын шешіндер.

Сөзжұмбак

1.	T				
2.	Ә				
3.	P				
4.	Б				
5.	I				
6.	E				

- | | |
|------------------------|-------------------------|
| 1. Жақын адам. | 4. Елін қорғайтын адам. |
| 2. Баланың қамқоршысы. | 5. Жаманнан безінү. |
| 3. Асыл қасиеттер. | 6. Үлгі, тәрбие. |

«Менің сүйікті кейіпкерім» тақырыбында ойтолғау жазындар.



Денгейлік тапсырма: Мәтінді оқып, тақырып қойындар. Сендер де тауды суреттендер.

Қандай еken тоғай іші?! Көру үшін біз енеміз. Тоғай өтіп, өзен өтіп, Тау басына біз жетеміз! Түске қарай тізбектелген топ кішкентай тоғайға келіп кірді. Тоғай іші салқын, көлеңке, майда шөбі кілемдей ғажап еken. Биік ағаштардың жапырағы сыйдырлап, самал жел бойынды балқытады. Мөлдір бұлақтың сұына қанып алып, кек майсаға аунап ойнады. Шамалы демалып, тамақтанып алған соң, тоғайдан шығып, таудың етегіне жетті.

– О-о-го-гоо! – деді бәрі тауға қарап. Таудың етегі жасыл шөппен, қызыл сары гүлмен көмкөрілген. Ал ортасынан төбесіне қарай жалпақ, жылтыр тастар жауып жатыр.



1. Өзбекстандағы қандай тауларды білесіндер?
2. Тауға саяхат жасаудың ерекшелігі неде деп ойлайсындар?
3. Қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек?

ҚАРАТПА СӨЗ ЖӘНЕ ОНЫҢ БЕГЛІЛЕРІ

! Қаратпа сөз – біреудің назарын аудару үшін, айтылған ойдың кімге арналғанын білдіру үшін қолданылатын сөз. Мысалы: *Самат*, ертең сынақ болады. Ұялма, қарагым, жоғары шық. Келдің бе, балам? Бірінші сөйлемдегі қаратпа сөз (*Самат*) біреудің назарын аудару үшін, қалған екі сөйлемдегі қаратпа сөздер (*қарагым, балам*) ойдың кімге арналғанын білдіру үшін қолданылған.

Қаратпа сөз диалогта, шешендік сөзде, ұндеуде, поэзияда және түрлі хаттар мен іс қағаздарында қолданылады. Қаратпа сөздің жұмысалу мақсаты, мағыналары әр түрлі болады. Айтылған ойдың кімге арналғанын, кісінің назарын оған аударумен қатар, олар сөйлеушінің көңіл-күйін, сезімін білдіреді. Кейде бір сөйлемде бірнеше қаратпа сөз қолданылады. Мысалы: *Жұмаш, қалқам*, бері келші.

Қаратпа сөз сөйлем мүшесіне талданбайды.

ҚАРАТПА СӨЗДІҢ ТЫНЫС БЕЛГІСІ

! Сөйлемнің басында тұрған қаратпа сөзден кейін үтір немесе көтерінкі әуенмен айтылса, *леп белгісі* қойылады. Сөйлемнің ортасындағы қаратпа сөздің екі жағынан *үтір* қойылады. Сөйлемнің сонындағы қаратпа сөздің алдынан *үтір* қойылады. Мысалы:

Үтір: *Қарагым*, бермен кел. Ризамын, *балам*, ризамын. Қош бол, *қалқам*.

Леп белгісі: *Алақай!* *Ama!* *Ana!* Есбосындар келіп қалды! Соғыс бітті! (*F. Сланов*) *Жолдастар!* Сөз мектеп директоры Асан мырзаға беріледі.

Егер бір сөйлемде бірнеше оқшау сөздің түрі қолданылса, олардың әрқайсысы үтірмен оқшауланып

жазылады. Мысалы: *Е, сен, жаңылмасам, біздің қақпанға талай кездескен көрің көсің!*



246-жаттығу. Оқып шығып, қаратпа сөздерді айтындар және тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріңдер.

- 1.–Бұл етті турап бересіз бе, нағашы? –деді Ботакөз.
(С.Мұқанов)
2. Аға, қозы түгел ме? (Б. Соқпақбаев)
3. Қарағым, бері кел, Бізге де көңіл бөл. (Абай)
4. Ризамын, балам, ризамын! Ризамын елдің беріне. (Жамбыл)
5. Ертең сабаққа келесің ғой, Аман? («Нұрлы жолдан»)



247-жаттығу. Қаратпа сөздердің орнын өзгертуінде, оған байланысты тыныс белгілерін қойып көшіріңдер.

Үлгі: Арман, сен қайда кетіп бара жатырсың?
Сен, Арман, қайда кетіп бара жатырсың? Сен қайда кетіп бара жатырсың, Арман?

1. Талғат, сен кітапханаға барып келші.
2. Мен сізді жақсы көремін, апа!



248-жаттығу. Төмендегі сөйлемдерді көшіріп жазындар. *Балам* сөзінің қай сөйлемде қаратпа сөз екенін, қай сөйлемде сөйлемнің қайсы мүшесі екенін айтып беріңдер.

1. Балам, үлкеннің сөзін тыңдашы.
2. Ту ұстап алдында кетіп бара жатқан менің балам.
3. Баламды атқа мінгізді.
4. Баламның еңбегін бағалағандарының үшін сіздерге алғысымды білдіремін.



249-жаттығу. Қатар тұрған сөйлемдердегі қарамен жазылған сөздердің қай сөйлемде қаратпа сөз, қай сөйлемде бастауыш екендігін анықтаңдар да, тиісті тыныс белгісін қойып көшіріңдер.

1. Сәкен бүгін «Нұрлы жол» газетін оқыды. Сәкен бүгін сен «Нұрлы жол» газетін оқыдын ба?
2. Балалар

ертең тоғайға жидек теруге барамыз ғой? Ертең **балалар** тоғайға жидек теруге барады. 3. **Аманқұл апай** сіз биыл демалуға барасыз ба? **Аманқұл апай** биыл демалуға баратын болды.

⌚ Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қаратпа сөз дегеніміз не?
2. Қаратпа сөз сөйлем ортасында келсе қандай тыныс белгісі қойылады?
3. Өз сыныптастарының есімін қаратпа сөз етіп сөйлем құрастырындар.

ТӨЛ СӨЗ. АВТОР СӨЗІ. ТӨЛЕУ СӨЗ

⌚ **Төл сөз** – жазушының (сөйлеушінің) сөзіндегі біреудің өзгерілмей берілген сөзі.

Автор сөзі – төл сөздің айналысында берілген жазушының (сөйлеушінің) өз сөздері.

Төлеу сөз – жазушының (сөйлеушінің) біреудің сөзінің мазмұнын сақтап, бірақ өз сөзімен өзгеріп берген сөздер.

ТӨЛ СӨЗ БЕН АВТОР СӨЗІНІҢ БАЙЛАНЫСЫ

⌚ Сөйлеген кезде, төл сөз автор сөзінен дауыс ырғағы арқылы бөлініп тұрса, жазуда олардың арасы тыныс белгісі арқылы ажыратылады.

Төл сөзден кейін жазылатын автор сөзі төл сөзбен әр түрлі тұлғадағы «де» етістігі арқылы байланысады. Мысалы: *деген, деп, дегендей, десті, депті, демекші, дей отырып, дейді, деп жатыр, дейтін, десе т.б.*

Де етістігі әрдайым автор сөзінің ішінде жазылады. Төл сөз бір немесе бірнеше сөйлемнен тұрса да, де етістігі олардан кейінгі автор сөзінің ішінде жазылады. Мысалы: Апасы баласына: «Балам, үйді тазала. Гүлдерге су құй» – *деп* хат жазып кетіпти.

ТӨЛ СӨЗ БЕН АВТОР СӨЗІНІЦ ОРЫН ТӘРТІБІ

Төл сөз автор сөзінен бұрын келеді.	«Төл сөз», – автор сөзі.
Төл сөз автор сөзінен кейін келеді.	Автор сөзі: «Төл сөз».
Төл автор сөзінің ортасында келеді.	Автор сөзі: «Төл сөз», – автор сөзі.
Төл сөзді автор сөзі ортадан жарып келеді.	«Төл сөз, – автор сөзі, – төл сөз».

ТӨЛ СӨЗ БЕН АВТОР СӨЗІНІЦ ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

Төл сөз тырнақшаға алынғанда, тыныс белгілері былай болады:

«Төл сөз», - автор сөзі.	«Баламмен ақылдасайын», – деді Ақан.
Автор сөзі: «Төл сөз».	Ақан былай деді: «Баламмен ақылдасайын».
Автор сөзі: «Төл сөз», - автор сөзі.	Ақан: «Баламмен ақылдасайын», – деді
«Төл сөз, – автор сөзі, - төл сөз».	«Баламмен, – деді Ақан, – ақылдасайын».

Төл сөз сұраулы, лепті және көтеріңкі интонациямен айтылған бүйреккүй сөйлем болғанда, тыныс белгілері былай болады:

Егер төл сөз сұраулы сөйлем болса	Егер төл сөз лепті сөйлем болса
«Төл сөз?» – автор сөзі	«Төл сөз!» автор сөзі
Автор сөзі: «Төл сөз?»	Автор сөзі: «Төл сөз!»
Автор сөзі «Төл сөз?» – автор сөзі	Автор сөзі: «Төл сөз!» – автор сөзі
«Төл сөз, – автор сөзі, – төл сөз?»	«Төл сөз, – автор сөзі, – төл сөз!»

250-жаттығу. Берілген сөйлемдерді төл сөз бен автор сөзіне айналдырып жазындар.

Үлгі: Ежелгі адамдар: «Жер жазық», – деп болжасаң.

1500 жылға дейін адамдардың көпшілігі Жер әлемнің ортасында орналасқан деп ойлаған. 1473–1543 жылдар аралығында өмір сүрген поляк ғалымы Николай Коперник Күн әлемнің ортасында орналасқанын, ал Жер өзге ғаламшарлармен бірге Күнді айналып жүретінін дәлелдеді.

(«Сұрақ және жауап» энциклопедиясынан)

 **251-жаттығу.** Мақал-мәтелдерді қатыстырып, төл сөз және автор сөзінен тұратын 4–5 сөйлем кұрастырындар.

- Күн ортақ,
- Таң атпайын десе, күн қоймайды.
- Ай ортақ,
- Сүмбіле туса, су суыр.
- Жақсы ортақ
- Жаңа айдан жақсылық.

252-жаттығу. Мәтіндегі негізгі ойға қатысты тірек сөздерді анықтап, олармен төл сөз беріп автор сөзі түрінде сөйлемдер кұрастырындар.

Аспан сүті

Айлы түнде бұлтсыз аспанды солтүстіктен онтүстікке қарай созылып жатқан ақ жолақ көрініп тұрады. Ол «Құс жолы» деп аталады. Оған Күн жүйесі және тағы осындай бірнеше жүлдіздар жүйесі кіреді. Құс жолы күз айларында жақсы көрінеді. Жыл құстары көктемде келгенде және күзде жылы өлкеге қайтқанда осы жолдың бағытымен ұшады екен. «Галактика» сөзі ежелгі мысырлық «гала» – «сүт» деген сөзден шыққан. Бұл галактика «Сүт жолы» немесе «Құс жолы» ретінде әйгілі.

(«Мениң алғашқы энциклопедиям» жинағынан)

 **253-жаттығу.** Төл сөз беріп автор сөзінің тыныс белгілерін дұрыс қойып жазындар.

1. Ертең ерте жиналындар! деді Ербол Баратын жеріміз алыс.
2. Шәмсия ұзақ ойланып Жарайды, сені топқа қосайын деді.
3. Ата, сіз айтыңызшы деді Ер сайын осы жердің тарихын біреу білсе, сол адам сіз шығарсыз.
4. Бұрыннан келе жатқан әңгіме ғой деп әжем ойланып қалды мен де үлкендерден естігемнін.



254-жаттығу. Мына төл сөздерді төлеу сөзге айналдырындар.

Абай Шәкеден:

1. Қам-қайғы ойлаған кісідей ме? Көңілі қалай? – деп сұрады (*M. Әуезов*).

2. Рахметке сыр бергісі келмеген Анатолий Кондратьевич:

– Апыр-ау, шыбықтар көктейін депті-ау! – деді (*C. Мұқанов*).

3. – Өз ойынды қоя тұр да, Рязанов не ойлады, соны айт, – деді Ушаков (*F. Мүсірепов*).

4. Жүсіп тамағын кенеп алып:

– Ендеше, Ильястың өлеңін айтайын, – деді (*B. Майлін*).

5. Әркім әр түрлі сөзді айтып даурығып жатқанда, Сыrbай:

– Тоқтаңдар! – деп ақырып қалды (*C. Мұқанов*).

6. – Ие, ол кім еken? – деді Ушаков (*F. Мүсірепов*).

7. Қаумен Балғазға:

– ...Көрмеймін! Қазір көш! – деп бұйрық берді (*M. Әуезов*).

8. – Мұндай да сұрау болады еken! – деп, Рабиға күлді (*B. Майлін*).

9. Ұықтары қарына дейін алтын, жоғарғы жағы күміс білем! – деді Күренкөз қожа (*F. Мүсірепов*).

10. Сол әйел әлденеге елегізіп басын көтеріп алды да:

– Отағасы, бері қараңызышы! – деді (*B. Майлін*).



255-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, одан төл сөз, автор сөздерін табындар. Олар кімдердің сөзі еkenін және олардың қандай тыныс белгілерімен ажыратылып тұрғанын анықтандар.

Апасы Мағжанға қатты ренжіді. «Яслиден шығып, бақшаға келдің, үлкен жігітсің, бірақ әлі ақылың кірмепті. Қиқарлық–жарамсыз әдет. Жақсы бала апасының да,

көкесінің де айтқанын бұлжытпай орындауы керек», – деді ол. Мағжан бұл сөздердің бірін есітіп, бірін естіген жоқ, бар ойы күшікте еді. Мағжан апасынан: – Күшікті үйге әкетеміз бе? – деп сұрады. (*M. Maғayin*)

 **256-жаттығу.** Сөйлемдерді көшіріп жазындар. Төл сөз бен автор сөзінің орналасуын сызбамен көрсетіндер.

Үлгі: «Мен судан қорқамын», – деді Омар.

Сызбасы: «_____», – ~~~~~.

1. Сағи былай деп сұрады: «Ол сенің інің бе?»
2. «Баланың жұмысы қын болғандықтан көмектестім», – деді әкесі.
3. Киізі қырық жамау күркесіне келіп Жиренше былай деген екен: «Қайран менің өз үйім, кең сарайдай боз үйім».

 **257-жаттығу.** Мына сызба бойынша төл сөз бен автор сөздерін катастырып сөйлем күрандар.

1. «Төл сөз», – автор сөзі.
2. Автор сөзі: «төл сөз».
3. «Төл сөз, – автор сөзі, – «төл сөз».

 **258-жаттығу.** Өздерін күнделікті түрмиста қолданатын төл сөздерінді сөйлем етіп, көшіріп жазып келіндер. Тыныс белгілерін дұрыс қоюды үйреніндер.

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Төл сөз деп қандай сөзді айтамыз?
2. Автор сөзі деп ше?
3. Төл сөзі автор сөзінен бұрын келсе, қандай тыныс белгісі қылады?

 **Денгейлік тапсырмалар:**

1-денгей. Мәтінде төл сөз бен автор сөзінің орын тәртібінің сызбасын көрсетіндер.

— Табиғаттағы өзгерістер аспан шырақтары мен жүлдышдарға тікелей байланысты, — деді Асқар. Са-мал: — Бұл құбылыстардың жыл сайын жылдың белгілі бір мерзіміне тура келетінін халқымыз біліп отырған, — деді. Сайлау былай деді: — Жүлдышдарға қарап, бағытты анықтауды қазақтар ертеден білген. — Иә, дұрыс айтасың, — деді Сәуле, — олар Темір қазықты, Үркерді, Үшақар Таразыны, Құс жолын белгілеп, адаспай жол тапқан.

2-денгей. Сөйлемдерді төл сөз бер автор сөзі болатындағы етіп күрастырындар.

«Ауыл-үй қонды» — Ай мен Үркердің бір-бірімен жақын келген күні. «Тоғандасты» — Үркердің Ай орағының немесе табағының тасасын да көрінбей қалуы.

«Өріп шықты» — Айдың Үркерді басып өткен үшінші күні.

3-денгей. Саяхат түрлерінің біріне балаларға арналған газет-журналдар мен ғаламтордан қажетті ақпарат жинандар.

1. Тарихи ескерткіштер мұражайына саяхат.
2. Теңіз түбіне саяхат.
3. Орманға саяхат.
4. Тауға саяхат.

4-денгей. Төл сөз бер автор сөзін қатыстырып, «Тұған табиғатқа саяхат» тақырыбында шағын мәтін жазындар. Төл сөз бер автор сөзінің тыныс белгілеріне назар аударындар.

ДИАЛОГ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

 Диалог – бірнеше адамның бір-бірімен сөйлесуі немесе адамның өз-өзімен сөйлесуі. Диалогта әр адамның сөзі жаңа жолдан және сыйықшамен басталады. Мысалы:

— Қарағым, сен кімнің баласысың?

- Асанбайдың.
- Әкең қазір қайда?
- Қой бағып кеткен.

Диалогта төл сөз бен автор сөзі араласып келе береді.

Мысалы:

Асық ойнап жүрген бала келіп амандақанда, Сапархан:

- Қарағым, сен кімнің баласысын? – деп сұрады.

Бала:

- Асанбайдың, – деп қысқа жауап қайырды.

Сапархан енді балаға тіке қарап:

- Әкең қазір қайда? – деді.

Бала да бұл кім болды еken дегендей:

- Қой бағып кеткен, – деп тесіле қарады.



259-жаттығу. Жақшаны ашып, сөйлемдерді көшіріндер. Төл сөз бен автор сөзіне байланысты тыныс белгілерін қойындар.

1. Сабағынды оқыдың ба? (деп сұрады әжем). 2. Демалыс күні мектеп бақшасына келіндер де, ағаш егуге көмектесіндер (деді сынып жетекшісі). 3. Ауылдың жанындағы өзенге барып суға түссем, қармақпен балық ұстасам, жақсы болар еді (деп ойлады Ерлан).



260-жаттығу. Мәтінді оқып шығындар, диалогқа байланысты тыныс белгілерін қойып жаттығуды көшіріндер.

Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш

Атасы он жасар ұл баласымен далада келе жатып, баласынан сұрады:

Анау өрмекшіні көремісің, не істеп жүр?

Көремін, өрмек тоқып жүр.

Анау құмырсқаны көремісің?

Көремін, аузында бір нанның уалшығы бар, жүгіріп кетіп барады.

Жоғары қара, аспанда не көрінеді?

Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында тістеген шөбі бар.

Сонда атасы айтты:

Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер саған әбірет.

 **261-жаттығу.** Мәтінді мәнерлеп, рөлге бөліп оқындар. Мәтіннің қалғанын өз ойларынмен жалғастырындар.

Мақта қыз бен мысық

Бұл екеуі дос болып жүреді. Мақта қыз үйін жи-
нап жүріп, бір мейіз тауып алады. Мақта қыз мысықты
шақырады. Мысық келмейді. Шақырады, келмейді. Онан соң «келмесең қой» деп өзі жеп қояды. Жеп болған соң
мысық келіп:

– Неге шақырдың? – деп сұрайды. Макта қыз айтпайды, соナン соң мысық:

– Ендеше қатығынды төгем, – дейді. Макта қыз:

– Мен құйрығынды кесіп аламын, – дейді. Мысық қатықты төгеді. Макта қыз мысықтың құйрығын кесіп алады. Мысық:

– Апа, апа, құйрығымды берші, – дейді. Макта қыз:

– Менің қатығымды төле, – дейді.

Мысық сиырға барады:

Сиыр, сиыр, маған қатық берші, – дейді. Сиыр айтады:

Менің қарным ашып тұр, маған жапырақ әкеліп берші, – дейді.

Мысық ағашқа барып:

Ағаш, ағаш, жапырағынды берші, – дейді. Ағаш айтады:

Мен шөлдеп тұрмын, су әкелсең, жапырақ беремін, – дейді.

Суға бара жатса, су әкеле жақтан қыздарды көріп:

Қыздар, қыздар, маған су беріндерші, – дейді

Қыздар:

Бізге сағыз әкеліп берсең, біз саған су береміз, – дейді.

Мысық дүкенге барады:

Әй, дүкенші, маған сағыз берші, – дейді, дүкенші:

Маған тұқым бер, – дейді.

Мысық тауыққа барады:

Тауық, тауық, маған тұқым берші, – дейді. Тауықтар айтады:

Бізге дән әкеліп берсең, біз саған тұқым береміз, – дейді.

Мысық «енді не қыламын» деп бара жатса, бір ін казып жатқан тышқанды көреді. Мысық тышқанды корқытып:

Жаныңның барында айт, үйінде не бар? – дейді.

Тышқан қорыққанынан:

Үйімде бір баптан тарым бар, – дейді. Мысық айтады: Маған бір уыс тары бер, – дейді...



Денгейлік тапсырмалар:

I. Диалогті өздерің аяқтап, қорытынды жазындар.

Мұғалім: Балалар, адамға тіл не үшін керек?

Оқушылар: Сөйлеу үшін!

Мұғалім: Ал сөйлеу не үшін қажет?

Азамат: ...

Әлия: ...

Менің қорытындым: ...

II. Жан-жануардың төлдері қалай аталады? Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жазып, сөйлем құрандар.

Коянның Тұлқінің Еліктің Арыстаннның

Аюдың Киіктің Қасқырдың Жолбарыстың

ІС ҚАҒАЗДАР ҮЛГІЛЕРИ

 Хат – эпистолярлық қарым-қатынаста пайдаланылатын құжаттардың бірі. Әр жағдаятқа (ситуация) орай хаттар жазылады. Демек, мазмұны, мақсаты, қалпы жағынан хаттың бірнеше түрі болады. Мысалы:

I. Жеке хат.

Жеке хат – екі адамның арасындағы хат алмасу. Егер хат жазатын адамдар таныс емес немесе бастық – қара-мағынадағы адам болса, онда жеке хат ресми сипатта болады. Ал туыстар мен достардың хаттары бейресми сипатта болады. Сондай-ақ бейтарап сипаттағы жеке хатта болады, бұл – әлеуметтік дәрежесі, лауазымы, жасы бірдей адамдар, әріптестер арасындағы хат.

II. Іскери хат.

Бұл – мекемелер, кәсіпорындар, мемлекеттер арасындағы хат. Іскери хат белгілі лауазымды адамға немесе бірнеше лауазымды адамға жазылады.

III. Жеке іскери хат.

Жеке іскери хат – жеке тұлғаның занды тұлғалармен хат алмасуы. Оған ресми сипат тән.

IV. Мақсатына қарай хаттың бірнеше түрі бар:

- баяндау мазмұнындағы хат (хабарлама хат, өмір, қызмет, оку туралы хат);
- әсер ету мазмұнындағы хат (шақыру хат, өтініш хат, талап хат, сауал хат, кенес хат, ескерту хат);
- эмоционалды-бағалау мазмұнындағы хат (арыз хат, көніл айту хаты, макұлдау хат);
- этикет мазмұнындағы хат (құттықтау хат, алғыс хат, кешірім хат, байланыс орнату хаты).

Іскери хаттың нақты құрылымы болады: басталуы, негізгі мазмұны және соңы.

Хаттың басталуында хатты жазған ұйымның атауы, хат арналған ұйымның атауы, хат жазылған айы, күні, жылы көрсетіледі. Хаттың негізгі мазмұнында әдетте, осыған байланысты, осыған орай, сол себепті, біздің ойымызша, Сіздің атыңызға, Сіз басқарып отырған мекеме сияқты орамдар қолданылады.

Хаттың соңында хат жазушы адамның лауазымы, хат жазылған айы, күні, жылы көрсетіледі, лауазымды адамның қолы қойылады.

Шақыру хат

**Өзбекстан Республикасы Жоғары және
орталық арнаулы білім министрлігі
Ташкент облысы Шыршық мемлекеттік
педагогика институты, Қазақ тілі және
әдебиеті кафедрасы Қазақстан Республикасы
М.О. Әуезов атындағы Шымкент педагогика
институтының академигі, әдебиетші
ғалым Сейданов Қалдыбек жолдасқа!**

Сізді 2020 жылдың 28 ақпанында өтетін Қазақтың ұлы данышпан ақыны, философ, аудармашы Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай өткізіліп жатқан әдеби-ғылыми конференцияға шақырамыз.

Конференцияның күн тәртібінде:

Кіріспе сөз институт ректоры, профессор Ғафуржан Истроилович Мухаммедов баяндама жасайды.

Туран академиясының академигі Қ. Сейдановтың «Абай және Науай» тақырыбында баяндамасы.

Конференцияға келген қонақтардың құттықтау сөздері.

Мәдени шара.

Мекен жайымыз: Ташкент облысы,
Шыршық қаласы ТОШМПИ
3-ғимараттың Конференция залы

Хабарландыру

Мекемелердің, ұйымдардың, қәсіпорындардың жеке адамдардың ұжым мүшелеріне, жалпы жұртшылыққа алдағы уақытта өткізілетін жұмыстар, іс-жариялайтын құжатты – хабарландыру дейді.

Хабарланып отырылған мәселенің (жиналыс, мәжіліс, кездесу т.б.) айы, күні, болатын уақыты, орны, қаралатын мәселелері, ол туралы хабар жасаушының, баяндаушының аты-жөні, атағы, қызметі көрсетіледі.

Хабарландыру мақсатына қарай көлемі, көркемденуі әр түрлі болады.

Ұлгі:

Хабарландыру

Қазақ тілі және әдебиеті үйірмесі мүшелеріне

Наурыздың 11-ші жүлдізында 2020 жылы үйірменің кезектегі жиналысы сағат 14⁰⁰ де 202-дәрісханада өтіледі.

Күн тәртібінде:

А. Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығы.

Баяндамашы. А. Абдукаимов.

А. Құнанбаевтың өлеңдерін мәнерлеп оқу және оны талдау.

ҚТӘ-19/1 топ студенттері

Үйірме жетекшісі.

Үйірмеге қатысуышыларга есік ашиқ. Барлық студенттер мен кафедра мүшелері қатысуы тиіс.

Арыз

Мекеме басшыларына өтініш шағым сұрау жөнінде жазылған іс қағазының бір түрі – арыз. Арызда мекеме аты, басшының лауазымы, аты-жөні және арыз иесі (аты-

жөні, қызметі, мекен-жайы, кейде төлқұжаттың нөмірі (паспорт) құжаттың түрі (арыз) мазмұны, қолы, жазылу күні көрсетіледі.

Арыздың үлгілері

*Ташкент облысы Шырышқ қаласы №14 орта мектебінің директоры Ү. Сарсеновага.
Шырышқ қаласы, Ә. Науай көшесі №9 уй,
21-пәтер тұрғыны Е. Алмасұлынан.*

ӨТІНİŞ

2014 жылы туған менің балам Қайрат Есенұлын 1-сыныпқа қабылдауыңызды Сізден өтінемін.

Өтініш иесінің қолы, қай уақытта жазылғандығы (айы, жылды).

Үлгі:

ТОШМПИ

*Тарих және тілдер факультеті деканы Р. Икрамовқа
Қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің
1-курс студенті А. Тұрсыматовтан*

АРЫЗ

Мен, Тұрсыматов Алмас ертеңгі болатын үш парадан Сізден рұқсат алғалы тұрмын. Себебі, ауылға барып екінші жарты жылдық үшін төлемақшамды (контракт) алып келуіме рұқсат беруіңізді өтінемін. Қалдырған сабағымды жеткізіп аламын. Барып келуді өз мойныма аламын.

«..... » 2020 жыл. Қолы. А. Тұрсыматов.

ҚҰТТЫҚТАУ

Күрметті Гүлнара Амирновна!

Озбекстан Республикасы Халыққа білім беру министрлігі Республика білім орталығы Сізді 60-қа келген мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды!

Біз Сізді білікті маман, тәжірибелі ұстаз ретінде зор құрмет тұтамыз. Ұжымда істеген 30 жыл ішінде Сіз жай методист қызметінен бөлім бастығы қызметіне дейін көтерілдіңіз, жас мамандарды даярлауға үлес қостыңыз. Өзбекстандағы оқулық және бағдарламалар бойынша байыпты еңбектер жарияладыңыз.

Құрметті Гүлнара Амирновна, әріптестеріңіз Сізді мерейлі мерекенізбен құттықтайды, Сізге еңбекте табыс, отбасыңыздың амандағын тілейді.

Шынайы ниетпен: әріптестеріңіз.

ӨМІРБАЯН

Өмірбаян – жеке адамның өмірінен мәлімет беретін іс қағазының түрі. Өмірбаян үш түрлі жазылады. Бірі – адамның өз өмірі мен қызметі туралы өзінің баяндауы. Бұл түрі негізінен қызметке орналасу, окуға түсү кезінде т.б. жеке іс қағазына қоса тігілу үшін қажет. Онда бұл күжаттың аты, мазмұны, баяндаушының қолы, толтырған күні көрсетіледі. Мазмұнында адам өзінің аты-жөнін, туған күнін, айын, жылын, туған жерін қандай отбасынан екенін, қоғамдық ұйымдарға қатысын толық көрсетеді. Өз өмір жолын жаңа жолдан бастап қысқаша санамалап өтеді. Мұндай өмірбаян ресми турде жазылады, көлемі шағын келеді.

Өмірбаянның екінші түрі – мемуарлар адамның өз өмірін сол кездегі қоғам өмірімен байланыстыра баяндайтын естеліктер. Өмірбаянның бұл түрі – жазушылардың, қоғам қайраткерлерінің, өнер адамдарының, ғалымдардың шығармаларында кездеседі. Оның тілі көркем, шебер жазылады, сондықтан тартымды келеді. Олар қара сөзben де, өлеңмен де жазылады.

Өмірбаянның үшінші түрі – саяси шығармашылық өмірбаяндар. Белгілі қоғам қайраткерлерінің, атақты

жазушылардың өмірі мен шығармашылығы, саяси-қоғамдық қызметі екінші бір адам немесе бірнеше адам тарапынан баяндадады.

Ұлгі: **ӘМІРБАЯН**

Мен Асанов Самат, Ташкент облысы, Шыршиқ қаласының М. Юсупов көшесі 1 үй 28 пәтерде 1997 жылы 15 тамызда туылдым. Экем – кәсіпкер, анам – мұғалім. 2003 жылдың 1 қыркүйегінде мен орта мектептің бірінші сыныбына оқуға түсіп, 2014 жылы «жақсы» деген бағамен бітіріп шықтым. 2014 жылы Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика университетіне оқуға түстім. Университетте оқып жүрген кезімде мәдени шараларға жиі қатысып тұратынмын. З-курстан бастап кафедрада лаборант болып жұмыс істедім. Құжаттармен істеуді үйрендім. Өзіме көп нәрсе алдым. Оқып жүріп 4-курста өзімнің туған ауылымда педагогикалық практикада болдым. Мен келешек мамандығымды дұрыс тандағаныма көзім жетті, маған балалармен жұмыс істеу өте ұнайды. Университетті жақсы бағаларға бітіріп, магистратураға құжат тапсырып оқуға түстім. Екі жыл магистратурада оқып оны жақсы бағалармен бітіріп, қазіргі күнде Ташкент облысы, Шыршиқ мемлекеттік педагогика институтының «Педагогика және менеджмент» кафедрасында жұмыс істеп келемін.

Үйленгенмін, бір перзентім бар.

«.....» 20.... ..жыл.

Асанов С.

МИНЕЗДЕМЕ

Анар Үмбетова жолдас 1970 жылы туылған. Жоғары білімді. 1992 жылы Қарақалпақ мемлекеттік университетін бітірген. 2010 жылдан осы мектепте қазақ тілі мен

әдебиеті пәнінің мұғалімі қызметін атқарады. Ол өз мамандығын менгерген, сабакты жоғары дәрежеде өткізеді. Облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру курсында үш рет болды. Аттестациядан өтуде жақсы бағаға ие болды. Республика білім орталығының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде мүше. Облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру орталық аймағында практикант оқытушы қызметін де атқарып келеді. Бірнеше мектеп оқулықтарына пікір жазған. Мектептің қоғамдық жұмысына қызу ат салысады. Кәсіподак комитетінің мүшесі, пән секциясын басқарады.

А. Үмбетова тәртіпті, әрі ұқыпты, тілі таза, берілген тапсырмаларды бұлжытпай өз уақытында орындаиды. Оның мұғалімдер мен оқушылар арасында жақсы беделі бар.


Мектеп директоры:

_____ (аты-жөні)

Кәсіподак комитеті төрағасы:

_____ (аты-жөні)

 **Денгейлік тапсырма:** 1. Мәтінді негізге ала отырып, іс қағаздары үлгілерін өз сөздеріңмен «Кластер» әдісі арқылы қалғандарын да топтастырып жазындар.



2. Өз беттерінше үйде құттіқтау, күнделік, достарыңа хат жазып үйреніндер.

СӨЗЖАСАМ

! «Сөзжасам» дегеніміз – жаңа сөздердің жасалуы. *Ойла* дегенде *ой* деген сөзге -ла қосымшасы жалғану арқылы ойлау іс-әрекетін білдіретін жаңа сөз (*ойла*) жасалған. *Мал* деген сөзге -ши қосымшасы жалғану арқылы малды бағатын адам мәніндегі жаңа сөз (*малышы*) жасалған. *Бес* және *атар* деген екі сөздің бірігуінен жаңа мағыналы *бесатар* сөзі жасалған, ол – мылтықтың бір түрі.

Кәрі және *жас* деген сөздердің қосарлануы арқылы (кәрі-жас) жасалған.

Тілімізде қол деген сөз бар: бастапқы мағынасы – дene мүшесінің атауы, кейінгі мағынасы – әскер (*қол*).

Айғыр және жуа сөздерінің тіркесуінен (*айғыр жуа*) өсімдіктің атын білдіретін жаңа мағыналы сөз тұган.

Жаңа сөз тудырудың бірнеше тәсілі бар: журнақ арқылы, екі сөзді біріктіру арқылы, екі сөзді қосарлау арқылы, екі сөзді тіркестіру арқылы жасалады.

Қазақ тіліндегі сөздер түбір сөздер және туынды сөздер болып бөлінеді. Жоғарыдағы келтірілген мысалдар – туынды сөздер. Ал түбір сөзге сөздің бастапқы мағынасы жатады: *ой*, *мал*, *бес*, *ат*, *кәрі*, *жас*, *бала*, *айғыр* т.б.

262-жаттығу. Мына сөздердің қайсысы түбір, қайсысы жаңа мағынаға ие болған туынды сөз екенін айтындар.

Жер, Жер серігі, бұлт, кемпірқосақ, жай (найзағай), жайтартқыш, күн, күн сәулесі, аспан, көкжиек, жұмыс, жұмысшы, ғарыш, ғарышкер, жұрт, ағайын-жұрт, жүзі, кек жүзі, жер-кек, тау-тас.



263-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазып, әр түрлі тәсілмен жасалған туынды сөздердің астын сызындар да, олар нені білдіретінін анықтаңдар.



Неге күн күркірейді? Оның себебі – наизағай жарқылы. Күркіреген дауысты сол наизағай шығарады. Найзағай дегеніміз – мейлінше үлкен электр ұшқыны. Мұндай электр ұшқындары секундтың аз ғана бөлігінде көк жүзінің бірнеше шақырым жерін шарпып өтеді. Оның жолындағы ауа да сол сәтте қызып үлгереді. Сол кезде нағыз қопарылыс пайда болады. Одан шығатын дыбысты біз күн күркіреді дейміз. Найзағаймен ойнауға болмайды. Егер наизағай түссе, ғасырлар бойы өсіп тұрған еменнің өзі құл-талқан болады. Ал қораға немесе шөп маясана түссе, әп-сәтте жанып кетеді. Сондықтан да тұрғын үйлерді, зауыт мұржаларын, ток келетін болат бағандарды наизағайдан аман сақтау үшін жайратқыш салынады.



264-жаттығу. Тұбір және туынды сөздерді пайдалана отырып, «Тұған жердің табиғаты» тақырыбына шағын мәтін құрастырындар.



265-жаттығу. Мәтіндегі туынды сөздерді табындар. Олардың қалай жасалғанын анғарындар.

Жер бетін өзгертуде адам әрекеті де айтарлықтай орын алады. Адам өзендерді бөгеп, су қоймаларын жасайды,

жер қойнауын кеүлеп, тұрлі пайдалы қазбалар өндіреді. Жер суару үшін каналдар қазады. Осының бәрі жер бетінің табиғи қалпын бұзады. Жер бетін қазіргі заманғы жағдайда қозғамау мүмкін емес.



Бірақ жер бетіне әсер етудің салдарын да ойланған жөн. Әйткені зиян екі жақты болып отыр. Ауыл шаруашылығына үздіксіз пайдаланылған жерлер құнарлылығын жоғалтады. Сондықтан оны тұрлі тыңайтқыштар беру арқылы қалпына келтіріп отыру керек. Жер беті әсіресе пайдалы қазбалар өндіруге байланысты үлкен өзгерістерге ұшырайды. Өндіріс алаңында басы сүйір төбелер көптеп кездеседі. Олар – шахтадан көмір, темір, т.б. кен қабатына жеткенге дейінгі шыққан бос жыныстардың үйінділері, яғни террикондар (латынша terra – жер, kon – конус). Қарағанды шахталарының төнірегінде мұнданай террикондар көп.



266-жаттығу. Мәтіннен негізгі түбір сөздерді тауып, көшіріп жазыңдар.

Аққу қандай құс? Әңгімелеп беріңіздер. Көл ортасында қалың жасыл ала қамыстың айналасы – айнадай жалтыраған кең жайқын. Сол жайқында аппақ болып екі аққу сыланып, ақырын әсем жүзіп көлендейді. Екі аққу ұзын, сұлу мойында-рын иіп, көл ортасында сыңқылдап, аппақ денесін күміс суға төсеп, әсем жүзіп, күміс судың айнадай мөлдірін шымырлатып сыйады. Екі аққудың нәзік сұлу үнмен



сыңқылдап жүзген күміс сыйығынан сылдырлап, меруерт, гауһар моншақ тізіледі...

ЛЕКСИКАЛЫҚ ЖОЛМЕН ЖАСАЛҒАН ТУЫНДЫ СӨЗДЕР

1 Туынды сөздердің лексикалық жолмен жасалуы дегеніміз – сөздің сыртқы түрі өзгермей-ақ, жаңа мағыналарға ие болуы. Мысалы, Ақ: 1) ақ (ағу – бастапқы мағына); 2) ақ (ақ жіп, ақ сұт – тұсті білдіретін бастапқы мағына); 3) ақ – жаңа мағына (сүттен жасалатын тағамның атауы). Айдар: 1) ерекшелікті көрсету үшін әскери бас киімнің үстіне жасалатын бөлігі (бастапқы мағына); 2) баланың шашын алғанда, көз тимесін деп маңдай шашын я төбе шашын әдейі алмай қалдырыған оның шоқ шашы (бастапқы мағына); 3) баспасөзде, телерадиохабарларда берілетін жаңа тақырыптар (жаңа мағына).

Қазақ тілінде осындай жолмен жасалған сөздерге көп мағыналы және омоним сөздер жатады.

267-жаттығу. Мына сөздердің қанша мағынада жүмсалатынын табындар.

Жол, қырық, тоқсан, тамаша, ашық, тәтті, жаз, бас.

268-жаттығу. Қарамен жазылған сөздерді жақша ішіндегі сөздермен тіркестіріп айтқанда, мағыналарында қандай өзгеріс болатынын түсіндіріндер.

Арам (шөп, тамак, тер, ойлы, ас); **адал** (ас, адам, жүрек, кәсіп, құс, сөз, дос); **суық** (су, сөз, хабар); **сары** (май, уайым, уыз, ауыз, қотыр, бауыр, су); **қалың** (киім, жүрт, бет, қамыс); **қоңыр** (сиыр, жіп, дауыс, салқын, күз, қаз, жел, тарту, аю).



269-жаттығу. Берілген сөздердің әрқайсысы бірнеше мағынада жүмсалатындағы етіп сөйлем күрандар.

Ер, асай, қорық, жақ, жарық, кал, шаш, тұс.


ЖҰРНАҚТАР ЖАЛҒАНУ ЖОЛЫМЕН ЖАСАЛҒАН ТУЫНДЫ СӨЗДЕР

1 Түбір сөздерге сөз тудырушы журнақтар жалғанғанда, жаңа мағыналы сөздер жасалады. Мысалы: кес+пе, сұз+бе, көр+ме, қыш+қын, тас+қын, өр+мек, ек+ін (егін), жен+іс, біл+ім, қуан+ыш, ал+ғыр, тоң+ғақ, қол+да, ақ+та, көк+те.



270-жаттығу. Бір түбірге әр түрлі журнақ жалғау арқылы бірнеше туынды түбір жасаңдар.


Үлгі:



Көр, сез, біл, жаз, әдеп, айт, бол, жас, сана, оқы, көз.



271-жаттығу. Көп нұктенің орнына – хана жүрнағы арқылы жасалатын сөздердің тауып қойындар.





272-жаттығу. Мәтінді оқып, түсінгендерінде айтындар.

«Күздеу» дегеніміз – күзгі қоныс. Дегенмен, күздеу мен көктеудің бір қоныс екенін есте ұстағанымыз жөн. Өйткені бұл қоныстың өзіндік ерекшелігі болады: көктемде қары жайлаудан гөрі ерте кетіп, тез көктейді. Содан соң, қысқы қора маңының лайсаңынан құтылып, сергу үшін ел көктеуге қонады. Сөйтіп мұнда жайлау жетілгенше отырады.



Ел жайлауға кеткен соң, көктеудің көгі қайта жетіледі. Жаз бойы шалғыны жапырылмай, шебі тузырап тұрады. Енді жайлау сүргек тартып, ел қайтадан қыстауға жақындейды. Сөйтіп, тағы да қайтып келіп, қыстау маңындағы әлгі көктемгі қонысына қонады. Оның бұл кездегі аты – күздеу. Осы жерде қыс қамына кіріседі. Күздеудің отын әбден тауыспай, қысқы жайылымға мал тұяғын тигізбейді.

H. Қазыбеков.



Мәтіннен туынды сөздерді тауып жазып, жасалу жолын түсіндіріңдер.

«Күздеу», «көктеу» деп аталатын қоныстардың қандай қажеттікten туғанын әнгімелендер.

БІРІГУ ЖОЛМЕН ЖАСАЛҒАН ТҮҮНДҮС СӨЗДЕР

 Екі я одан да көп сөзден бірігіп, жаңа лексикалық мағына беретін сөздер жасалады. Мысалы: Ақтөбе, көккүтан, өнеркәсіп, Үштөбе, Сырдария, Болатбек, тасбақа т.б. Бұларды тіл білімінде біріккен сөз деп атайды.

 **273-жаттығу.** Төмендегі сөздердің қандай сөздерден бірігіп жасалғанын айтындар.

Демалыс, көкжиек, еңбекақы, Ұлтуған, Қайыпқожа, Әзімхан, жалақы, Жезқазған, Алшағыр, Бұланбай, әркім, ашудас.

 **274-жаттығу.** Мына біріккен сөздерді қатыстырып, бірнеше сөйлем құрандар.

Шекара, аққүтан, жолбарыс, қалжыңбас, меймандос, алабұта, алабұға, әнеугүні, жазғытұрым, тайталасу.

 **275-жаттығу.** Мәтіннен біріккен сөздерді табындар.

Арасанқапал – Талдықорған облысы жеріндегі емдеу орны бар елді мекен. Мұны «Қапаларасан» деп те атайды.

Арқа – батыс Торғай ойпатынан басталып, шығысы Тарбағатайдың батыс сілеміне дейін жалғасқан, солтустігі Батыс Сібір жазығына, оңтүстігі Балқаш көліне ұласқан кең дала. Мұны «Сарыарқа» деп те атайды.

Бетпақдала – Балқаш көлінің батыс жағалауынан басталатын кең даланың атауы.

Жоңғар Алатауы – бір жақ шеті Қытай жеріне кіріп тұрган Қазақстанның шығысындағы тау жүйесі.

Қотанқарағай – Шығыс Қазақстан облысындағы жер, аудан және оның орталығының атауы. Ол «топ қарағай» дегенді білідерді.

 Өздерің тұрган жердегі жер-су атауларының жасалу жолдарын анықтап, түсіндіріп беріндер.

ҚОСАРЛАНУ ЖОЛЫМЕН ЖАСАЛҒАН ТҮҮНДҮС СӨЗДЕР

! Кейде екі сөз қосарланып, бір лексикалық мағына береді. Мұндай сөздерді қос сөздер деп атайды. Қос сөздің сыңарлары мағыналық жағынан байланысы бар, бір текстес заттардың аттарынан, синоним сөздерден, кейде антоним сөздерден жасалады. Мысалы: сауысайман, көрпе-жастық, ыдыс-аяқ, үлкен-кіші, жақсы-жаман, алыс-жақын, туған-түйсін, ығы-жығы.

276-жаттығу. Мына сөздерден қосарлама қос сөздер жасап жазыңдар.

дәрі	киім	құрбы
мал	ойын	зорлық
жора	ине	ата

277-жаттығу. Төмендегі қос сөздердің қайсысында жана лексикалық мағына бар екенін, қайсысында ондай мағына жоқ екенін анықтаңдар.

Азды-көпті, қызыл-жасыл, құрт-құмырсқа, көре-көре, оқтын-оқтын, сөйлей-сөйлей, дүркін-дүркін, кәрі-жас, зәбір-жапа, азық-түлік, қазы-қарта, жетім-жесір, ауылаймақ, абысын-ажын, қайта-қайта, қора-қора.

278-жаттығу. Оқып шығыңдар да қосарлану арқылы жасалып түрған сөздердің мағынасын ашып түсіндіріңдер.

Камбала



Шелпек тәрізді жап-жалпақ Камбала балығы үнемі теңіздің түбінде тіршілік етеді. Ол ауық-ауық жоғары қарап қойып, жемінің жүзіп келуін күтіп жата-

ды. Көзге түсіп байқалып қалмау үшін камбала өзінің өңтүсін де өзгертіп тұрады: сары құмның үстінде оның рені сарғыш тартады, қара лайға тасаланса, өзі де қарайады, ал шұбар тастың үстінде ол да шұбар бола кетеді.

Бірде аквариумның түбіне шахмат тақтасын төсеп, суға қалқып кетпеуі үшін, оны таспен бастырып қойыпты. Сөйтсе оған жақындаған камбаланың үсті тақтаның бетіндегі торлана бастаған көрінеді. Бұл да табиғат-шебердің адамзатқа белгісіз құпия жұмбақтарының бірі емес пе?!

«Негеи» кітабынан.

ТІРКЕСУ ЖОЛМЕН ЖАСАЛҒАН ТУЫНДЫ СӨЗДЕР

 Тіркесу жолмен жасалған сөздер екі не одан да көп сөзден құралып, бір екпінмен айтылып, бір ғана лексикалық мағынаны білдіреді. Мысалы: он алты, қызыл ала, қол созым жер, көз ілмеді, темір жол, ғарыш кемесі, келіп кет, көк ала, жер жүзі, күн сәулесі т.б. Мұндай күрделі сөздердің әрбір сынары бөлек жазылады.

 **279-жаттығу.** Төмендегі күрделі сөздер нелердің атауы болып тұрғанын түсіндіріндер.

Көрі жілік, сары шымшық, қара құс, асық жілік, тоқ ішек, ащы ішек, ауыз омыртқа, бас бұзар, сүмбіл шаш, бесікке салу.

 **280-жаттығу.** Берілген сөздерден күрделі сөз күрап жазындар.

Көк, боз, соқыр, ала, тоқпан, тоң, су, торғай, өкпе, ішек, жылан, жөтел, жілік.



281-жаттығу. Мәтінді түсініп оқындар. Біріккен сөздерді табындар.

Жайлаудан бәрі бірдей шұрайлы бола бермейді. Еліміздің әр жерінде жұртқа кең танымал атақты жайлаулар бар. Олар: Қарқара, Шалқөлде, Сырт, Шұбартал, Асы деп аталады.

Қарқара жайлауы үстімен Ұлы Жібек жолы өткендіктен, осы жерде ертеде атышулы жәрмеңке болады екен. Бүгін де бұл өлкеде той толастамайды. Бәйге шауып, қыз қуады. Балалар гүл теріп, көбелек қуып, суға шомылады. Тауда өсетін жемістер: қарақат, таңқурай, долана; жазық далаларда өскен қой бұлдірген, сиыр бұлдірген де өте көп болады.

H. Қазыбеков.

СӨЗЖАСАМ БӨЛІМІН ТАЛДАУ

Сөзді құрамына қарай талдау


Талдау реті:

1. Сөздің қай сөз табына жататынын анықта; сөздің түрленетін я түрленбейтінін дәлелде.
2. Түрленетін сөздегі негіз берен қосымшаны ажырат; түрленбейтін сөздердің бәрі де негізгі түбір болып есептеледі.
3. Сол сөз түбірінен тарайтын түбірлес сөздерді көрсет.
4. Сөздегі қосымшалардың түрін ажырат: жалғау мен жүрнақтың қай түріне жататынын дәлелде.
5. Сөз құрамындағы бөліктерді тиісті шартты белгілермен көрсет.


Талдау үлгісі:

Ұтылды – етістік, түрленетін сөз табы

ұт – түбір, -ыл – ырықсыз етіс жүрнағы, -ды – жіктік жалғауының III жағы



ұт ыл ды



6. Сөздерді сөзжасам түрғысынан талдау

Талдау реті:

1. Сөздің лексикалық мағынасын түсіндір.
2. Осы сөзден өрбіген түбірлес сөздерді тап.
3. Сөз жасауға тірек болған түбірді көрсет.
4. Жаңа сөз жасауға негіз болған тәсілді анықта.

Талдау үлгісі:

а) **құша** – «құс секілді»

құш, құстай – сөз түрлендіруші жүрнақ арқылы жасалған

ә) **білезік** – «білекке тағатын әшекей зат»

білезік – білек+жүзік-сөздерінің бірігуі арқылы жасалған.

ТІЛ МӘДЕНИЕТІ

❶ **Тіл мәдениеті дегеніміз** – сыпайы, ізетті, сауатты сөйлей білу мен жаза білу және сөзді дәл айта білу, оны орнымен, әсерлі етіп қолдана алу шеберлігі. Халықтың ұшан-теңіз сөз байлығының ішінен ең қажетті, ен ұтымды тілдік құралдарды таңдал алып, оларды айтылмақ ой мен мәтіннің мазмұнына, мақсатына сай етіп тіркестіре алу білгірлік пен шеберлікті қажет етеді. Мәтінді жүйелі түрде мазмұндай алу да тіл мәдениетіне жатады.

ЖАСТАРДЫҢ ТІЛ МӘДЕНИЕТИН ДАМЫТУҒА АТА-АНА ҚАМҚОРЛЫҒЫ

«Біз мектеп жасындағы баланың барлық өмірі мектепке ғана тиісті десек, жаңылысқанымыз. Баланың табиғи дамуына уақыт, табиғат және отбасы өмірі анағұрлым көбірек ықпал жасайды» (К.Д. Ушинский).

«Ана тілі – бүкіл ақыл-ой дамуының негізі және бүкіл білімдердің қазынасы» (К.Д. Ушинский)

Ана сүтін қылқ-қылқ жұтып жатқан нәрестенің екі езуі бүлкілдеп, әлсіз саусақтармен ана қеудесін аймалап, көзін бір ашып, бір жұмып, рахатқа бөленеді емес пе? Еміренімпаз анасы да тасып-төгіліп, «о, жаным», «айналайын», «қалқам», «қозым», «құлыным»... деп, шын жүрегімен, адал ниетімен қатты тебіренбей ме? Осындай сөздерден басталатын ана тілі ана сүтімен сәбидің бойына тарап, ақыл-ойын, сана-сезімін оятады. Өсе келе бөбектің өз ана тіліне тән дыбыстар тобын, әлі қалыптаспаған «сөздерді» айтып, қуаныш аңсаған үй ішіне жайдары жас әуен енгізеді. Сол баланың талпыну, еңбектеу әрекеттері қаншалықты қуаныш бол-

са, тәтті тілімен сөйлей бастауы соншалықты кісінің емірену сезіміне қозғау салады, жаңа бір қуаныш нұрын шашқандай болады, балалы үй базарға айналады.

Сөйтіп өсірген ұлың мен қызыңың бүгінгісі де, болашағы да әрі қызықты, әрі бақытты болса екен дейсің. Қызықты, бақытты өмірдің өлшеуіші адамның қоғам өмірінен алатын орны, іс-әрекеті нәтижелеріне негізделсе керек. Тек білімді, мәдениетті, талапты, еңбек сүйгіш азаматтар ғана ата-ананың сол арман биігінен көріне алады. Сол үшін ата-ана балаға қамқоршы болуды бір жақты түсінбей, жан-жақты тәрбие, әсіресе, тілдік тәрбие, білім беруді естен шығармауы керек.

Ата-ана дегеніміз әке мен шеше ғана емес, сол екеуінің маңындағылардың бәрі деп түсінеміз. Солардың ішінде балаға әке – шешеден гөрі әжесі, атасы «баланың баласы оттан да ыстық» дейді де, бар білгенін, бар өнерін немерелеріне үйретуден жалықпайды. Абайдың даналығына, сөз зергері болуына айналаның, әжесі мен анасының, ақын мен жыраудың ерекше ықпалы тиген.

 **282-жаттығу.** Өлеңді мәнерлеп оқындар. Ережелерді өлең жолынан қалыпты сөйлемге айналдырып жазындар.

Реттеуші



Ала таяқ қолында,
Айтары көп оның да.
Не істей керек тұрса егер
Реттеуші жолың да.

Кеудесі мен бұрылса,
Қарап саған бетпе-бет.
Тұрғаны оның ұғынсан:
«Жолды жаптым, өтпе!» деп.

Оң иық не сол иық
Бұрылғанда сен жаққа.
Тұрып қалма мөлиіп,
Алға қарай тез атта.

Тік көтерсе таяқты,
Баспа алға аяқты.
Бағдар шамның бұл белгі
Сары шамы сияқты.

Арқа жағын қаратса,
Өтіп кетпе аңғармай.
Бағдаршамның бұл белгі
Қызыл түсі жанғандай,

Реттеуші бұрылды,
Бір қырындал тік тұрып.
Жасыл жанды дегенді
Жүргіншіге ұқтырып.

Реттеуші бар көшеге
Тап болса егер кім де-кім.
Тек сол берген белгіге
Көну – оның міндеті.

 «Еркін микрофон» әдісі мен жол қозғалысына қатысуышылардың арасында сұхбат жүргізіндер.

 **283-жаттығу.** Мәтінді оқып, ат қойындар. Мәтін мазмұны негізінде сұрақтар құрастырындар.

Жол белгілерін білеміз бе?

I. Жол белгілері – көлік қозғалысын реттеп, көлік жүргізуі мен жаяу жүргіншіге ақпарат беру мақсатында жол бойына қойылатын арнайы белгілер. Жол белгілері 7 топқа бөлінеді:

- 1) ескерту белгілері;
- 2) басымдылық белгілері;
- 3) тыйым салу белгілері;
- 4) міндеттеу белгілері;
- 5) ақпараттық-көрсеткіш белгілері;
- 6) қызмет көрсету белгілері;
- 7) қосымша тақтайшалар.



II

Қылышта, жол шетінде, бұрышта
Түрлі-түрлі белгілер бар тұратын.
Жүресің бе, жүрмегенің дұрыс па?
Не істеу керек? Соған қарап ұғасың.
Қызыл шеңбер ішіндегі таңбалар
Әлденеге қатаң тыйым салады.
Өмірінді қорғауға олар арналар,
Білмеген жан өкінішке қалады.
«Мына жерге кірмегенің жөн», – дейді,
«Мына жермен жүрмегенің жөн», – дейді.
«Кері бұрыл, тоқтама не бұрылма,
Сонда саған ешбір қауіп төнбейді».
Белгілердің мәнін білу – мықты күш,
Келесің – шеті қызыл ұшбұрыш.
Бұл белгілер ескертеді, біліп ал,
Көңіл бөлмей өтіп кетпе тып-тыныш.
Қылыш па, бұрылыс па алдында,
Темір жолға таяп әлде қалдың ба?
Өзен бар ма, көпір бар ма, ор бар ма?
Мекені ме жабайы аң мен малдың да?
Соның бәрін біліп ал да, абай бол,
Сенің аман жүргенінді қалайды ол.
Белгілердің сырын еске сақтап ал,
Болашақта жүресің ғой талай жол.

- ❓ 1. Кандай түстер мен боялған жол белгілерін білесіндер?
2. Не себепті олардың түстері әр түрлі?
3. Қай жол белгілері жиі кездеседі?

💡 **284-жаттығу.** 1. Суреттерде қандай отбасылық мереке бейнеленгенін айтындар. Суреттер бойынша сыныптастарыңа сұрақтар дайындаңдар.

Тірек сөздер: сәби, бесікке бөлеу, бата беру, той, балаңыздың бауы берік болсын.

Бесікке салу



2. Мәтінді оқындар. Негізгі және қосымша ақпаратты анықтаңдар.

Шілдехана – жаңа туған нәрестенің құрметіне жасалағын ойын-сауық, той. Жастар жиналып, ән салып, домбыра тартып, ән-жыр айтады. Сол күні баланы шілде сүйна шомылдырып, суға сыңғырлаған тыындар салады, балаға денсаулықпен бірге байлық та тілейді.

Бесікке салу. Бесік – қасиетті, киелі, құтты мұлік, сәбидің алтын ұясы болып есептеледі. Бесікке салу елдегі жолы үлкен, тәрбиелі, өнегелі әжелерге, әйелдерге тапсырылады. Ол бесікті от пен аластанап, баланы бесікке бөлейді. Бесіктің түбегі орналасқан жерден кішкене бұршак тәрізді тоқаштар өткізіледі, оны «тыштырма» деп айтады. Бесік үстіне жеті түрлі қадірлі таза зат қойылады. Бесікке салған адамға бесікке салар, яғни, кәделі сый беріледі. Осындағы қуаныш үстінде «Бесік жыры» айтылады:

Айыр қалпақ киіспі,
Ақырып жауға тиіспі,
Батыр болар ма екенсің?
Бармақтарың майысып,
Түрлі ою ойысып,
Шебер болар ма екенсің?
Тандайларың тақылдан,
Сөзінді жұрт макулдан,
Шешен болар ма екенсің?..

(Сейіт Кенжесеахметұлы)

 Мәтіндегі тірек сөздерді анықтап, бірнешеуіне дыбыстық талдау жасандар.

Мәтіндегі қою қаріп пен берілген сөздерді «Тұсіндірме сөздік-тен» тауып, мағынасын түсіндіріндер.

Оқылым мәтініндегі «Бесік жырында» балаға айтылатын тілек сөздерді «Тұжырымдамалық кестеге» жазыңдар. Батыр, шебер, шешен болу үшін не істей керек?

Бесік той туралы мәтінді (тр3) тыңдал, туыстық атауларды теріп жазыңдар.

 **285-жаттығу.** Мәтінді оқып, негізгі және қосымша ақпаратты анықтандар. Өздерің билетін ақпаратпен толықтырыңдар.

Тұсай кесер

Тұсай кесер – сәбиді қаз тұрғанынан кейін «тез жүріп кетсін!» деген тілекпен жасалатын ғұрып, ырым. Ол үшін арнайы ала жіп дайындалады. Тұсауы кесілген баланы қолынан ұстап тез жүгіртеді, шашу шашады.

Тұсауынды кесейін,
Күрмеуінді шешейін.
Қаз, қаз, балам, қаз, балам,
Қадамынды жаз, балам!
Қадам бассан, мәз болам.
Тағы-тағы баса ғой,
Алты қырдан аса ғой.
Қаз, қаз, балам, қаз, балам,
Тақымынды жаз, балам,
Қаз баса ғой, қарағым,
Құтты болсын қадамың!

– деп тұсай кесер жыры айтылады.

(«Қазақ салт-дәстүрлері» жинағынан)

-  1. «Тұсай» деген сөздің мағынасын түсінесің бе?
2. Тұсай кесу үшін неге ала жіп алынады?
3. Ала жіптен басқа немен кесуге болады?
4. Тұсай кесу үшін баланың ата-анасы қандай адамдарға қолқа салады?






Денгейлік тапсырмалар: Венн диаграммасын толтырыңдар.

Шілдехана

Тұсау кесер



286-жаттығу. Мәтінді оқып, түсініктерінді өз сөздерімен жазыңдар.

Ендігі бір аз ғана әңгіме – біздің тіліміз, сөз саралай білуіміз жайында. Бұл – үлкен мән беретін мәселе. «Жеке сөздерде не тұр?» дегендей селқостық бізде болмауға тиіс. Тіл – қарым-қатынастың негізгі құралы екені рас болса, оның мінсіз, мұлтіксіз болғаны, аспаһани қылыштай қылпып тұрганы, өз орнын тауып, өз жұмысын мұлтіксіз атқарып тұрганы жақсы.

Бүгінгі ұрпақ тіл тазалығы, сөз түзулігі үшін айрықша жауапкер екенімізді естен шығармайық.

(Ә. Жемішев.)



287-жаттығу. Мәтінді оқып, мазмұнын әңгімелендер.

Таңғы көрініс



Қоян жылды. Тамыз айының басы. Күн жылды, тымық. Қарағайлы, бұлақты әсем Ереймен тауының бауыры белуардан келген қалың шөп. Шыққа малынып, бусанып тұнып тұр. Таңғы үйқыдан оянған құс атаулы кең даланың әр тұсында – өз мекенінде, өз көлінде масайрап, бір-біріне дыбыс бере бастаған. Қаңқ еткен қаз даусы, сызылған аққу, шыңқ өткен өгіз шағала, барылдаған үйрек үні таза ауада анық естіледі.

Сабағы қатқан биік сыйбызы аралас миялы беткейден күн көтеріле аспанға тік атылып, қанаттары жыбырлап, шыр-шыр етіп сайраған бозторғайлар жаздың соңғы күндері жырлайды. Шық басқан алқаптың қалың шөбі күн көзіне шағылысып, жаппай меруерт таққандай жылт-жылт етеді.

 **288-жаттығу.** Мақал-мәтелдердің ауызекі сөйлеу тіліне жаттындарын бір бөлек, жазба тілге қатыстыларын екінші бөлек топтап көшіріндер және ой-пікірлерінді дәлелдендер.

Көп сөз – көмір, аз сөз – алтын. 2. Тіспен түйгенді тіл шешеді. 3. Сөз – сиқырлы құрал, жақсыны да, жаманды да жасай алады. 4. Ой қаруы – тіл, тіл қаруы – сөз. 5. Құнды сөз құнарлы ойдан туады. 6. Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді. 7. Жақсы сөз – жан азығы. 8. Білімдіден шыққан сөз талаптыға болсын кез. 9. Қарумен жеңіп алған жер тұрақсыз, қаламмен жеңіп алған ел мәңгілік.

 **289-жаттығу.** Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қою арқылы мақал-мәтелдерді қалпына келтіріп жазындар.

Аға буынның білгені – іні буынға білім. Білім жолы – қыын жол. Ғылым жолының, оқу-ілімнің осындағының білген қазақ «Оқу...» деп бағалаған. Өнер сияқты білім де өзінен-өзі келмейді. Әрбір табыс, жеңіс сияқты білім де ерінбей еңбектенумен, тіпті ерлікпен жеңіп алуды қажет етеді. «Оқусыз ... , білімсіз ...», «Оқи ... көкейіне ... біледі», «Білмегенінді кісіден ... , үлкен білмесе, ... » дейтін мақалдардың мазмұны саған саяды.

Ақыл-мінездің нышаны – ата-анадан. Соңдықтан да халық әр нәрсе тегіне тартады дейді. Бірақ ақыл-мінездің баламен бірге туғанмен, жүре жетіледі. Дәннің өсіп-өнуі топырағына, күтіміне байланысты болатын сияқты, бала ақыл-есінің қалыптастасуы да өскен ортасына, алған тәрбиесіне байланысты. Соны байқаған халық «Ұлың

өссе – ұлы үлгілімен ... , қызың өссе – қызы үлгілімен ... » дейді.

Ақыл көп көрумен, үлгі-өнеге алумен, окумен толысады. Сондықтан халық «Атың барда желіп жүріп, асың барда беріп жүріп», «Ел аралаған сыншы ... , тоғай аралаған үйші ...» дейді.

(«Халық даналығы» кітабынан)



290-жаттығу. Мәтінді оқындар.



Улкенге ізет білдіру біздің тәрбиеміздің алтын тіні болатын және де ата-ананың ақ батасының қандай іске болса да кірісу тіпті ақылға қонбайтын нәрсе еді. Бұл біздің ұрпақтың бойына сіңген қасиет еді. Ол біздің қанымызға құртақандай кезімізден бастап сіңген. Әкем: «Улken кісіні көрсөң, оны танысаң да, танымасаң да алдымен сәлем бер», – деп өсиет айтудан жалықпайтын. «Ассалау мағалейқум!» – деп сәлем бергенде кісілердің жүздері жадырап сала беретін есімде. Бұған жауап беретін де, міндетті тұрде: «Шырағым, кімнің баласысын?» – деп сұрап еді.

Мынадай да әдет-ғұрып бар болатын. Егер ұзақ уақыт алыс сапарда болып, ауылға қайта оралсаң, өз үйіңе кірерден бұрын сол ауылдың ең жасы үлкен тұрғынына сәлем беріп, батасын алу міндетті еді. Бәлкім, мұның бәрі біреулерге ұсақ-түйек, елеусіз нәрсе болып көрінген. Бірақ

ата-бабалардан қалған мұндаі әдет-ғұрыпқа жүрттың бәрі қашан да тақ тұратын. Балалары ата дәстүрін сақтаса, оларды әрбір әке мақтаныш тұтатын...

(«Халық даналығы» кітабынан)

 **291-жаттығу.** Мәнерлеп оқындар.

Мен Үмбетәлі ақынмен алғаш рет жүздескенде, құйылып тұрған асыл сөздің сарқылмас бұлағын көргендей болдым. Таң атқанша бір сөзін қайталамай, төрт аяғын тең басқан жорғадай ағып отырушы еді. Үні құлаққа жағымды, сөзі ойға қонымды, кілең асыл-гауһар сөзден шашу шашып, майда сазымен тыңдаушысын өзіне мулде табынтып, ұйытып алып, қорғасындей балқытып қоюшы еді-ау Жетісудың бұлбұлы. Нақыл сөздерді де термелетіп төгетін еді.

Сөзден сөз туып, ойдан-ойға терендерген сайын, мен білмеген, сезбеген әсемдік, сұлулық дүниесімен бетпебет жүздескендей болушы едім. Риза болмаған, алғысын айтпаған кәрі-жас қалмайтын.

(A. Тоқпанов.)

 **292-жаттығу.** Суретте көрсетілген төрт түлік малға қарап, олардың әрқайсысын төлінен бастап өсу ретімен атап көрсетіндер және сол атауларды үйреніп алындар.

Үлгі: құлын, тай, дөнен, бесті, ат.





293-жатығу. Батаны көшіріп жазындар. Ұяң дауыссыз дыбыстардың астын – бір, қатаңың астын – екі, үндінің астын үш сзызындар.

Айтқаным әділ болсын,
Тілегің қабыл болсын.
Жортқанда жолың болсын,
Қыдыр шылауында болсын.
Дұшпаныңа киелі бол,
Халқыңа иелі бол.
Өзіңе өмір берсін,
Айтқан сөзің әрдайым
Осылай жүйелі болсын.



Бата туралы не білесіндер? Ол қандай жағдайда, не үшін беріледі? Әдетте батаны кім береді?

Өздерің билетін баталарыңды айтындар.
«Қыдыр» сөзінің мәнін түсіндіріндер.



294-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазындар.

Жоғарыда – алқара көк аспан, төменде – құлама құз, сәмбіл тал тоғайы, шырғанақ жыңғылы, пыр-пыр етіп ұшып-қонған қырғауыл. Қырғауылдың қоразы үшқанда әуеде лапылдан от жанып бара жатқандай. Кекіліктің ма-засыз, таусылмас қақылақтауы. Сарқырама судың толас-сыз үні. Айсыз қараңғы түндегі жәудір жүлдыштар. Жез қоңыраулы ақ тайлақ. Біресе жақындан келіп, біресе алыста-тап кететін арман сияқты ат тайлак.

(Ш. Мұртаза.)



295-жаттығу. Суретте не бейнеленген? Бұл құстың тіршілігі, ерекшелігі туралы не білесіндер? Осы құс туралы айтылатын



турақты тіркестерді, мақал-мәтеддерді естеріне түсіндіріндер, мүмкіндігінше соларды кіристіріп мәтін құраңдар. (Мәтінді әнгіме, диалог, хабарлама, суреттеме түрінде де құрауға болады.)

МӘТІН

 Мәтін – «байланысу, бірігу» деген мағынаны білдіретін сөз. Ол сөйлегенде, жазғанда пайда болады да, қажетті бір тұтас ойды аяқтайды.

Ауызекі сөйлеуге қатысты мәтіндер мен жазбаша мәтіндердің өзгешелігі болады. Ауызекі сөйлегенде тақырыптар көбінесе қунделікті өмірдің тәжірибесінен алынады. Оның берілу формалары мен сөйлем құрау жүйесінде ерекшелік орын алады. Мысалы, кейбір сөздердің айтылмай түсіп қалуы немесе «жоқ», «иә» деген сөздердің қосақталып журуі кездеседі. Ауызша сөйлеген кезде мәтін қысқа болуы, мазмұны толық айтылмауы мүмкін.

Жазбаша мәтін құраудың жауапкершілігі мол. Мәтін мазмұнын ашатын әрбір сөзді асықпай ойланып, талғап жұмсауды қажет етеді. Тақырыбының өзі алдын ала таңдалады, тақырыпты ашатын және негізгі идеяны беретін сөздер сараланып жұмсалады. Мәтіндегі ойдың берілу тәсілдері: әңгімелеу, баяндау, сипаттау, талқылау, мінездеу т.б.

Мәтіннің тақырыбы болады. Мәтін сөздерден, сөйлемдерден, абзацтардан тұрады.

Мәтін әр түрлі мазмұнға құралады. Онда оқиғалар хабарланады, баяндалады, әңгімеленеді, құбылыстар сипатталады, суреттеледі.

Мәтінге газет-журнал материалдары, өлең шумактары, оқулықтағы ережелер мен әр түрлі тақырыптағы сөйлесулер жатады.

296-жаттығу. Оқындар.

Осы сөйлемдердің жиынтығын мәтін деуге бола ма? Қанша сөйлемнен құралған? Сөйлемдер бір-бірінен мағыналық жағынан байланыса ма, қалай ойлайсындар?

Мұнда неге сипаттама берілген? Бұл сөйлемдер жиынтығы жазып қалдырған ғылыми зерттеу ме, әлде ауызша айтылған әңгіме ме?

Казақ тілі түркі тілдерінің ішіндегі ең таза, әрі бай тілге жатады.

Казақтар – шешен әрі әдемі сөйлеудің үлкен шебері. Казақтардың халық әдебиеті аса бай, әрі жан-жақты (*П.М. Мелиоранский*).

Казақ даласы ән салып тұр. Қазақтың алты жасар баласынан алпыс жасар қартына дейін жанынан өлең шығарады. Шешендік өткір тілмен сөйлей біледі (*Н. Потанин*).

 **297-жаттығу.** Мәтінді оқып, онда баяндалған оқиғаларды анықтаңдар.

Түркі қагандарының (хандарының) бірі өзінен бірнеше жыл ілгеріде өткен ұрысты талдап үйренбекші болған, сөйтіп сол ұрыс болған жылды анықтаған кезде жаңылысқан. Сол мәселе жайлы хан халқымен кеңесіп, құрылтайда (жиналыста): «Біз бұл тарихты анықтағанда қалай қателессек, біздің келешек үрпақтарымыз да со-лай қателеседі. Сондықтан біз енді әрбір жылға бір ат қояйық, бізден кейінгі жыл қайыру жылдардың айналысымен есептелсін», – депті.

Сол оймен хан аңға шығады да, барлық жабайы хайуандарды Іле өзеніне қарай қууды бұйырған. Бұл – ағысы қатты үлкен дария. Адамдар аң аулай жүріп, хайуандарды Іле өзеніне қарай қуады. Бірқатар хайуандар суға секірген. Солардың он екісі судан жүзіп өтеді. Сөйтіп, ең алдымен тышқан жүзіп өткен. Сол үшін жыл басы соның атымен аталып, тышқан жылы деп ат қойылған. Одан кейін судан өткендер төмендегі ретпен шығып, олардың әрқайсысы бір-бір жылдың аты болып қалыпты: сиыр жылы, барыс жылы, қоян жылы, ұлу жылы, жылан жылы, жылқы жылы, қой жылы, мешін жылы, тауық жылы, ит жылы, доңыз жылы.

M. Қашқарі.



Мәтінге тақырып қойындар.

Мәтіннің авторы туралы ата-аналарынан, мұғалімнен сұрандар.

Тірек сөздерді табындар. Іле өзенін картадан көрсетіндер.



Бұл мәтін аныз әңгімеге жата ма? Әлде тарихи оқиғаны баяндаған ғылыми шығарма ма?



298-жаттығу. Мәтінді түсініп оқындар.

Науайдың әлем әдебиетіндегі орны

Науай өз дәуірінің әдеби дәстүрі бойынша бірқатар өлеңдерін парсы тілінде де жазған. Науай түркі тілі әдеби тіл бола алатынын іс жүзінде дәлелдеу үшін ескі өзбек тілінде көлемді еңбектер жазған. Ол өте қысқа мерзімде, небәрі екі жыл ішінде (1483–1485) «Хамса», «Бес кітап» тобына жататын «Хайрат-ул-аброр», «Жақсылардың таңдануы», «Фархад пен Шырын», «Ләйлі-Мәжнұн», «Сабъай сайёр» («Жеті әлем»), «Садди Искандар» («Ескендір қорғаны») дастандарын жазады. Низами, Дехлави, Жәми сияқты шығыстың ұлы шайырлары өз «Хамса» кітаптарын араб яки парсы тілінде жазған еді. Ал, Науай әлемді таңдандырган – ол өз «Хамсасын» – түркі – шығатай тілінде жазады. Сөйтіп, Науай тарихта тұңғыш рет түркі тілінде көркемдік дәрежесі мейлінше жоғары шығармалар жазуға болатынын дәлелдеп шықты. Ол түркі-шағатай тілінде «хәмсә» жырлар тобына енетін «Жақсылардың таңдануы» (1483), «Фархад пен Шырын», «Ләйлі мен Мәжнұн», «Жеті әлем» (1484), «Ескендір қорғаны» (1485) атты шығармаларын жазды.



(«Нұрлы жол» газетінен.)

БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ ЖӘНЕ ОНЫ ТАЛДАУ

ОҚУ ЖЫЛЫ СОҢЫНДАҒЫ ҚАЙТАЛАУ

БІЛІМІНДІ СЫНА

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын да-мытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Соның ішінде қазақ тілі мен әдебиетінің алатын орны ерекше. Осы ретте, оқушыға халықтың қоғамдық өмірін, арман-мұддесін танытуда, оларға идеялық-саяси, рухани-адамгершілік, этикалық-эстетикалық т.б. тәрбие беруде, дүниеге көзқарасын, мінезін, жалпы мәдениетін қалыптастыруды көркем әдебиетті қуатты құралдардың бірі ретінде пайдалану – әдебиет пәннің басты мақсаты болып есептелсе, тіліміздің өзіндік қалыптасқан нормаларын, жалпы айтқанда грамматикасын үйрету – қазақ тілінің басты міндеті болып табылады.

Оқу сауаттылығына білім алушының жазба жұмыстарды түсінуі және оларға рефлексия жасауы, өзінің мақсаттарына жету жолында олардың мазмұнын пайдалана алуы, білімінің дамуы және қоғамдағы өмірге белсене қатысу мүмкіндігі жатады. Оқығаның өмірлік мақсаттарға қолдана алу түсінігі мен қабілеті бағаланады.

PISA тесті оқу сауаттылығы бағытында алдыңғы қатардағы халықаралық сарапшылар қажет деп таныған мектеп түлегінің алған білімін сәтті жүзеге асыруы және шынайы өмірде қолдана алу құзыреттіліктерін белгіледі. Оқу сауаттылығын бағалау үшін білім алушыларға берілген мәтіндегі материалдарды салыстыру, автордың ойын аңғару, жауапқа дайындалу барысында нақты дәлелдемелер табу ұсынылады.

Мәтін, жағдаят және сұрақ – оқу сауаттылығын бағалаудың З негізгі өлшемі. Оқуға арналған материалдар әр түрлі форматта көрсетілген, атап айтқанда, көркем әдебиет және ғылыми танымал мәтіндер, ресми құжаттар, қоғамдық маңызды жағдайлар туралы мәлімет, кестелер, графиқтер, диаграммалар мен карталар форматында.

Осылайша «білім алушылардың функционалдық оқу сауаттылығы» бағытында зерттеу әдістемесі тек қана оқуды емес, сонымен қатар адамның мәтінмен қатаинасының жеке аспектілерін қарастырады. Бәрінен бұрын, жеке хаттарды оқуды енгізетін өз мақсаттары үшін оқу, көркем әдебиетке қызығушылық пен әр түрлі ақпараттық мәтіндер мен нұсқауларды есепке алады.

Мәтіндерінің шынайылығы (өмірдегі мысалдар) PISA тестерінің ерекшелігі болып табылады. Зерттеудің осы бағыты бойынша тест сұрақтары ретінде көркем мәтіндер қолданылады.

ОҚУ
САУАТТЫЛЫҒЫ
Мәтінге сүйену
Мәтіннен тыс бөлімге сүйену

Табу және үзінді келтіру
Кіріктіру және түсіндіру
Мәтін мазмұны
Мәтін түрі
Ұғыну және бағалау

1-сурет – PISA / функционалдық оқу сауаттылығы

Мәтін №1 «ЕМ»

Демалыс күндерінің бірі. Барлығымыз серуенге шықтық. Тап-таза ауаны жұтып, құстардың түрлі-түрлі сайраған үндерін естіп, көніліміз көтеріңкі. Балалар әр нәрсені сұрап, соларға жауап беріп келе жатқан болатынбыз. Маржан қарағайда шор болып қатып қалған хош іісті шайырдан опырып алып иіскеп тұр. «Әке мына шайырды қарағайға кім жақты?» — дейді. «Балам, бұл шайыр ағаштың өзінен шықкан ғой. Демалуға келген,



табиғатқа жаны ашымайтындардың кеселінен болған жара ма, кім білсін. Қалың шөптің арасында жоғалтып алғатын болған соң, біреу ағашқа пышақ шанышқан. Пышақты сұрып алғаннан кейін, әлгі жараланған жерден хош иісті шайыр ағып, жараны бітеп, емдеген. Қарағым, ағаш екеш, ағаш та өзін-өзі емдейді. Сендер еш уақытта мұндай іс істемендер, – деді әкесі.

Сұрақ 1: Ем

Әкесінің: «Қарағым, ағаш екеш, ағаш та өзін-өзі емдейді. Сендер еш уақытта мұндай іс істемендер», – деген сөзді айтуының мәнісі неде?

Сұрақ 2: Ем

Бүгінде заман талабына сай пышақсыз ота жасауға бола ма?

Сұрақ 3: Ем

Ретімен жазып сәйкестендір

1. Есептік сан есім
Екінің бірі ән айтады
2. Реттік сан есім
Бес – алтыдан бөлінді
3. Жинақтық сан есім
Бесеуі жолға шықты

4. Болжалдық сан есім

Бір сағат өтті

5. Топтау сан есім

Жетпістей адам келді

6. Бөлшектік сан есім

Екінші үйде тұрады

Дауысты дыбыстар

Сұрақ: Неліктен дауысты дыбыстар (түсіндір)

1) тілдің қатысына қарай жуан және жіңішке болып бөлінеді.

2) жақтың қатысына қарай ашық және қысаң болып бөлінеді.

3) еріннің қатысына қарай еріндік және езулік болып бөлінеді.

Мәтін № 2 Дегелендегі жарылыс

— Айтуар! Айтуар! Ананы қара! Дегелен җактан саңырауқұлақ шықты. Қара! Қарасаңшы! Саңырауқұлақтың үлкені-ай! Қып-қызыл от... Жалын... Күннен де жарық... Қара, қара деймін! Күн көрінбей қалды. О-охо-хо! Қызыл күн... Қызыл күн шықты... — деп Қажымұрат жартасқа жабыса айғайлайды. Бірақ мен жартас қуысына кіріп, қорыққаннан көзімді тарс жұмып, жер бауырлап жата бердім. Тұла бойым дірілдеп, менімен бірге бүйірімдегі қара жер де солқылдады. Маңайды дүріл басып, бетті жалын жалап, төніректі жай отындей сөүле шарпыды. Шілде айының аптабынан да ыстық, күшті дауыл тұрды. ... Сол

жылы құзде үздік оқитын Қажымұрат мектепке келмеді. Соқыр болып қалған оны әке-шешесі Алматыда емдегуге көшіп кетіпті.

- A) Қара жер қандай күйге енді?
 - B) Жылады
 - C) Солқылдады
 - D) Қайғырды
 - E) Еніреді
- Дұрыс жауабы: B) Солқылдады

Жартас қуысына тығылған баланың аты кім?

- A) Қажымұрат
 - B) Айтуған
 - C) Алпамыс
 - D) Айтуар
- Дұрыс жауабы: D) Айтуар

Төңіректі қандай сәуле шарпыды?

p\c

Мәтін

Иә

Жоқ

1. Қажымұрат өзінің соқыр болып қалғанына кінәлі ме?
2. Айтуарды қорқақ деп санайсыз ба?
3. Сәуле мен дауылдың ортасында байланыс бар ма?

Сеніңше, Қажымұраттың сауығуына мүмкіндігі бар ма? Жауабыңызды дәлелмен келтір.

Казіргі таңда атом станцияларының салынуына сенің көзқарасың қандай?

Мәтін № 3 Тұмау

Қыстың суық күндерімен қосылып бізге тағы бір қауіп келеді – ол тұмау. Бұл өте қауіпті, жүқпалы ауру, вирус арқылы жүғады. Басқа жүқпалы ауруларға қарағанда тұмау өкпенің қабынуына, отит, гайморит, жүрек ауруларына және жүйке ауруларының асқынуына әкеліп соқтырады.



Өкінішке орай, біз әлі тұмауға қарсы шара қолдануды үйренген жоқпыз. Бірақ, интерферон, ремантадин, ликопид, амиксин, арбидол, афлутон дәрілерінің өте пайдалы екенін білдік. Бұл дәрілердің бәрінің вируска қарсы емдік касиеттері бар. Тұмаудан қорғанудың бірден-бір жолы – егу. Ресейдің «Гриппол», француздың «Ваксигрипп» компаниялары тұмауға қарсы 11 түрлі дәрі-дәрмек ұсынды.

- Тұмау қай кезде қозады?
 - Жаз айында
 - Ауа райының суық кезінде

- С. Жаздың қапырық кезінде
- Д. Жауын- шашынды күндөрі

Дұрыс жауабы: В) Ая райының сүйк кезінде

- Бетпердені күніне неше рет ауыстыру керек?

Дұрыс жауабы: 8

- Тұмау кезінде қабынатын ағзаларды атаңыз:

Дұрыс жауабы: Өкпенің қабынуы, отит, гайморит, жүрек аурулары

Р\с
Мәтін
Иә
Жоқ

1. Тұмаудың алғашқы белгілері пайда болғанда дәрігер шақырту керек пе?

2. Бөлмені күніне 2 рет таза ауамен желдету жеткілікті ме?

3. Тұмау кезінде сұйықтықты ішуді шектеу қажет пе?

- Тұмауға қарсы екпені алу тиімді ме, тиімсіз бе?

• Жүқпалы тұмаудың жыл сайын жаңа түрлері пайда болуда. Сонда адамзаттың тұмауға қарсы күресі өз нәтижесін бермеді ме?

1. Тіл білімі салаларының ережелеріне сай жауаптарды торкөздерге жаз.

 – тіл білімінің сөз және оның мағынасын зерттейтін саласы

– тілдегі сөздердің формаларын сөзге қатысты грамматикалық мағыналарды тексеретін сала

 – тілдегі сөздердің өзгери тәсілдері мен күралдарын, сөз тіркестерін, олардың сөйлемге құралу заңдарын зерттейтін сала

 – тіл дыбыстары туралы ілім

2. **Дұрыс мәліметтер жайында** ✓ белгісін қой.

– Дыбыс және әріп бір нәрсені білдіреді

– Дыбысты таңбалашу үшін алынған белгіні әріп дейді.

– 8 әріп қазақ тіліне тән әріптер болып есептелінеді

– орфография сөздің дұрыс айту ережелері

3. **Қатардағы артықша жазылған сөздің үстінен сыйз.**

Алма, жұзім, анар, алмұрт

Кітап, дәптер, қалам, қайшы

Кесе, қазан, қасық, жастық

4. Шашылған сөйлемдерден «Кітапханада» тақырыбына диалог құрастырып.

– Маған «Бәтенкө, шұжық, балқаймақ»
өлеңін бересіз бе?

– Сәлем, Айнұр!

– Ала ғой Айнұр!

– Сәлеметсіз бе, кітапханашы!

– Рақмет сізге, апай!

– Оқасы жоқ, сау бол!

– Қай өлеңі керек еді?

– Сізде Әнүарбек Дүйсенбиевтің өлеңдері бар ма?

5. Берілген сандар туралы не білесіндер?

- 1 қаңтар – _____
- 8 наурыз – _____
- 21 наурыз – _____
- 9 мамыр – _____
- 1 қыркүйек – _____
- 1 маусым – _____
- 1 қазан – _____
- 8 желтоқсан – _____

6. Суретті сипаттап жазындар.



7. Сөздерді сәйкестендіріп, антонимдік жұп құрып жазындар.

куаныш	саяу	ауру	шашу	жинау	реніш
тез	ескі	жаңа	жас	кәрі	ақырын

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Абай*. Шығармалары. А., 2011.
2. *Абай*. Қара сөздері. А., 2012.
3. *Адамбаев Б.* Халық даналығы. А., 1996.
4. *Аймауытов Ж.* Шығармалары. А., 1999.
5. *Аханов К.* Тіл білімінің негіздері. А., 1993.
6. «Әріптер әлемінде» кітабы. А., 1997.
7. *Байтұрсынов А.* Тіл тағылымы. А., 1992.
8. *Байтұрсынов А.* Шығармалары. А., 1989.
9. *Байқабылов У., Дүйсебаева Д.* Қазіргі қазақ тілі. Т., 2013.
10. *Балақаев М.* Қазіргі қазақ тілі. А., 1996.
11. *Балақаев М.* Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. А., 1998.
12. *Бақбергенов С.* Ақ боз атты ару. А., 2001.
13. *Балаларға базарлық*. Энциклопедия. Құрастырылған Б. Жұматаев.
— Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2013.
14. *Бектұров Ш.* Қазақ тілі. А., 2006.
15. *Болғанбаев Ә., Қалиев F.* Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. А., 1997.
16. *Дәүлетбекова Ж., Рай Қ., Ш. Есмагамбетова.* Қазақ тілі. Сөз мәдениеті және шешендік. А., 2007.
17. *Жұнісбек Ә.* Қазақ фонетикасы. А., 2009.
18. *Жұмабаев М.* Шығармалары. А., 1989.
19. *Жылқыбай М.* Тауға саяхат. Әңгімелер жинағы. — Алматы, 2008
20. «Қазақ тілі энциклопедиясы» кітабы. А., 1998.
21. Қазақ салт-дәстүрлері. Құрастырылған Ж. Мұса. — Алматы, 2008.
22. *Мурсалимова А.* Қазақ тілін оқытуда жағдаяттық тапсырмаларды қолдану. А., 2017.
23. *Мырзабеков С.* Қазақ тілінің фонетикасы. А., 1993..
24. «Негеш» кітабы. А., 1995.
25. «Нұрлы жол» газеті. Т., 2010–2019 жж.
26. «Ол кім ? Бұл не?» кітабы. А., 1995.
27. *Омаров М.* Төртқұл дүние. А., 2011.
28. *Сагындықұлы Б.* Ғаламның ғажайып сырлары. А., 1997.
29. *Сейдімбек А.* Қазақ әлемі. А., 1997.
30. *Сейданов Қ.* Тұысқандар. Т., 2018.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
Кіріспе. Ана тілінің қызметі	5
Тіл туралы мәлімет	8
Өзбек тілі – мемлекеттік тіл	11
Жыл басындағы өткендерді қайталау. Дауысты дыбыстардың емлесі	19
Кейбір дауыссыздардың жазылуы	20
Бас әріп пен кіші әріптердің қолданылуы	21
Қосарлы дыбыстар	23
Буын	23
Сөз құрамы	25

Фонетика. Графика

Графика туралы түсінік	28
Тіл дыбыстары туралы түсінік	29
Дыбыстау мүшелері	31
Қазақ әліпбі	36
Қазақ әліпбіндегі әріптердің жазылуы	37
Дауысты дыбыстар және олардың түрлері	39
Жуан және жінішке дауыстылар	40
Ашық және қысаң дауыстылар	43
Еріндік және езулік дауыстылар	45
Дауыссыз дыбыстар және олардың түрлері	48
Буын	49
Буынның түрлері	51
Тасымал	53
Екпін және оның түрлері	58
Үндестік заңы туралы	59
Буын үндестігі (Сингармонизм)	61
Ерін үндестігі	62
Дыбыс үндестігі (Ассимиляция)	63
Ілгерінді ықпал	65
Кейінді ықпал	67

Тоғыспалы ықпал.....	69
Фонетикадан өткенді қайталу	71

Орфоэпия мен орфография туралы түсінік

Дауысты дыбыстардың емлесі.....	74
А, ә әріптерінің емлесі	74
О, ө әріптерінің емлесі	75
Ү, ұ әріптерінің емлесі	76
Ү әрпінің емлесі	78
Ы, і әріптерінің емлесі	79
И әрпінің емлесі	81
Я, ю әріптерінің емлесі	82
Ә, ё әріптерінің емлесі.....	83
Дауыссыз дыбыстардың емлесі	84
К, қ, ғ, ҳ әріптерінің емлесі	84
Б, в, ғ, ә әріптерінің емлесі.....	86
Ф, ц, ч, Ҙ, әріптерінің емлесі.....	87
Қосарлы дауыссыздардың емлесі.....	88
Айыру (ъ) және жіңішкелік (ъ) белгілерінің қолданылуы	89
Дауысты дыбыстар және олардың емлесі. Қайталу үшін сұрақтар	90
Дауыссыз дыбыстардың айтылуы және емлесі. Қайталу үшін сұрақтар	91
Буын және тасымал. Қайталу үшін сұрақтар	92
Фонетикалық талдау.....	94

Лексика. Сөз және оның мағынасы

Сөз және оның мағынасы	95
Сөздің тура және ауыспалы мағынасы	96
Бір мағыналы және көп мағыналы сөздер (Полисемия)	97
Омонимдер	99
Синонимдер	101
Антонимдер	103
Табу.....	104
Эвфемизм	105
Дисфемизм	105
Тұрақты сөз тіркестері.....	106
Тұрақты тіркестің ерекшеліктері.....	106
Идиомалық тіркес	107
Қазақ тілі фразеологиясы	108

Мақал-мәтелдер	112
Сөздік қор.....	115
Қазақ тілінің сөздік құрамы.....	117
Көнерген сөздер	118
Жаңа сөздер.....	120
Жалпылама лексика.....	121
Кірме сөздер.....	123
Диалект сөздер	124
Кәсіби сөздер	125
Термин сөздер	127
Лексикалық талдау	129

Пунктуация

Негізгі тыныс белгілері:	129
Қаратпа сөз және оның белгілері.....	135
Қаратпа сөздің тыныс белгісі	135
Төл сөз. Автор сөзі. Төлеу сөз.....	137
Төл сөз бен автор сөзінің байланысы	137
Төл сөз бен автор сөзінің орын тәртібі	138
Төл сөз бен автор сөзінің тыныс белгілері	138
Диалог және оның тыныс белгілері	142
Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш.....	145
Іс қағаздар үлгілері	146

Сөзжасам

Лексикалық жолмен жасалған туынды сөздер	156
Жүрнақтар жалғану жолымен жасалған туынды сөздер	157
Бірігу жолымен жасалған туынды сөздер.....	159
Қосарлану жолымен жасалған туынды сөздер.....	160
Тіркесу жолымен жасалған туынды сөздер.....	161
Сөзжасам бөлімін талдау.....	162
Тіл мәдениеті	164
Жастардың тіл мәдениетін дамытуға ата-ана қамқорлығы	164
Мәтін	175
Бақылау жұмысы және оны талдау	177
Оқу жылы соңындағы қайталау	177
Білімінді сына	178
Пайдаланылған әдебиеттер	187

Байқабылов, Ү.

Б 19 Қазақ тілі: Жалпы орта білім беретін мектептердің
5-сыныбына арналған оқулық / У. Байқабылов, Г. Нишанова,
М. Темирбаева. Үшінші басылым. – Т.: «О‘zbekiston», 2020.
– 192 б.

I. Байқабылов Ү.

ISBN 978-9943-01-734-4

УЎК 811.512.122(075)

372.881.1

КБК 81.2 Қоз-922

O‘quv nashri

U. Bayqabilov, G. Nishanova, M. Temirbayeva

QOZOQ TILI

*Umumiy o‘rta ta’lim maktabalarining
5-sinfi uchun darslik*

(Qozoq tilida)

Uchinchi nashri

Редакторы З. Абдиназарова

Техн. редакторы Л. Хижсова

Көркемдеуші редакторы Б. Зуфаров

Суретшісі Р. Зуфаров

Компьютерде беттеген Г. Құлназарова

Баспа лицензиясы АІ 15.8, 14.08.2009. Басуға 2020 жылы
6 июлде рұқсат етілді. Пішімі 60x90^{1/16}. Офсеттік қағаз. «Таймс»
гарнитурасы. Кеглі 12, 10. Оффсеттік әдіспен басылды. Шартты баспа
табағы 12,0. Баспа табағы 8,04. Таралымы 5766. Тапсырыс № 20-263.

«О‘zbekiston» баспа-полиграфия шығармашылық үйінде басылды.
100011. Ташкент, Науаи көшесі, 30.

Телефон: (371) 244-87-55, 244-87-20.

Факс: (371) 244-37-81, 244-38-10.

e-mail: uzbekistan@iptd-uzbekistan.uz

www.iptd-uzbekistan.uz

Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте

№	Оқушының аты, фамилиясы	Оку жылы	Оқулықтың пайдалануға берілгендеңі жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықты тапсырғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Пайдалануға берілген оқулықты оқу жылы аяқталғанда қайтарып тапсырады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау мөлшері негізінде толтырады.

Жаңа	Оқулықты алғаш рет пайдалануға берілгендеңі жағдай
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттеріне жазбаған және сыйзбаған.
Орташа	Мұқаба езілген, аздап қана сыйылған, шеттері жейілген, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдалануышы жағынан қанағаттанарлық жөнделген. Жұлынған, кейбір беттері сыйылған.
Нашар	Мұқаба былғанған, сыйылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мұлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сыйып, бояп тасталған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды

Байқабылов, Ү.

Б 19 Қазақ тілі: Жалпы орта білім беретін мектептердің
5-сыныбына арналған оқулық / У. Байқабылов, Г. Нишанова,
М. Темирбаева. Үшінші басылым. – Т.: «О‘zbekiston», 2020.
– 192 б.

I. Байқабылов Ү.

ISBN 978-9943-01-734-4

УҮК 811.512.122(075)

372.881.1

КБК 81.2 Қоз-922

O‘quv nashri

U. Bayqabilov, G. Nishanova, M. Temirbayeva

QOZOQ TILI

*Umumiy o‘rta ta’lim maktabalarining
5-sinfi uchun darslik*

(Qozoq tilida)

Uchinchi nashri

Редакторы З. Абдиназарова

Техн. редакторы Л. Хижсова

Көркемдеуші редакторы Б. Зуфаров

Суретшісі Р. Зуфаров

Компьютерде беттеген Г. Құлназарова

Баспа лицензиясы АІ 15.8, 14.08.2009. Басуға 2020 жылы
6 июлде рұқсат етілді. Пішімі 60x90^{1/16}. Офсеттік қағаз. «Таймс»
гарнитурасы. Кеглі 12, 10. Оффсеттік әдіспен басылды. Шартты баспа
табағы 12,0. Баспа табағы 8,04. Таралымы 607. Тапсырыс № 20-264.

«О‘zbekiston» баспа-полиграфия шығармашылық үйінде басылды.
100011. Ташкент, Науаи көшесі, 30.

Телефон: (371) 244-87-55, 244-87-20.

Факс: (371) 244-37-81, 244-38-10.

e-mail: uzbekistan@iptd-uzbekistan.uz

www.iptd-uzbekistan.uz